Үшіншіден, ЖИ құралдары мұғалімнің уақытын үнемдейді. Сабаққа арналған тапсырмалар дайындау, мәтіндерді аудару, тест құрастыру, оқушылардың жазба жұмыстарын тексеру сияқты күнделікті жұмыстарды автоматтандыруға болады. Мысалы, арнайы платформалар көмегімен мұғалім қысқа уақытта әртүрлі деңгейдегі жаттығулар мен тапсырмалар құрастырып, оларды оқушыларға ұсына алады. Бұл мұғалімнің шығармашылық жұмысына көбірек көңіл бөлуіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар, жасанды интеллект арқылы оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлуге болады. Дауысты тану функциялары бар бағдарламалар оқушының қазақша сөйлеуін тыңдап, айтылу қателерін көрсетіп береді. Бұл – тіл үйренудегі өте маңызды қадам. Оқушылар өз бетімен жаттығып, қателерін түзетуге мүмкіндік алады.

Алайда ЖИ құралдарын қолдану барысында мұғалімнің рөлі ешқашан төмендемейді. Керісінше, мұғалім – осы технологияларды дұрыс бағытта ұйымдастырушы, үйлестіруші тұлға. Жасанды интеллект тек көмекші құрал екенін естен шығармау қажет. Оны мақсатсыз пайдалану күткен нәтижеге жеткізбеуі мүмкін. Сондықтан әрбір мұғалім ЖИ мүмкіндіктерін педагогикалық мақсатпен ұштастыра білуі тиіс.

Орыс сыныптарында қазақ тілін оқытуда ЖИ қолданудың тағы бір артықшылығы – оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуы. Қазіргі балалар цифрлық технологияларға өте жақын. Интерактивті тапсырмалар, ойын түріндегі жаттығулар, онлайн тесттер арқылы білім алу олар үшін қызықты әрі ыңғайлы. Нәтижесінде оқушылар қазақ тілін қорқынышпен емес, қызығушылықпен үйрене бастайды.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект – қазақ тілін оқыту үдерісін жаңғыртудың тиімді құралы. Оны орынды пайдалану арқылы орыс сыныптарындағы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, сабақ сапасын арттыруға, білім беру процесін жеңілдетуге болады. Болашақта ЖИ технологиялары одан әрі дамып, білім саласында таптырмас көмекшіге айналары сөзсіз. Сондықтан әрбір мұғалім жаңа заман мүмкіндіктерін игеріп, өз тәжірибесінде батыл қолдануы қажет.

**ІСКЕНДІР АБЫЛАЙ ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ,**  
“Көмірші орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен”  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

---

**АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ  
БЕРІК ТІРЕГІ**

Егемен еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақты дамуы жас ұрпақтың отансүйгіштігі мен азаматтық жауапкершілігіне тікелей байланысты. Осы тұрғыда жалпы білім беретін мектептерде оқытылатын алғашқы әскери дайындық (АӘД) пәні жастарды Отан қорғауға тәрбиелеудің маңызды тетігі болып саналады.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің басты мақсаты – жасөспірімдерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет етуге моральдық, психологиялық және физикалық тұрғыдан даярлау. Сонымен қатар бұл пән оқушыларға бейбіт өмірде және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етудің негізгі қағидаларын үйретеді. АӘД – болашақ азаматтың өмірлік ұстанымын қалыптастыратын маңызды пәндердің бірі.

Сабақ барысында оқушылар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылымымен, әскери атақтармен, әскери жарғылардың негізгі талаптарымен танысады. Саптық дайындық элементтері арқылы тәртіпке бағыну, бұйрықты дәл орындау және ұжыммен бірлесе әрекет ету дағдылары қалыптасады. Бұл оқушылардың жауапкершілік сезімін арттырып, мінез-құлқының қалыптасуына оң ықпал етеді.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің маңызды бағыттарының бірі – азаматтық қорғаныс және алғашқы медициналық көмек көрсету. Табиғи апаттар, өрт, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде дұрыс шешім қабылдау, зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсету – әрбір азамат үшін қажетті өмірлік дағдылар. Бұл білім оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырады.

Пәннің тәрбиелік маңызы ерекше. Алғашқы әскери дайындық оқушыларды батыр бабалардың ерлігін құрметтеуге, ел тарихын бағалауға, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге тәрбиелейді. Жастардың бойында отансүйгіштік рух, ұлттық мақтаныш сезімі және ел алдындағы азаматтық борышты терең сезіну қасиеттері қалыптасады.


Бүгінгі таңда алғашқы әскери дайындық тек әскери қызметке бағыттайтын пән ғана емес, сонымен қатар жан-жақты дамыған, тәртіпті, жауапты және саналы тұлға қалыптастырудың негізі болып отыр. Бұл пән арқылы өскелең ұрпақ ел тағдырына бейжай қарамайтын, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін азамат ретінде тәрбиеленеді.


Қорытындылай келе, алғашқы әскери дайындық – ел қауіпсіздігін нығайтуға, жас ұрпақтың патриоттық санасын қалыптастыруға бағытталған маңызды пән. Отанын сүйетін, елін қорғай алатын саналы азамат тәрбиелеуде АӘД пәнінің орны айрықша.



**ЖАМИЕВА ЖАНАРХАН ПАЙЗУЛЛОВНА,**  
Дардамты орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Алматы облысы, Ұйғыр ауданы

### ДӘРІГЕРДЕ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2. 1. 3. 1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1-1,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау/сипаттау; 2.3.1.1 шағын мәтінді түсініп, мәнерлеп (дауыс ырғағын дұрыс қойып) , рөлге бөліп оқу			
Сабақтың мақсаты:	Материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, сюжетті сурет таңдайды, мәтінді рөлдерге бөліп оқиды			
Құндылықтарды дарыту	Заң және тәртіп. Әділдік және жауапкершілік			
<b>Сабақтың барысы</b>				
<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы (7 минут)	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі.</b> Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. <b>«Көбелек» жаттығуы</b> бойынша сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл-күй қалыптастырады. <b>Үй тапсырмасын сұрау</b></p> <p><b>Ұ) «Миға шабуыл» әдісі</b> арқылы жаңа тақырыпты жариялау. --Суреттерге қараңдар. Сұраққа жауап беріңдер. - Суреттегі кімдер? Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру</p>	<p><b>Көбелек</b> Таңертең көбелек оянды, тартылды, Қанаттарын бұлғады, терең тыныс алды, Азғана айналып, барлығына күліп, Қайта гүліне оралды. <b>Айтылым.</b> Үй тапсырмасын айтады.</p> <p><b>Болжау.</b> Сабақтың тақырыбын, мазмұнын сұраққа жауап беру арқылы болжайды.</p>	 <b>Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша! Өзара бағалау: «Өте жақсы», «Жақсы», «Талпын»</b>	<b>Суреттер</b>
Сабақтың ортасы (30 минут)	<p><b>1 Сөздікпен жұмыс.</b> <b>Жаңа сөздер:</b> <b>ауырады-болит-агриду емдейді –лечит-сақайтиду дәрі- лекарство-дора жөтел- кашель-йөтэл</b> Оқушыларды жаңа сөздермен таныстыру. Дұрыс айтуға жаттықтыру. <i>Ең көп/аз сөздерді жаттаған оқушыны бақылау</i></p> <p><b>2. Тыңдалым</b></p>	<p><b>Тыңдалым, айтылым.</b> Жаңа сөздермен танысады Жаңа сөздерді тыңдайды, оқиды, мұғалім соңынан қайталайды. <b>«Қара- жатта-айт» әдісі</b> Жаңа сөздерді сөздікке жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады</p>	<p><b>Критерий:</b> Материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп,</p>	

	<p><b>1 – тапсырма.</b> Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.</p> <p>Мақсаттың тісі ауырып отыр. Ол тіс дәрігеріне баруы керек. Ол дәрігерге келді. Дәрігер тісін емдеді.</p> <p><b>3.2-тапсырма.</b> Оқы. Сыныптасыңмен сөйлес.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сенің қай жерің ауырады?</li> <li>- Менің тамағым ауырады.</li> <li>- Жөтел бар ма?</li> <li>- Иә, бар.</li> <li>- Аузыңды аш. Кел, көрейін.</li> <li>- Жарайды.</li> </ul> <p>-Сен мына дәрілерді ішуің керек.</p> <p><b>«Дәрігерде» рөлдік ойыны.</b> Жұбыңмен сөйлес.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p><b>ЖИ</b> арқылы жасалған сергіту сәті</p> <p><b>4.3-тапсырма.</b> Суреттерге кара, біліп ал. Сұрақтарға жауап бер.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p><b>5. Дәптермен жұмыс</b></p> <p><b>Толықтырып айт.</b></p> <p><b>«Кім тапқыр?» ойыны.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тісің ауырса, .. бару керек.</li> <li>2. Тамағың ауырса, ... бару керек.</li> <li>3. Емделсең, .. жазыласың.</li> <li>4. Жазылсаң, ... барасың.</li> </ol>	<p><b>Тыңдалым/Оқылым</b></p> <p>Оқушылар мәтінді тыңдайды, оқиды. Мәтін бойынша сұраққа жауап береді.</p> <p><b>«Ыстық орындық» әдісі.</b></p> <p>1- сурет Бұл кім? Ол не істеп отыр? Ол кімге баруы керек?</p> <p>2-сурет Бұл кім? Ол не істейді?</p> <p><b>Оқылым. Айтылым.</b></p> <p><b>Жұптық жұмыс.</b></p> <p><b>Мәтінмен жұмыс.</b></p> <p><b>«Жұбыңды таңда» әдісі.</b> А-сыныптасымен диалогті рөлге бөліп оқиды</p> <p><b>В-С «Рөлдік ойындар» әдісі.</b> Сыныптасымен диалог құрып сөйлейді. Рөлдерге бөлініп ойнайды.</p> <p><b>Сергіту сәтін орындайды</b></p> <p><b>Айтылым.</b></p> <p>Сұраққа жауап береді, өз ойын айтады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Неге дұрыс, неге дұрыс емес деп ойлайсың?</li> <li>– Сен тісіңді қалай күтесің?</li> </ul> <p><b>(Ү) Айтылым. Жазылым.</b></p> <p><i>Берілген сөйлемдерді ойланып оқып, толықтырып жазады.</i></p> <p><b>Кері байланыс. «Саусақтар» әдісі.</b> Оқушылар тапсырманы қаншалықты түсінгендерін саусақтарының көмегімен білдіреді. 3 – мен түсіндім және досыма көмектесе аламын; 2 – мен түсіндім, орындай аламын; 1 – түсіндім, бірақ сұрағым бар.</p>	<p>сюжетті сурет таңдайды</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-мәтінді тыңдайды;</li> <li>-сұраққа жауап береді</li> <li>-сурет бойынша сипаттап айтады</li> <li>-тілдік нормаларды сақтайды</li> </ul> <p><b>Критерий:</b></p> <p>Мәтінді рөлдерге бөліп оқиды</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ тіліне тән дыбыстарға көңіл аударып мәтінді оқиды</li> <li>-рөлге бөліп оқиды</li> <li>-оқиға бойынша рөлдік ойын көрсетеді;</li> <li>Мұғалім ауызша комментарий береді.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-дұрыс/дұрыс емес ақпаратты түсіндіреді;</li> <li>– сұраққа жауап береді;</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p><i>толықтырып жазады</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сауаты жазады</li> </ul>	суреттер
Сабақтың соңы 3 минут	<p><b>Рефлексия. «Шуақты күн» әдісі</b> бойынша оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін, бүгінгі сабақта не үйренгендерін, білгендерін шуақты күндерге жазады.</p> <p><b>Үйге тапсырма: 9 бет 4-тапсырма.</b> Тірек сөздерді қолданып, сөйлемдер құрап жаз. Тірек сөздер: <b>дәрігер, көз, ауырады, емдейді.</b></p> <p>Бағалау. <b>Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды</b></p>			

КОШКАРОВА НУРГУЛ МАХАНОВНА,  
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Құттықожа ауылы  
№ 164 орта мектеп, Тарих пәні мұғалімі

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі жаһандану заманында тарих пәнінің басты миссиясы — тек даталар мен оқиғаларды жаттату емес, жас ұрпақтың бойында терең тарихи сананы қалыптастыру. Тарихи сана дегеніміз — өткенді түйсіну, бүгінгі күнді түсіну және болашақты болжай білу қабілеті. Бұл мақсатқа жетуде жобалық оқыту технологиясы (Project-Based Learning) ең тиімді құралдардың бірі болып табылады. Ол оқушыны пассивті тыңдаушыдан активті зерттеушіге айналдырып, тарихи шындықты өздігінен тануына жол ашады. Жобалық оқытудың басты ерекшелігі — оқушының «жас тарихшы» рөліне енуінде. Мұнда оқушы мұғалім берген дайын ақпаратты ғана қабылдамайды, өзіндік зерттеу арқылы жаңа білімді құрастырады. Мысалы, «Ашаршылық» немесе «Алтын Орда» тақырыбында жоба дайындағанда, ол тек оқулықпен шектелмей, мұрағат деректерімен, карталармен және тарихи жәдігерлермен жұмыс істейді. Осы зерттеу барысында оқушының бойында тарихи эмпатия, яғни сол заманның адамын, оның іс-әрекеті мен психологиясын түсіну қабілеті дамиды. Тарихи сананы қалыптастыру процесі бірнеше маңызды кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде оқушы алдына мәселе қойып, гипотеза ұсынады. Екінші кезеңде түрлі көзқарастағы дереккөздерді салыстыра отырып, ақпаратты сараптайды. Бұл оқушының бойында ғылыми дедукция мен индукция әдістерінің негізін қалайды. Үшінші кезеңде зерттеу нәтижесін өнім (макет, цифрлық карта, бейнеролик) түрінде рәсімдейді. Ал соңғы кезең — рефлексия мен қорғау барысында оқушы өз жұмысына қорытынды жасап, өзіндік тарихи көзқарасын бекітеді.

Жобалық әдістің тағы бір құндылығы — оның тұлғалық және азаматтық позицияны нығайтуында. Өлкетану немесе генеалогиялық жобалар (жеті атаны зерттеу) арқылы оқушы өзін үлкен тарихи процестің бір бөлшегі ретінде сезіне бастайды. Бұл «Менің кіші Отаным» түсінігінен бастап, жалпұлттық патриотизмге ұласатын сезімдерді оятады. Тарихты географиямен, әдебиетпен және цифрлық технологиялармен ұштастыру оқушының әлемді тұтас қабылдауына, тарихи фактілерді қазіргі өмірмен байланыстыруына көмектеседі. Жобалық оқытудың оқушы санасына әсерін одан ары тереңдетсек, бұл әдістің **сыни ойлау мен медиасауаттылықты** дамытудағы рөліне ерекше тоқталу қажет. Қазіргі ақпараттық соғыстар мен тарихи фактілерді бұрмалау белең алған заманда, оқушының кез келген ақпаратқа күмәнмен қарап, оны бастапқы дереккөздермен салыстыра білуі — тарихи сананың беріктігін көрсетеді. Жобалық жұмыс барысында оқушы «Бұл ақпаратты кім жазды?», «Ол қандай мақсатты көздеді?», «Деректер қаншалықты шынайы?» деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы аналитикалық қабілетін шыңдайды. Сонымен қатар, жобалық оқыту **пәнаралық интеграцияны** жүзеге асырудың ең тиімді жолы болып табылады. Тарихи оқиғаны зерттеу барысында оқушы математикалық есептеулер (демографиялық өзгерістерді талдау), географиялық білім (жер бедерінің стратегиялық маңызы) және филологиялық дағдыларды (тарихи мәтіндерді талдау) қатар қолданады. Бұл тарихты тек өткен күннің шежіресі емес, бүгінгі ғылым мен өмірдің негізі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай кешенді тәсіл оқушының интеллектуалдық көкжиегін кеңейтіп, оны жан-жақты тұлға ретінде қалыптастырады.

Жобалық әдістің тағы бір маңызды аспектісі — **әлеуметтену және коммуникация**. Топтық жобалар кезінде оқушылар ортақ мақсатқа жету үшін еңбек бөлінісін жасауды, өзара пікір алмасуды және ұжымдық шешім қабылдауды үйренеді. Тарихи тақырыптар төңірегіндегі пікірталастар оқушыларды өзгенің көзқарасына құрметпен қарауға, сонымен бірге өз ұстанымын бұлтартпас айғақтармен қорғауға баулиды. Бұл дағдылар демократиялық қоғамның саналы азаматын тәрбиелеуде өте маңызды. Сандық технологиялар заманында жобалық оқыту «**Digital History**» (**Цифрлық тарих**) бағытымен ұштасады. Оқушылардың тарихи оқиғалар туралы подкасттар жазуы, қысқаметражды деректі фильмдер түсіруі немесе тарихи тұлғалардың әлеуметтік желідегі парақшаларын модельдеуі — олардың пәнге деген мотивациясын жоғарылатады. Мұндай креативті жұмыстар тарихты «жансыз» даталар жиынтығынан «жанды» процесске айналдырып, оқушының жадында ұзақ мерзімге сақталуын қамтамасыз етеді.

Жобалық оқытуды жүйелі түрде енгізудің тағы бір маңызды қыры — оқушылардың **өзіндік рефлексия жасау қабілетін** дамыту. Тарихи сана тек ақпаратты игерумен шектелмейді, ол — сол ақпараттың адам өміріне, қоғамның дамуына қалай әсер еткенін сезіну. Жоба соңында оқушы «Бұл тарихи оқиғадан біз қандай сабақ алдық?» немесе «Егер мен сол кезеңде өмір сүрсем, қандай таңдау жасар едім?» деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы өзінің адамгершілік-құндылық бағдарын айқындайды. Бұл — тарихты «бөтеннің тарихы» емес, «өз тарихы» ретінде қабылдауға жеткізетін үлкен қадам. Сонымен қатар, жобалық оқыту мұғалімнің де **кәсіби шеберлігін жаңа деңгейге** көтереді. Тарих мұғалімі бұл процесте тек білім беруші емес, сценарист, режиссер және кеңесші ретінде атқарады. Ол оқушылардың қызығушылығын оятаын «проблемалық сұрақтарды» құрастыра білуі керек. Мысалы, «Неліктен Ұлы Жібек жолы тоқырауға ұшырады және оның қазіргі экономикаға әсері қандай?» деген сияқты ашық сұрақтар оқушыны терең ізденіске жетелейді. Осылайша, мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс нығайып, сабақ процесі екіжақты шығармашылық жұмысқа айналады.

Жобалық оқытудың нәтижелерін бағалауда да ескі сұрлеуден шығып, **критериалды жүйені** тиімді қолдану қажет. Мұнда тек соңғы нәтиже (презентация немесе макет) ғана емес, сонымен бірге оқушының ақпаратты қалай іздегені, топтағы жұмысы және тарихи деректерді талдау тереңдігі ескерілуі тиіс. Бұл оқушыны әділдікке баулып, оның еңбегінің құндылығын арттырады. Жоба нәтижелерін мектепшілік конференцияларда, музейлерде немесе әлеуметтік желілерде жариялау оқушының өз жұмысына деген жауапкершілігін арттырып, оның бойында «жас зерттеуші» деген мақтаныш сезімін ұялатады. Түйіндей келе, тарих сабағындағы жобалық оқыту — бұл болашақтың білім беру моделі. Ол оқушының зердесінде тарихи бейнелерді жаңғыртып, оның бойындағы ұлттық кодты сақтап қалуға қызмет етеді. Тарихи санасы биік, өткенін ардақтап, бүгінін бағалайтын ұрпақ қана тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін нығайта алады. Сондықтан жобалық оқытуды тарих пәнінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру — уақыт талабы және сапалы білім берудің басты кепілі.



**САРСЕМБАЕВА ЖАДЫРА КЕЛЬДЕБАЕВНА,**  
Атырау қаласы, №4. Ю. А. Гагарин атындағы орта мектебі  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Педагог-сарапшы

### ЖЫЛ САНАУ. «ЖЫЛ БАСЫ» (ЕРТЕГІ)

<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:</b>	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау			
<b>Сабақтың мақсаты</b> <b>Құндылықтар және оның мақсаты:</b> <b>Ай құндылығы: Әділдік және жауапкершілік</b>	Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды. Сабақ құндылығы: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру. Апта дәйексөзі: Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!			
	<b>Талап, білуге, жаңаны білуге құштар болу</b>			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері:	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс-тар
Басы 10 мин	<b>Шаттық шеңбер «Күннің көзін аш»</b> Қазір қандай сабақ? Әдебиеттік оқу сабағы бізді неге баулиды? Біздің бойымызда қандай жақсы қасиеттер бар? Әдепті бала қандай болады? Біз бәріміз қандаймыз?  <b>Топқа бірігу. «Оюды таңдау»</b> Интерактивті тақтадағы оюдың кез келген біреуін басады, астынан қай сан шықса. Сол топқа барып орналасады. Топтар: 1-топ. «Халық ертегілері» 2-топ. «Жануарлар туралы ертегілер» 3-топ. «Сықырлы ертегілер»  <b>Өткенді пысықтау</b> Үй тапсырмасы <b>«Нені үйрендім?»</b>	Оқушылар психологиялы қ ахуалын тудыру үшін жаттығу жасау  Топқа бірігеді	мадақтап отыру  Тамаша!  <b>Дескрипторы:</b>	АКТ  Слайд

	<p>Қазақ деген халықтың баласымын жазба жұмысын оқу.</p> <p>Жаңа тақырыпты ашу мақсатында «Алтын сандық» ойыны сұрақ-жауап. <b>Ертегі деген не?</b> <b>Ертегі</b> – қиял мен ойға негізделген қысқа әңгіме.</p> <p><b>Халық ертегілері туралы не білесің?</b> Халық ертегілері ауыздан ауызға таралған, авторы белгісіз. Кейіпкерлері көбінесе қарапайым адамдар немесе жануарлар. Мысалы: «Қоян мен Қасқыр», «Алдар Көсе».</p> <p><b>Сиқырлы ертегілерде қандай кейіпкерлер кездеседі?</b> Сиқырлы ертегілерде перілер, сиқыршылар, сиқырлы заттар кездеседі. Мысалы: «Сиқырлы айна», «Алтын балық».</p> <p><b>Жануарлар туралы ертегілерде кейіпкерлер не істейді?</b> Жануарлар туралы ертегілерде кейіпкерлері жануарлар, олар адам тәртібін бейнелейді. Мақсаты – тәрбие беру, мінезді көрсету. Мысалы: «Қасқыр мен қоян», «Түлкі мен ешкі»</p> <p>Сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттарын таныстыру.</p>	<p>Қазақ деген халықтың баласымын жазба жұмысын оқиды.</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады.</p>	<p>Қазақ деген халықтың баласымын жазба жұмысын оқиды. 16 ҚБ: бағалау шкаласы</p>	
<p>Ортасы 25 мин</p>	<p><b>Жаңа сабақ ЖИ тыңдау.</b> <b>Di-id платформасы</b> <b>Ертегі деген не? тыңдау</b> <b>Ұжымдық жұмыс.</b> <b>1-тапсырма.</b> Мәтінді оқы. Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжа. «Жыл басы» (Ертегі)</p> <p><b>«Асық» ойыны</b> <b>Сұрақтар арқылы талқылау:</b> 1. Ертегідегі басты кейіпкер кім? 2. Ол не істеді? 3. Қандай қиындықтарға кездесті? 4. Түйе неге құр қалыпты? 5. Осы оқиғадан біз қандай сабақ аламыз?</p> <p><b>Топтық жұмыс. 2-тапсырма.</b> <b>1-топ. Тапсырма:</b> Ертегіні маска театры арқылы саханалаңдар. <b>2-топ. Тапсырма:</b> Ертегіні текше арқылы саханалаңдар.</p>	<p>Ертегі туралы мәліметті тыңдайды.</p> <p>Ертегіні түсініп оқиды. Мәтіннің мазмұнын айтады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Топтар бірігіп тапсырманы орындайды.</p>	<p><b>Дескриптор:</b> Мәтінді оқиды. 16 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды. 16 <b>ҚБ:</b> 1-10 балдық жүйе</p> <p><b>Дескриптор:</b> Сұрақтарға жауап береді. 16 <b>ҚБ:</b> 1-10 балдық жүйе</p> <p><b>Дескриптор:</b></p>	<p>Слайд</p>

	<p><b>3-топ. Тапсырма:</b> Ертегіні саусак театры арқылы сахаландар.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p><b>Жеке жұмыс.</b> «Тостаған» әдісі <b>3-тапсырма.</b> Жыл он екі айдың қазақша атауларын ата. Жан-жануарлар мен хайуандардың суретін жылдары бойынша нөмірлеп шық.</p> <p><b>Жұптық жұмыс</b> <b>ФС. 4-тапсырма.</b> Мәтіннің негізгі ойына сәйкес сай келетін нақыл сөздер ойластыр.</p> <p><b>Саралау тәсілі:</b> «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады.</p> <p><b>Қарқынны жоғары оқушыға:</b> <b>ЕБҚ.</b> Мәтінге сүйеніп, әр жылды сипаттап айт. 1. Тышқан жылы – тапқыр, шапшаң, еңбексүйгіш жыл. (Тышқан жыл басын бірінші көріп, хабар берген. ) 2. Түйе жылы – баяу, сенгіш, сабырлы жыл. (Түйе бойына сеніп, құр қалыпты. ) 3. Қасқыр жылы – батыл, кейде даулы жыл. (Қасқыр жыл басында өз мүддесін қорғауға тырысады. ) 4. Қоян жылы – ақкөңіл, жылдам, қамқор жыл. (Қоян таласқа араласқан, бірақ даналықпен әрекет етеді. )</p> <p><b>Сабақты қорыту мақсатында</b> <b>«Аламан бәйге» ойыны арқылы тест</b> 1. Мүшел деген не? А) Жылдағы айлардың саны В) Халық дәстүрінде әр 12 жыл сайын қайталанатын цикл С) Жануарлардың саны 2. Тышқан жыл басын қалай көрді? А) Ең соңғы болып В) Тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. С) Құр қалып, ештеңе істемеді 3. Түйе неліктен құр қалыпты? А) Ол ұйықтап жатқандықтан В) Өз бойына сеніп, әрекет жасамағандықтан С) Басқа жануарлар жолын бөгеп қойғандықтан 4. Ертегіден қандай сабақ алуға болады? А) Жалқаулық пайдалы В) Әрекет пен тапқырлық маңызды С) Басқаларға сену жеткілікті</p>	<p>Жаттығу жасайды</p> <p>Жеке тапсырма орындайды.</p> <p>Жұптар бірігіп тапсырма орындайды.</p> <p>Ойын арқылы тест сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Ертегіні сахналап көрсетеді.2б <b>ҚБ:</b> 1-10 балдық жүйе</p> <p><b>Дескрипторы:</b> Жыл он екі айдың қазақша атауларын атайды. 16 Жан-жануарлар мен хайуандардың суретін жылдары бойынша нөмірлеп шығады.16 <b>ҚБ:</b> 1-10 балдық жүйе</p> <p><b>Дескриптор:</b> Мәтіннің негізгі ойына сәйкес сай келетін нақыл сөздер ойластырады. 16 <b>ҚБ:</b> 1-10 балдық жүйе</p> <p><b>Дескриптор:</b> Тест сұрақтарының дұрыс нұсқасын анықтайды. 16</p>	<p>Слайд</p> <p>Дидактикалық материалдар</p>
Соңы 10 мин	<b>Рефлексия</b>	Бүгінгі сабақта алған білімдері бойынша рефлексия жасайды.	Оқушылар 1-10 балдық жүйемен бағаланады.	Слайд

			
<p><b>Үйге тапсырма:</b> Ертегі бойынша 4-5 сұрақ құрастырып жазу. Ертегіні оқу, мазмұндау.</p>			



### САПАРБЕКОВА МАЙГҮЛ БАХБЕРГЕНОВНА,

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, №55 «Жеңістің 50 жылдығы» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кәсіптік бағдар беруші педагогы

## МАМАНДЫҚ ӨМІРДЕГІ НЫҚ ҚАДАМ

Адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі – мамандық таңдау. Бұл таңдау тек қандай жұмыс істейтінін емес, қалай өмір сүретінін, кім болып қалыптасатынын, қоғамда қандай орның болатынын анықтайды. Сондықтан мамандық – өмірдегі нық қадам. Өйткені осы қадам арқылы адам өз болашағына жол салады.



Мамандық – адамның өзін тануы. Әр адам белгілі бір қабілетпен, қызығушылықпен дүниеге келеді. Біреу есепке жүйрік, біреу сөзге шешен, біреу сурет салғанды, біреу техникамен жұмыс істегенді ұнатады. Сол қабілетті дұрыс бағытқа бұру – мамандық таңдаудың негізі. Өз ісін сүйетін адам ешқашан еңбектен қашпайды, керісінше, жұмысынан ләззат алады. Ал сүймейтін іспен айналысқан адам уақыт өте шаршап, өзіне де, қоғамға да толық пайдасын тигізе алмайды.

Қазіргі заманда мамандықтар әлемі өте кең. Технология дамыған сайын жаңа мамандықтар пайда болып, кейбірі өзгеріске ұшырап жатыр. Бұрын болмаған бағдарламашы, дизайнер, робототехника инженері, деректер талдаушысы сияқты кәсіптер бүгінде сұранысқа ие. Бұл жастардан тек білім емес, үнемі үйренуге дайын болуды талап етеді. Мамандықты бір рет таңдап, сонымен шектелу жеткіліксіз. Адам өмір бойы өзін дамытып, жаңа дағдыларды меңгеріп отыруы керек.

Мамандық таңдауда ең бастысы – жүрек қалауына құлақ асу. Ата-ананың, достың, қоғамның пікірін ескеруге болады, бірақ соңғы шешімді адам өзі қабылдауы тиіс. Себебі ол өмір бойы сол жолмен жүреді. Қызығушылық бар жерде еңбек те бар, ал еңбек бар жерде жетістік болады. Сонымен қатар, қоғамға қажетті мамандықты таңдау да маңызды. Себебі әр адам өз еңбегі арқылы елдің дамуына үлес қосады.



Мамандық – тек жеке адамның бақыты емес, тұтас елдің тірегі. Дәрігер халықтың денсаулығын сақтайды, мұғалім білімді ұрпақ тәрбиелейді, инженер жол салады, фермер елді асырайды. Әр мамандықтың өз орны, өз маңызы бар. Бір мамандықты артық, бір мамандықты кем деуге болмайды. Барлығы бір-бірімен байланысып, қоғамды алға жетелейді.

Өмір жолында қиындықсыз болмайды. Таңдалған мамандықта да кедергілер, сынақтар кездеседі. Кейде оқу қиын, кейде жұмыс ауыр, кейде нәтиже бірден көрінбейді. Бірақ табандылық танытқан адам ғана өз мақсатына жетеді. Қиындықтан қорықпай, әр қадамнан сабақ ала білген жан нағыз маман болып қалыптасады. Жастар – болашақтың иесі. Сондықтан әр жас өз өміріне немқұрайлы қарамауы керек. Мамандықты сән үшін емес, санамен таңдау керек. Өз қабілетінді таны, арманыңды анықта, сол арманға жету үшін еңбектен. Әрбір дұрыс таңдалған мамандық – сенің болашағыңа салынған берік іргетас.

Қорытындылай келе, мамандық – өмірдегі нық қадам. Ол адамның тағдырын, бақытын, қоғамдағы орнын анықтайды. Бұл қадамды сенімді басқан адам өмір жолында адаспайды. Сондықтан мамандық таңдауда асықпай, ойланып, жүрек пен ақылды қатар пайдалану керек. Сонда ғана таңдалған жол сені биікке жетелейді.

#### **Мамандық – адамның тағдыры**

Мамандық – адамның өмір бойы айналысатын ісі, өзін жүзеге асыру жолы. Кейбір адамдар үшін жұмыс – тек табыс көзі болса, ал кейбіреулер үшін ол – өмірлік миссия. Мамандық арқылы адам өз қабілетін, дарынын, ішкі мүмкіндігін ашады. Мысалы, мұғалім – тек сабақ беруші емес, ол – болашақ ұрпақты тәрбиелеуші, қоғамның іргетасын қалаушы тұлға. Дәрігер – адамдардың өмірін сақтап қалатын, үміт сыйлайтын жан. Ал инженер, бағдарламашы, құрылысшы, агроном – елдің дамуына үлес қосатын мамандар.

Егер адам өз мамандығын сүйсе, ол жұмыстан шаршамайды, керісінше, шабыт алады. Ал сүймейтін іспен айналысқан адам тез жалығады, өзіне де, қоғамға да толық пайдасын тигізе алмайды. Сондықтан мамандық таңдау – тек ата-ана айтқанымен немесе достардың ықпалымен емес, адамның өз жүрек қалауымен, қабілетімен, арманына сай болуы керек

#### **Қазіргі заман және мамандықтар әлемі**

Бүгінгі заманда мамандықтар саны өте көп. Технология дамыған сайын жаңа мамандықтар пайда болып, кейбір ескі мамандықтар өзгеріске ұшырауда.



Бұрын болмаған IT-маман, деректер талдаушысы, робототехника инженері, SMM-менеджер, дизайнер сияқты кәсіптер бүгінде сұранысқа ие. Ал кейбір дәстүрлі мамандықтар жаңа технологиямен бірге жаңаша сипат алуда.

Қазіргі қоғамда бәсекелестік өте жоғары. Бір мамандықты таңдаумен шектелмей, адам үнемі өзін дамытып отыруы керек. Білім алып қана қоймай, оны практикада қолдану, жаңа дағдыларды меңгеру – табысты болудың басты шарты. Мамандық – бір рет таңдалып, өмір бойы өзгермейтін нәрсе емес. Адам өз жолын табу үшін бірнеше бағытты байқап көруі де мүмкін.

Мамандық таңдаудағы негізгі факторлар



Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі. Бұл шешім болашақтағы өмір сүру салтына, табысына, рухани қанағатына және қоғамдағы орнына тікелей әсер етеді. Сондықтан мамандықты кездейсоқ немесе біреуге еліктеп емес, бірнеше маңызды факторды ескере отырып таңдау қажет.

Ең алдымен, адамның өз қызығушылығы мен қабілетін тануы өте маңызды. Әр адам табиғатынан белгілі бір іске бейім болып туады. Біреуі есеп-қисапқа, техникаға жақын болса, біреуі тілге, өнерге, адамдармен қарым-қатынасқа бейім келеді. Егер адам өзіне ұнайтын істі таңдаса, ол жұмысын зор ықыласпен орындайды, дамуға ұмтылады, шаршамайды. Ал қызықтырмайтын саланы таңдаған адам уақыт өте жалығып, өз мүмкіндігін толық аша алмай қалады.

Екінші маңызды фактор – еңбек нарығындағы сұраныс. Қандай мамандықтарға сұраныс көп, қай салалар дамып келеді – осыны білу қажет. Қоғамға қажет емес немесе сұранысы аз мамандықты таңдаған адам жұмыс табуда қиындыққа тап болуы мүмкін. Сондықтан мамандық таңдауда тек қана арманға емес, өмірдің шынайы талабына да назар аудару керек.

Үшінші фактор – адамның мінезі мен темпераменті. Әр адам әртүрлі: біреу тыныш, біреу белсенді, біреу адамдармен араласқанды ұнатады, біреу жалғыз отырып жұмыс істегенді қалайды. Мысалы, сабырлы, ұқыпты адам зерттеуші, есепші, бағдарламашы болуға бейім болса, ашық мінезді, сөйлегенді ұнататын адам мұғалім, журналист, менеджер болуға ыңғайлы. Мамандық мінезге сай келмесе, адам өзін жайсыз сезінеді.

Төртінші фактор – денсаулық жағдайы. Кейбір мамандықтар физикалық күшті, ұзақ тұруды, түнгі ауысымда жұмыс істеуді немесе ерекше назарды талап етеді. Егер адамның денсаулығы белгілі бір шектеуге ие болса, соған сәйкес мамандық таңдау керек. Денсаулыққа зиян келтіретін жұмыс адамды бақытты ете алмайды.

Бесінші фактор – армандар мен өмірлік мақсаттар. Адамның алға қойған мақсаты, болашақтағы өмірін қалай елестететіні мамандық таңдауға тікелей әсер етеді. Егер адам елге пайда тигізуді, адамдарға көмектесуді армандаса – дәрігер, мұғалім, әлеуметтік қызметкер болуы мүмкін. Ал жаңа нәрсе ойлап табуды қаласа – инженер, ғалым, бағдарламашы болуға

ұмтылады. Арман адамды алға жетелейді және қиындыққа төтеп беруге күш береді.

Алтыншы фактор – отбасы мен ортаның әсері. Ата-ананың, туыстың, мұғалімнің ақылы пайдалы болуы мүмкін. Бірақ бұл тек кеңес ретінде қабылдануы керек. Соңғы шешім адам өзіне тиесілі. Себебі ол өмір бойы сол жолмен жүреді, сол мамандықпен өмір сүреді.

Қорытындылай келе, мамандық таңдауда:

- өз қызығушылығыңды,
- қабілетінді,
- қоғамға қажеттілікті,
- мінезің мен денсаулығыңды,
- арманың мен мақсатыңды,
- ортаның ықпалын бірге ескеру қажет. Осы факторларды саналы түрде талдап таңдалған мамандық – өмірдегі ең дұрыс әрі нық қадам болады.

### **Мамандық және өмірлік бақыт**

Көп адам бақытты болу үшін тек бай болу керек деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде, бақыт – өз ісінді сүйіп істеу. Таңертең жұмысқа қуанып бару, кешке жасаған ісіңе риза болып қайту – нағыз бақыттың белгісі.

### Өз мамандығын сүйетін адам:



- мірден өз орнын табады;
- Қоғамға пайдасын тигізеді;
- Үнемі дамуға ұмтылады.

Ал мамандығын ұнатпайтын адам жиі күйзеліске түседі, өмірге қанағаттанбайды. Сондықтан мамандық – тек жұмыс емес, адамның ішкі әлемінің көрінісі.

### **Мамандық – ел дамуының тірегі**

Әрбір маман – елдің дамуына үлес қосушы. Дәрігер – халықтың денсаулығын сақтайды, мұғалім – білімді ұрпақ тәрбиелейді, инженер – зауыттар мен жолдар салады, фермер – халықты азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Бір мамандық артық, бір мамандық кем емес. Әрқайсысы қоғамға қажет.

Елдің болашағы – жас ұрпақтың қолында. Ал жас ұрпақтың қандай маман болатыны – елдің ертеңін айқындайды. Егер жастар саналы түрде, жауапкершілікпен мамандық таңдаса, мемлекет те күшті болады.

**Қиындық және табандылық**

Кез келген мамандықта қиындық болады. Бірде-бір жол тек оңайлықтан тұрмайды. Кейде оқу қиын, кейде жұмыс ауыр, кейде нәтиже бірден көрінбейді. Бірақ адам мақсатына сенсе, сол жолдан таймайды.

Табандылық – мамандық жолындағы ең маңызды қасиеттердің бірі. Қиындыққа мойымаған адам ғана үлкен жетістікке жетеді. Ұлы адамдардың барлығы да өз жолында талай кедергіден өткен.

**Жастарға үндеу**

Бүгінгі жас – ертеңгі ел тірегі. Сондықтан әр жас өз болашағына немқұрайлы қарамауы керек. Мамандықты сән үшін емес, жүрек қалауымен таңдау керек. Өз қабілетінді таны, арманыңды анықта, соған жету үшін еңбектен.

Мамандық – сенің болашағың. Ол сенің өмір жолыңды, қоғамдағы орныңды, өзіңе деген сеніміңді қалыптастырады. Сондықтан бұл таңдауға жеңіл қарауға болмайды.

**Қорытынды**

«Мамандық – өмірдегі нық қадам» – бұл жай ғана сөз емес, өмірлік ақиқат. Адам мамандығын дұрыс таңдаса, ол өмірде өз орнын табады, бақытты болады, қоғамға

пайдасын тигізеді. Ал қате таңдау – өкінішке, қанағатсыздыққа әкелуі мүмкін.

Сондықтан әрбір жас:

- Өзін танып,
- Арманын анықтап,
- Қоғамға қажет мамандықты таңдап,
- Сол жолда табандылықпен еңбек етуі керек.

Мамандық – сенің тағдырың. Сол тағдырды өз қолыңмен, саналы түрде, сенімді қадаммен құру – нағыз жетістікке апарар жол.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Алматы: Рауан, 1991.
2. Әбдіғапбарова Ұ. Кәсіптік бағдар беру негіздері. – Алматы: Мектеп, 2015.
3. Қоянбаев Ж. Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2012.
4. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Дәуір, 2010.
5. Бабанский Ю. К. Оптимизация учебного процесса. – Москва: Педагогика, 1982.
6. Климов Е. А. Как выбирать профессию. – Москва: Просвещение, 2004.
7. Пряхников Н. С. Профориентация в школе. – Москва: Академия, 2010.

**НАУРЫЗБАЕВА АЙНУР СЕРИКБЕКОВНА,  
ОРАЗЫМБЕТОВА ГҮЛСИМ КУЛИБАЕВНА,  
НАУРЫЗБАЕВА ГҮЛНАР СЕРИКБЕКОВНА,**

информатика пәнінің мұғалімдері

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы, Тараз қаласы

**MYSQL ДЕРЕКТЕР ҚОРЫН ЖОБАЛАУ БАРЫСЫНДА  
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ЖАСАНДЫ  
ИНТЕЛЛЕКТТІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ**

Қазіргі цифрландыру дәуірінде деректер көлемінің қарқынды өсуі оларды тиімді басқару мәселесін ерекше өзекті етіп отыр. Ақпараттық жүйелердің негізін құрайтын деректер қорын басқару технологияларын меңгеру білім алушылар үшін маңызды құзыреттіліктердің бірі болып табылады. Зерттеушілердің пікірінше, деректермен жүйелі жұмыс жасау дағдылары оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, ақпаратты құрылымдау және модельдеу мәдениетін қалыптастырады. Осы тұрғыда жалпы білім беретін мектептерде информатика пәні аясында деректер қорын оқыту оқушылардың логикалық және аналитикалық ойлауын дамытып қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

MySQL деректер қорын басқару жүйесі қолжетімділігімен, икемділігімен және кең таралуымен ерекшеленеді. Әлемдік білім беру тәжірибесінде ашық кодты бағдарламалық қамтамасыз етуді оқу үдерісінде қолдану оқушылардың цифрлық құзыреттілігін арттыратыны дәлелденген. Осыған байланысты MySQL жүйесін оқу барысында пайдалану білім алушыларды деректермен жұмыс істеудің заманауи тәсілдерімен таныстырып, олардың болашақ кәсіби бағдарын айқындауға ықпал етеді.

MySQL деректер қорын оқыту барысында оқушылар кестелерді жобалау, деректер типтерін дұрыс таңдау, бастапқы және сыртқы кілттерді орнату, SQL сұраныстарын жазу және деректерді өңдеу дағдыларын меңгереді. Бұл үдеріс конструктивтік оқыту теориясына сәйкес білім алушылардың белсенді танымдық әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар деректер қорын жобалау оқушылардың жүйелі ойлауын қалыптастырып, ақпаратты құрылымдау, талдау және синтездеу қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Ұсынылған бағдарлама MySQL деректер қорын жобалау үдерісін тек теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық бағытта меңгеруге негізделген. Педагогикалық зерттеулерде практикалық тапсырмалар арқылы оқыту функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді жолы ретінде қарастырылады. Осыған орай деректер қорын құру, кестелерді жобалау, сұраныстар жазу, деректерді өңдеу және талдау барысында

оқушылардың функционалдық сауаттылығын, ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін, деректермен саналы жұмыс істеу және оларды түсінікті түрде ұсыну қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйеленіп берілген.

Практикалық жұмыстар барысында оқушылар нақты деректермен жұмыс істей отырып, ақпараттың дұрыстығы мен толықтығына назар аударады. Бұл олардың жауапкершілік сезімін арттырып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мысалы:

### ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

*Бастапқы деректер*

*Оқушылар кестесі*

Оқушы	Сынып	Баға
Айбек	7А	5
Алина	7А	4
Дамир	7В	3
Мадина	7В	4
Әли	7А	5

*1-тапсырма. Орташа мәнмен салыстыру*

*Тапсырма:*

Орташа бағадан жоғары баға алған оқушыларды анықта.

```
SELECT Оқушы, Баға
```

```
FROM Оқушылар
```

```
WHERE Баға > (
```

```
SELECT AVG (Баға)
```

```
FROM Оқушылар
```

```
);
```

*Түсіндір:* Бұл сұраныста ішкі сұраныс не үшін қажет?

*2-тапсырма. Белгілі бір топты таңдау*

*Тапсырма:*

7А сыныбында оқитын оқушылардың аттарын ішкі сұраныс арқылы тап.

```
SELECT Оқушы
```

```
FROM Оқушылар
```

```
WHERE Сынып IN (
```

```
SELECT Сынып
```

```
FROM Оқушылар
```

```
WHERE Сынып = '7А'
```

```
);
```

Функционалдық сауаттылық оқушылардың алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу қабілетімен сипатталады. MySQL деректер қорын жобалау барысында өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Мысалы, мектеп журналы, кітапхана жүйесі, интернет-дүкен немесе медициналық деректер қоры сияқты жобалар оқушыларға нақты мәселелерді шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар деректерді талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

### ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАСЫ

*Оқушылар (Students)*

Student_ID	Аты	Class_ID
1	Айбек	1
2	Алина	1
3	Дамир	2

*Сыныптар (Classes)*

Class_ID	Сынып
1	7А
2	7В
3	7Г

*1-тапсырма. LEFT JOIN қолдану*

*Тапсырма:* Барлық оқушыларды және олардың сыныбын көрсет. (сыныбы жоқ оқушы да шықсын)

```
SELECT Students. Аты, Classes. Сынып
```

```
FROM Students
```

```
LEFT JOIN Classes
```

```
ON Students. Class_ID = Classes. Class_ID;
```

*Түсіндір:* Неліктен Мадина да нәтиже кестесінде көрінеді?

**2-тапсырма. RIGHT JOIN қолдану**

*Тапсырма:* Барлық сыныптарды көрсет. (оқушысы жоқ сынып та шықсын)

```
SELECT Students. Аты, Classes. Сынып
```

```
FROM Students
```

```
RIGHT JOIN Classes
```

```
ON Students. Class_ID = Classes. Class_ID;
```

*Түсіндір:* Неліктен 7Г сыныбы нәтиже кестесінде көрінеді?

Жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісіне енгізу MySQL тақырыптарын меңгеруді жеңілдетеді. AI жүйелері SQL сұраныстарын генерациялау, қателерді анықтау және деректер құрылымын оңтайландыру бойынша ұсыныстар беру арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытады.

Мысалы:

**ChatGPT немесе басқа жасанды интеллект арқылы орындалатын тапсырма:*****Жағдаят***

Мектепте жаңа оқушыларды қабылдау жүргізілуде. Оқушылар туралы мәліметтерді (аты-жөні, сыныбы, байланыс нөмірі және т. б. ) деректер қорына *форма арқылы енгізу* қажет.

Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастыру үшін жасанды интеллекттің көмегін пайдаланасың.

***Тапсырма***

ChatGPT-ке немесе басқа жасанды интеллект жүйесіне төмендегі сұрақты қой:

*«Деректер қорында форма не үшін қолданылады? Оқушылар туралы мәлімет енгізуге арналған формада қандай өрістер болуы керек? »*

ЖИ жауабымен танысқаннан кейін төмендегі тапсырмаларды орында.

***Тапсырмадан кейін орындаңыз***

1. *ЖИ ұсынған қай түсіндірме немесе мысал сізге ең түсінікті болды?*

2. *Формада қандай өрістер болуы керек екенін өз сөзіңмен жаз.*

3. (кемінде 4 өріс)

***Қосымша тапсырма (ойлану)***

Егер мектепте формалар қолданылмаса, мәліметтерді енгізу кезінде қандай қиындықтар туындауы мүмкін?  
(1–2 сөйлем)

***Дескрипторлар***

- жасанды интеллектке *нақты және түсінікті сұрақ қояды;*
- ЖИ берген ақпаратты *оқып, талдайды;*
- формалардың деректер қорындағы *қызметін түсінеді;*
- формаға қажетті өрістерді *дұрыс анықтайды;*
- алынған ақпарат негізінде *өз ойын дәлелді түрде жазады;*
- жасанды интеллектті *оқу мақсатында саналы қолданады;*
- тақырып бойынша *қорытынды жасайды.*

Оқушылар жасанды интеллект ұсынған шешімдерді талдап, өз нұсқаларымен салыстыру арқылы аналитикалық қабілеттерін жетілдіреді. Бұл тәсіл білім алушыларды жасанды интеллектті саналы әрі жауапкершілікпен қолдануға үйретеді.

Ұсынылған әдістемелік тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқушылар MySQL ортасында деректер қорын өз бетінше жобалай алады, SQL сұраныстарын тиімді қолданады және деректермен жұмыс барысында функционалдық сауаттылық дағдыларын көрсетеді.

Қорытындылай келе, MySQL деректер қорын оқыту барысында функционалдық сауаттылық пен жасанды интеллектті интеграциялау оқушылардың цифрлық және аналитикалық құзыреттілігін арттырудың тиімді жолы болып табылады. Бұл әдістеме білім алушылардың деректермен саналы жұмыс істеуіне және болашақ кәсіби бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты. – 2022.
2. Elmasri R. , Navathe S. Fundamentals of Database Systems. – Pearson Education.
3. Date C. J. An Introduction to Database Systems. – Pearson.
4. MySQL Documentation.



**Поиск различных форм уроков в классе флейты ДМШ в современных условиях.**

*«Цель музыки – трогать сердца» - И. С. Бах.*

В практике педагогов Детской музыкальной школы (ДМШ) обучение детей имеет самые различные формы - от бесед на уроке до совместных посещений концертов, с последующим их обсуждением. Перед современными учениками стоит задача – освоить программу, где в большинстве своем, обучение нацелено на подготовку музыкантов-любителей, которые обладают навыками музыкального творчества, могут самостоятельно разобрать и выучить музыкальное произведение любого жанра, свободно владеть своим инструментом, подобрать любую мелодию, а также знать творчество самых разных композиторов. Педагоги, проводящие индивидуальные занятия в современной музыкальной школе, позволяют более активно применять различные виды новых педагогических технологий, что мы называем нескучными уроками по специальности.

Флейта на сегодняшний день является достаточно распространенным духовым инструментом в ДМШ, пользуется особой популярностью среди детей и родителей. В музыкальных школах обучение ребенка на флейте возможно с раннего возраста – 6,7-ми лет. Естественно, что не каждый ребенок в этом возрасте может физически удержать в руках большую поперечную флейту, длина которой 68 см. а масса – около 0,5 кг! Ведь важно не только правильно держать инструмент, на нем нужно играть! Поэтому обучение на флейте с детьми раннего возраста предпочтительней начинать с блок-флейты, а затем, когда ребенок окрепнет физически, подрастет, обычно в 9 - 10 лет -переводить на большую флейту. Следует знать, что обучение игре на большой флейте - не простое занятие и дается ребенку не легко, поэтому педагогу требуется постоянно искать новые пути развития, которые были бы интересны современным детям.

На первых занятиях с начинающими учащимися предлагаю несколько вариантов проведения нескучных уроков по флейте, которые могут помочь педагогу направить процесс обучения по наиболее интересному, творческому, эффективному пути развития и способствовать развитию заинтересованности учащихся. Нескучный урок по специальности – это значит заинтересовать ученика, сделать обучение доступным и понятным, где задача педагога должна ориентироваться на умения чувствовать и понимать своего ученика. Педагог не должен работать в этой профессии, если он ее не любит. Должна быть самоотдача процессу.

**Урок - общение «Давай познакомимся!»** (Важный психологический аспект: располагаем к себе ученика, установка контакта) .

Педагог спрашивает ученика, как его зовут, что он любит больше всего, какой его любимый цвет, затем просит рассказать о себе, о своей семье, о друзьях – какая у него семья, есть ли братья, сестры; педагог может рассказать историю о себе. Ну и конечно, следует спросить ребенка- почему он пришел в музыкальную школу? Какая музыка или песня больше всего ему нравится? Педагог объясняет, что теперь он (ученик) будет учиться играть на флейте. Спрашивает ученика: - Как ты думаешь – это легко или трудно научиться играть на инструменте? Далее следует поиграть на уроке знакомые мелодии, сыграть отрывок музыкального произведения или знакомой мелодии, предлагает ученику поддержать инструмент в руках и поиграть на нем, попытаться извлекать звуки. После неудачных попыток ученика, педагог объясняет, что этому следует учиться, и что это не так просто, как кажется на первый взгляд, и что все зависит от умения ученика кропотливо и ежедневно работать. Затем следует предложить ученику спеть знакомую песню, которую потом поют вместе, желательно под аккомпанемент игры педагога. В конце урока обязательно обсуждение: «Что тебе сегодня больше всего понравилось?» Обычно дети в восторге после игры на музыкальном инструменте, вернее попыток что-либо на нем сыграть, и бурно делятся эмоциями!

**Урок – беседа «Знакомство с инструментом».**

Этот урок мы назвали условно беседа, атмосфера на занятии должна быть в наглядно-игровой легкой и непринужденной форме, все зависит от фантазии и опыта педагога. Здесь на помощь приходят такие технологии как интернет-ресурсы для наглядного и увлекательного знакомства ученика с инструментом. С помощью обучающих видео, интерактивных приложений и виртуальных экскурсий ученик узнает об истории происхождения инструмента, разновидностях флейты, не просто узнает имена великих музыкантов, которые играли и писали музыку для флейты, но и видит их внешность на изображении и слушает их игру по видео или ауди записи. Цифровые аудиозаписи и онлайн-платформы позволяют сравнивать тембры, слушать игру профессиональных музыкантов.

Пример: - Хотя флейта и считается одним из самых древних инструментов, но очень далека от современного понятия «флейта». Теобальд Бём, немецкий инструментальный мастер, флейтист и композитор, создатель современной поперечной флейты. Он усовершенствовал модель флейты и она стала такой, какая она сейчас в твоей руке, а ведь когда-то она была деревянная. (Здесь педагогу следует продемонстрировать изображение мастера, его годы жизни, краткий рассказ из его творчества, затем показать какая была флейта до своего усовершенствования) . - Всевозможные дудочки, свистульки, свирели – все они назывались раньше флейтами и именно они являются прародителями современной флейты, возраст которых около 40 тысяч лет.

Не только увлекательным и интересным, но и полезным, расширяющий кругозор и любознательность у ребенка, воспринимается подготовленные заранее слайды о разновидностях флейт, сопровождающее изображение звучанием каждой по аудиозаписи или видео с Youtube. –Разновидности флейты встречаются практически на всех континентах и во всех странах – иначе говоря, у каждого народа есть своя флейта – но называется и выглядит она совершенно по разному!

Только после таких подготовительных бесед, следует переходить непосредственно к знакомству с самим инструментом, его устройством, из какого материала изготавливают, техническими характеристиками, звучанием, его возможностями, диапазоном и т. п. Современная флейта – инструмент разборный, состоит из трех частей: верхняя часть – головка, средняя – корпус или «тело» и нижняя – наконечник или нижнее колено. Чтобы лучше рассмотреть инструмент, знакомимся поближе с каждой ее составной частью: предлагаю детям поддержать каждую из них, поиграть, извлекать звуки, в целом поэкспериментировать с ними. При желании учиться извлекать звуки можно не только на головке, но и на корпусе и нижнем колене. Детям очень нравятся эксперименты с инструментом: «Игра в индейца». – на головке учимся извлекать звуки, помогая правой рукой, направляя указательный палец вовнутрь, или же закрывая ладошкой отверстие. Как правило, фантазия у детей бурно начинает проявляться, и они сами активно включаются в процесс, предлагая свои варианты услышанных звуков («машина», «гудок», «паровоз», «ветер завывает»).

#### **«Урок-постановка».**

Здесь хорошо помогает наглядно-демонстрационный метод. Этот урок традиционный, без основы никуда не деться, педагог показывает – ученик повторяет. Подавать материал следует интересно, разнообразными примерами, игровыми элементами или упражнениями.

Например, упражнение для постановки левой руки, именно на нее приходится основная опора флейтиста: – встаем прямо, голову держим тоже прямо, плечи расслаблены, руки вдоль туловища, теперь поднимаем левую руку и беремся за краешек правого уха, – выполняем несколько раз, это упражнение для того, чтобы правильно зафиксировать левую руку, а не прижимать ее к телу.

Чтобы дети держали ровно позвоночник, можно предложить игру около стены – опереться о стену спиной, при этом ноги должны быть около стены, таким образом, позвоночник искривляться не будет. Также это упражнение позволяет контролировать, чтобы флейтисты не поднимали плечи при вздохе.

Отдельное внимание нужно отвести дыханию, ведь для игры на флейте необходимо особое дыхание – исполнительское, и научиться этому не просто.

Поэтому, для рациональной постановки правильного дыхания, необходимо много упражняться, всячески помогая преподнести материал легко, в доступной, игровой форме, развивая при этом «образное мышление», например: – упражнение «сдувать перышко»: положить на стол маленькую бумажку или салфетку и пытаться дуть аккуратно так, чтобы бумажка плавно сдувалась со стола без резких движений. Перышко – легкое, поэтому выдох легкий, аккуратный. Само слово «флейта» в переводе с греческого означает – дуновение ветра, поэтому изображаем «ветер», «прилив и отлив небольшой волны в море» и т. д.

Самое простое упражнение «надуваем мячик» – стоя перед зеркалом, левую руку кладем на живот, правую на грудь и делаем быстрый энергичный вдох, не поднимая плеч и груди, чувствуем как вдыхаемый воздух проходит через грудь и набирается в животе, задерживаем дыхание 2-4 секунды, а затем медленно через рот выдыхаем на слог «ту», чтобы выработать работу языка (артикуляция). Ведь язык при игре на флейте играет тоже очень важную роль.

Упражнение – «игра с соломинкой». Это упражнение, чтобы укрепить работу губ и для развития подвижности нижней челюсти. Нижняя челюсть у флейтистов тоже играет важную роль – от ее подвижности зависит сила звука, динамика и высота. Упражнение – мы зажимаем кончик соломинки губами и поднимаем ее вверх и опускаем вниз – только губами не зубами, при этом голова неподвижна, работают только губы и челюсть.

Бұл қозғалыстардың тарихи мәні олардың тек қарулы қарсылық сипатында ғана емес, ұлттық бірлікті нығайтуы мен тарихи сананы оятуында жатыр. Ұлт-азаттық қозғалыстар арқылы халық өзінің дербес мемлекет болуға деген құқығын сезінді, ал бұл идея кейінгі ұрпақтың санасында тәуелсіздік ұғымымен ұштасып отырды.

**2. Ұлт-азаттық қозғалыстарды оқытудың тәрбиелік және танымдық маңызы**

Ұлт-азаттық қозғалыстарды оқыту оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда ерекше орын алады. Бұл тақырыптар оқушыларды ерлікке, батылдыққа, ел тағдырына бейжай қарамауға тәрбиелейді.

Тарих сабағында ұлт-азаттық қозғалыстарды қарастыру барысында оқушылар:

- тарихи әділдік ұғымын түсінеді;
- ұлттық мүдде мен мемлекеттік тәуелсіздіктің маңызын ұғынады;

➤ отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Сонымен қатар бұл тақырыптар оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, тарихты терең түсінуге жетелейді. Ұлт-азаттық қозғалыстарды оқытуда оқиғалардың себептері мен салдарын талдау оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады.

### **3. Ұлт-азаттық қозғалыстарды оқытуда қолданылатын әдістемелік тәсілдер**

Ұлт-азаттық қозғалыстарды тиімді оқыту үшін мұғалім әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдануы қажет. Олардың ішінде тарихи дереккөздермен жұмыс ерекше маңызға ие.

Сабақ барысында жазба дереккөздер (жарлықтар, хаттар, үндеулер) , ауызша деректер (халық әндері, жырлар) , сондай-ақ тарихи карталар мен иллюстрациялық материалдар пайдаланылады. Бұл оқушыларға тарихи оқиғаларды жан-жақты қабылдауға мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс, пікірталас, тарихи рөлдік ойындар сияқты интерактивті әдістер ұлт-азаттық қозғалыстар тақырыбын меңгеруді жеңілдетеді. Мысалы, белгілі бір көтеріліс басшыларының көзқарасын талдау немесе тарихи шешім қабылдау тапсырмалары оқушылардың белсенділігін арттырады.

### **4. Ұлт-азаттық қозғалыстар арқылы оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру**

Тарихи сана – өткенді бағалай білу және одан сабақ алу қабілеті. Ұлт-азаттық қозғалыстарды оқыту осы қабілетті дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылар ұлт-азаттық қозғалыстарды оқи отырып, тарихи оқиғалардың кездейсоқ емес, белгілі бір әлеуметтік-саяси жағдайлардың нәтижесі екенін түсінеді. Бұл олардың тарихқа деген көзқарасын тереңдетіп, оқиғаларды үстірт қабылдаудан сақтайды.

Сонымен қатар мұндай сабақтарда оқушылар қазіргі Қазақстанның тәуелсіздігі оңайлықпен келмегенін, оның артында ұзақ тарихи күрес жатқанын ұғынады. Бұл түсінік ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастырады.

### **5. Практикалық тапсырмалар мен сабақ үлгілері**

Ұлт-азаттық қозғалыстарды оқытуда келесі практикалық тапсырмаларды қолдануға болады:

- тарихи дереккөздер негізінде көтерілістің себептері мен салдарын анықтау;
- тарихи тұлғалардың рөлін бағалау;
- ұлт-азаттық қозғалыстарды салыстыра талдау;
- тақырып бойынша эссе немесе жоба жұмыстары.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың өз бетімен ойлауына, деректермен жұмыс істеуіне және тарихи тұжырым жасауына ықпал етеді.

### **Қорытынды**

Ұлт-азаттық қозғалыстарды оқыту – Қазақстан тарихын оқытудың маңызды бағыттарының бірі. Бұл тақырыптар арқылы оқушылардың тарихи санасы қалыптасып, ұлттық құндылықтарға деген құрметі артады.

Тарих пәні мұғалімі ұлт-азаттық қозғалыстарды оқытуда ғылыми негізделген әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, оқушыларды отансүйгіштікке, тарихи әділдікке және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелей алады. Сондықтан ұлт-азаттық қозғалыстарды оқыту тарих сабағының тәрбиелік әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қойгелдиев М. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары. – Алматы, 2017.
2. Асфендияров С. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2015.
3. Тұрлығұл Т. Тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы, 2019.
4. Әбдіғалиұлы Б. Ұлттық тарих және тарихи сана. – Астана, 2018.
5. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру стандарты. – Астана, 2020.



**ЖЕКСЕМБАЕВА Н. Н.**

преподаватель специальных дисциплин,

ГККП «Колледж индустрии питания и сервиса» управления образования города Шымкент,  
Шымкент, Казахстан

---

## **СИНЕРГИЯ ИИ И ПИЩЕВОЙ ИНЖЕНЕРИИ: ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ ГОРИЗОНТЫ ДЛЯ СТУДЕНТОВ С ПРИМЕНЕНИЕМ МЕТОДИКИ SCAFFOLD**

Современный мир стремительно меняется под влиянием цифровых технологий. Искусственный интеллект (ИИ) перестал быть лишь инструментом программистов и стал активно внедряться в самые разные сферы человеческой деятельности. Одной из таких сфер является пищевая инженерия – область, где объединяются наука, технологии и творчество для обеспечения человечества качественными и безопасными продуктами питания. Пищевая инженерия, тесно связанная с задачами обеспечения продовольственной безопасности, улучшения качества продуктов и повышения эффективности производственных процессов, все активнее интегрирует в себя методы и решения, основанные на ИИ. Синергия ИИ и пищевой инженерии требует поэтапного освоения сложных междисциплинарных знаний. Методика Scaffold идеально подходит, потому что:

ИИ – это сложные абстрактные модели;

Пищевая инженерия – это сложные физико-химические процессы;

Scaffold – постепенное наращивание когнитивной нагрузки. В итоге ИИ становится опорой, а не «черным ящиком».

Искусственный интеллект способен анализировать огромные объемы данных, выявлять закономерности и предлагать оптимальные решения. Для пищевой инженерии это открывает новые горизонты такие как, разработка рецептур и продуктов. ИИ может моделировать сочетания ингредиентов, прогнозировать вкус и пищевую ценность продукта. Алгоритмы компьютерного обучения позволяют моделировать вкусовые профили, прогнозировать текстуру и пищевую ценность продукции. Одной из наиболее перспективных областей применения ИИ в пищевой инженерии является анализ химического состава и прогнозирование свойств продуктов. С помощью методов компьютерного обучения можно

обрабатывать большие объемы экспериментальных данных и выявлять скрытые закономерности. Например, нейронные сети позволяют предсказывать сроки годности продуктов, определять оптимальные условия их хранения и даже моделировать реакцию потребителей на изменения в рецептуре. Для студентов это направление представляет собой отличную возможность объединить знания по химии и биологии с практическими навыками программирования. Системы компьютерного зрения определяют свежесть продуктов и выявляют дефекты быстрее человека, успешно применяются для выявления дефектов сырья и готовой продукции, что снижает риск ошибок человеческого фактора. Компьютерное зрение, основанное на алгоритмах глубокого обучения, уже используется в сортировке овощей, фруктов и зерновых культур. Такие системы способны выявлять дефекты, незрелые или поврежденные экземпляры, что значительно повышает уровень контроля качества. Кроме того, ИИ применим в мониторинге санитарного состояния производственных помещений, что имеет важное значение для обеспечения безопасности питания. Для студентов работа с подобными системами является практическим шагом к освоению современных методов анализа данных. Алгоритмы помогают уменьшить отходы, снизить энергозатраты и повысить эффективность технологических процессов. Применение ИИ дает возможность детально моделировать такие процессы, как тепловая обработка, ферментация, сушка и заморозка. С помощью компьютерного обучения можно предсказать эффективность различных режимов и найти оптимальные условия минимизирующие энергозатраты и потери качества продукции. Это направление исследований актуально для студентов, так как позволяет им не только проводить лабораторные эксперименты, но и создавать цифровые модели, которые ускоряют получение практических

результатов. Анализируя данные о здоровье человека, на основе анализа медицинских данных и пищевых привычек ИИ формирует индивидуальные рекомендации, что особенно актуально в контексте профилактики заболеваний. Современные предприятия пищевой промышленности все чаще используют роботизированные линии и интеллектуальные системы управления. ИИ обеспечивает адаптацию оборудования к изменению параметров сырья, что повышает эффективность и снижает вероятность ошибок. Например, роботизированные комплексы способны автоматически сортировать продукты по качеству, упаковывать их в соответствии с требованиями рынка и регулировать режимы отработки. Для студентов-исследователей участие в подобных проектах становится уникальным опытом, позволяющим сочетать знания в области инженерии, материаловедения и компьютерных технологий. Будущее пищевой инженерии связано с концепцией «умных фабрик», где ИИ управляет всеми стадиями производства- от приемки сырья до упаковки готовой продукции. Такая цифровизация обеспечивает прозрачность процессов, позволяет снизить издержки и оперативно реагировать на изменения спроса. Вовлечение студентов в проекты по цифровизации пищевых предприятий формирует навыки работы в междисциплинарных командах и готовит их к реальным вызовам отрасли.

Scaffold выступает как метод внедрения ИИ в пищевую инженерию на разных уровнях. Уровень 1 – базовая опора, с целью понимания процессов. ИИ используется только для понимания предметной логики.

Уровень 2 – частичная поддержка ИИ, ИИ как помощник анализа.

Уровень 3- совместное моделирование, ИИ как партнер, а Scaffold- подсказки, контрольные точки.

Уровень 4- снятие опор, автономное принятие решений.

Итоговой формулой можно считать Scaffold + ИИ = контролируемая сложность. ИИ + пищевая инженерия = ускоренная инновация и Scaffold + ИИ + пищевая инженерия = устойчивая система.

Почему это важно именно сейчас? Рост населения Земли и глобальные вызовы – от изменения климата до нехватки ресурсов – требуют новых подходов к производству продуктов питания. Пищевая инженерия в союзе с искусственным интеллектом способна предложить решения, которые сделают питание человечества более устойчивым, безопасным и доступным. Для студентов колледжей и вузов интеграция ИИ в пищевую инженерию является не только теоретически значимой, но и практически востребованной темой исследований.

Интеграция искусственного интеллекта в пищевую инженерию открывает новые возможности для науки, производства и образования. Синергия ИИ и пищевой инженерии способна внести значительный вклад в устойчивое развитие общества, обеспечение продовольственной безопасности и формирование персонализированных подходов к питанию. Участие в подобных проектах способствует развитию аналитического мышления, умению работать с большими объемами данных и формированию компетенций, необходимых для инженеров нового поколения. Именно они в будущем смогут предложить миру инновационные продукты и технологии, обеспечивающие устойчивое развитие и продовольственную безопасность.

#### **Литература:**

1. Goodfellow I. , Bengio Y. , Courville A. (2016) . Deep Learning. MIT Press.
2. Sun D. -W. (2019) . Computer Vision Technology in the Food and Beverage Industries. Woodhead Publishing.
3. Miler R. , Clark S. (2021) . Food Engineering Innovations across the Supply Chain. Springer.
4. Григорьев А. В. (2020) . Искусственный интеллект в технологических процессах пищевой промышленности. Москва: Инфра-М.
5. Соколова Н. П. (2022) . Цифровизация и автоматизация в пищевой инженерии. Санкт-Петербург: Профессия.



**НАУАНОВА МАНШУК ИБАТОВНА,**  
Батыс Қазақстан облысы. Теректі ауданы. Ақсуат ауылы.  
"Тұлпар" жекеменшік бөбекжайы әдіскері

## ТӘРБИЕ КӨЗІ – САЛТ-ДӘСТҮР

Қазақ халқы ертеден-ақ бала тәрбиесіне ерекше мән берген. «Тәрбие – тал бесіктен» деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінің ең басты көзі – халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы. Салт-дәстүр арқылы бала бойына адамгершілік, сыйластық, еңбекқорлық сияқты асыл қасиеттер сіңіріледі.

Балабақша – баланың тұлға болып қалыптасуындағы алғашқы қоғамдық орта. Осы кезеңде баланың бойына адамгершілік қасиеттерді, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбекқорлық пен отансүйгіштік сияқты асыл құндылықтарды сіңіру аса маңызды. Бұл орайда халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәні зор. Балабақша – баланың алғашқы тәрбиелік ортасы. Осы кезеңде ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету баланың рухани дамуына үлкен әсер етеді. Мысалы, үлкенге сәлем беру, кішіні құрметтеу, қонақжайлық таныту, ата-ананы сыйлау, сияқты дәстүрлер баланың мінез-құлқын қалыптастырады.

**Салт 1.** Шілдехана (салт) . жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той.

2. Кіндік кесер (салт) . Нәресте туған сәтте оның кіндігін әйелдер (кіндік шешесі) дайын тұрады. Кіндік кесу-мәртебелі, абыройлы іс.

3. Бесікке салу (салт) . Жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі.

4. Қырқынан шығару (салт) . Баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық қасық су құйып шомылдырады. ол сәбидің жан-жүйесінің қалыптасып дені сау болып өсуіне деген ақ тілектен шыққан.

5. Тұсау кесер (салт) . Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып.

**6.** : Бата беру

**Ғұрып**— қазақтың өмір салты, өрен салты қолдану мен дәріптеуді ғұрып дейміз. Қазақ халқында қалыптасқан бірнеше ғұрыптар:

1) Ат қою (ғұрып) . Қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойған. Сонымен бірге бала есімін беделді кісілерге қойғызып батасын алған.

2) Айдар (ғұрып) . Балалардың төбе шашын ұзартып өсіріп қояды. Бұл ғұрып, ер балаға жасалады. Сәбилерге шаш орнына кекіл, тұлым да қойылады.

3) Кекіл (ғұрып) . Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды да мандайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп киіп қояды. Оны «кекіл» дейді.

**Дәстүр**-халықтың атадан балаға көшіп, жалғасын және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттер көрінісі.

Қазақтың бірнеше дәстүрлерін атап өтсек.

1) Тыштырма (дәстүр) Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен

кұрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тыштыма, тыштыма» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. Тыштырманы әйелдер ырым етіп бөлісіп, бала-шағаларына үлестіріп береді.

2) Базарлық (дәстүр) -алыс сапарға шыққан адамдардың жақындарына (жерлес, көрші-көлем, жас балалар, сыйлас адамдарына) әкелген сыйлығы.

3) Байғазы (дәстүр) -балалардың, жастардың жаңа киім үшін берілетін ақшалай, заттай сый.

4) Тілашар (дәстүр) .Баласы 7 жасқа толған соң балаға жаңа киім кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұны «тілашар»тойы деп атайды.

5 (жеті ата (дәстүр) . Халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білдіруді

міндеттеген. Олай болса жеті ата: Бала, Әке, Ата, Арғы ата, Баба, Түп ата, Тек ата.

б) Асату (дәстүр) .ет желініп болған соң төрде отырған ақсақал табақта қалған етті жас балалар мен жігіттерге асатады. Соның бірі: Бата беру. Қазақтың салт- дәстүрінде көп мән – мағына бар. « Мейірімділікті анадан үйрен, әдептілікті данадан үйрен» дегендей, көп әдепті де, тәртіпті де, тәрбиені де қазақтың салтынан үйренуге болады. Себебі, салт-дәстүр тұнып тұрған тәрбие. Тұлым – баланың кішкентай кезінде шашын өсірмей екі шекесіне екі шоқ шаш қояды. Мұны «тұлым» деп атайды. Тұлым көбінесе қыз балаға қойылады және ол сәбиге лайықты ғұрып Салт-дәстүрді дәріптеу арқылы біз ұлттық құндылықтарды сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткіземіз. Сондықтан балабақшада ұлттық тәрбиеге негізделген іс-шараларды жиі ұйымдастыру – әр тәрбиешінің маңызды міндеті.

Балабақшада өткізілетін тәрбиелік іс-шараларда ұлттық киімдер, қолөнер бұйымдары, қазақтың әдет-ғұрыптарына байланысты көріністер балалардың қызығушылығын арттырып, өз халқының мәдениетіне деген сүйіспеншілігін оятады. Бұл жұмыстар ата-аналармен бірлесе ұйымдастырылғанда тәрбиенің нәтижесі арта түседі.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау – өзекті мәселе. Сондықтан балабақшада салт-дәстүрге негізделген тәрбие беру арқылы біз ұлттық санасы оянған, рухани бай, елін сүйетін ұрпақ тәрбиелейміз. Салт-дәстүрді бойына сіңіріп өскен бала ертең өз елінің мәдениетін құрметтейтін саналы азамат болып қалыптасады.

Қорытындылай келе, салт-дәстүр – тәрбие бастауы, ұлттық рухтың негізі. Оны мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жүйелі түрде насихаттау – болашаққа салынған берік іргетас. Ұлттық тәрбиені ұлықтау – баршамыздың ортақ парызымыз.

Қазақ халқы маусымдық мерекелерге бай халық. Ол мерекелерді атап өтсек: Жыл басы тойы – Наурыз, Жаз тойы – Қымыз мұрындық, Күз мейрамы – Мизам, Қыс тойы – соғым. Сондай-ақ, бие бау, тулақ шашар, шашыратқы, сірге тағар, сірге жияр, қоныс тойы, күйек байлау, күйек шешу сияқты қазақ халқының көнеден келе жатырған дәстүрлі мерекелері де бар сол мерекенің бірі Жыл басы тойы – Наурыз



Наурыз мейрамы туралы аса бағалы еңбектер, ғибратты сөздер, жақұт жырлар жазып кетті. Өйткені, Нау- рыз – Шығыс елі үшін ежелден-ақ ынтымақ – ырыс мейрамы. Бұл күні – араздасу, ұрысу, таласу ауыр күнә. Наурызда наурыз көже пісіріледі. **Наурыз көже**– ұлттық тағам. Келер жылғы молшылықты жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Тақ санын сақтап, мұндай заттар көбейтіле беріледі. Соғымнан арнайы сақталған мүшелер (қазы, қарта, шұжық, т. б. ) де қосылады. Ол негізінен бидай көже, тары көже секілді әзірленген (қысқаша Көже) . Наурыз көжені халық арасында “тілеу көже”, “көп көже” деп те атай береді. Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: “ақ мол болсын” деген тілек айтып тарқасады Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру – болашақ ұрпақтың рухани тірегі. Балабақшадағы әрбір тәрбие мен оқу іс-әрекеті ұлттық рухта ұйымдастырылса, біз елін сүйетін, салт-дәстүрін құрметтейтін саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз. Бұл – баршамыздың ортақ парызымыз.

**КЕМБИЛОВА ГУЛЬЖАЗИРА АКТАЕВНА,**  
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,  
«Ақжайық» музыкалық мектебі КММ  
Домбыра пәнінің мұғалімі

**ҚОЛЫМА ДОМБЫРА АЛЫП, БАСТЫМ ПЕРНЕ. ..**

«Мұрагер» домбырашылар ансамбілінің «Ақжайық» музыкалық мектебінің 5 жылдығына арналған концерттің сценарийі



*(Оқушылар сахнада домбырамен тұрып тұрады, фонмен тақпақ оқылады, содан соң бірден Абдулхамит Райымбергеновтың «Секіртпе» күйі тартылады)*

(сахна сыртынан)

Қолыма домбыра алып бастым перне,  
Нұр жауар деген сөз бар талапты ерге.  
Жаныма ән мен күйді серік еттім,  
Жамандар сөз білмейтін маған тең бе? !  
(фанфармен жүргізуші шығады)

**Жүргізуші:**

Күй екен мынау аққан, бұлақ десек  
Бұлақтар таудан ғана туады десек  
Ал қане, бір тыңдайық домбыраны  
Төсіне туған жердің құлақ төсеп-  
Шанағынан күй төгілген бүгінгі концертіміздің құрметті көрермендері!

Түркістан қаласында жаңадан бой көтерген Ақжайық музыкалық мектебіне биыл 5 жыл толып отыр. Бүгінде киелі өнерде қанат қаққан, облыстық, республикалық конкурстардың лауреаты «Мұрагер» домбырашылар ансамбілінің тамаша мерекелік концертіне қош келдіңіздер!

Ансамблдің жетекшісі, егеменді еліміздің қаншама өнерлі жастарын білім нәрімен сусындатып, қанаттарын қатайтып, биікке ұшырып, ұлағатты ұстаздық жолында әлі де берері көп, абырой биігінен көрініп жүрген, өнердің отын лаулатып, мәдениеттің көшін алға сүйреуде өзіндік орны бар ұстаз-Кембилова Гульжазира Ақтайқызы.

Ендеше келесі орындалатын күй Жасарал Еңсеповтің «Әке толғауы»

**Жүргізуші:**

Қазақтың қазақ екенін көрсете білетін, тіл керек етпейтін, ұлт талғамайтын, қай жерде жүрсе де мен қазақтың деп кез келген адам баласының тұла бойына ене білетін, қазаққа деген махаббат сезімін оята алатын ән, би, күй құдыретін баланың бойына жасынан сіңіре алсақ сіз бен біз келешек ұрпақ өмірінің тазалығын, мөлдірлігін, пәктігін қолдарына ұстатып бергендей болар едік. Ендеше ансамблдің орындауында Ерболат Құдайбергеновтың шығармасы «Мен қазақпын». Қабыл алыңыздар!

**Жүргізуші:**

Екі ішек, екі желі тоғыз перне,  
Теңселіп тербеледі соқсаң сенде  
Қос қазық, қос құлағы оң домбыра,

Тыңдатар ән мен күйін тамаша елге

Күйге жан, әнге қанат бітіретін, қара домбыраның құдыретін, шексіздігін, әуенді ырғаққа толы, сазды үнін  
Әбдімомын Желдібаевтың «Еркесылқым» күйімен жалғастырсақ!

**Жүргізуші:**

Ол тума талант, ол қазақ сазының сайыпқыраны, ол музыканың Махамбеті. Өмірін өнерге арнаған композитордың әрбір шығармасын тыңдағанда, адамның жүрек пернесін дөп басады. Нұр ағамыздың домбыра шертуі, домбыраның құлағында ойнауы тіпті бөлек, елікпейтін, шабыттанбайтын адам кемде-кем. Қазақтың әйгілі күйші-композиторы Н. Тілендиевтің туғанына биыл 100 жыл.

Н. Тілендиевтің «Жекпе-жек» күйін ансамблдің орындауында қабыл алыңыздар!

**Жүргізуші:**

Мінекей, болашақ күйшілер, күйші болмаса да болашақ министр, депутат, әкімдер! Қандай керемет! Осы балалар мектепке келгенде өздері келген жоқ, бұл балаларды ата аналары ертіп келген ендеше ерекше қошемет көрсетейік сіздерге, міне ата-ананың үміті, арманы орындалды деген сөз. ..

Осы бала кезімізден бастап, қасиетті қара домбыраның үнін естіп өстік қой. Сол арқылы халық әндері, халық күйлері миымызға мықтап сіңді. Домбыраның даусын естісек әлі күнге дейін осы делебеміз қозып, орнымызда тұра алмай тыпыршып кетеміз. Сөйтсек ұлттық код, ұлттық жады деп осындайда айтқан екен. Домбыраны орындаушылар да бар оны түсініп тыңдаушылар да бар. Тыңдаудың өзі үлкен өнер. Ұлттық аспаптың үнін сүйетін тыңдарман барда, әрине шабытымыз шалқиды.

Ал қазір ансамблдің белді, көрнекті домбырашылары, Ақжайық жұлдыздары, тарыдай болған жас баладан, таудай талапкерге айналған бітіруші түлектерге кезек бергім келіп отыр.

**Күй «поппури»**

Ансамблдің орындауында Құрманғазының «Балбырауын» күйін, Құрманғали Мұхаммедәлінің орындауында «Терісқақпайы», Амангелді Аружанның орындауында «Серпер», Маханбет Дәуреннің орындауында «Төремұрат» ұстазы: Жұман Бексұлтан, Құрманғали Мырзахметтің орындауында Жантөренің «Шалқымасы» ұстазы: Жұман Бексұлтан, Майбасаров Асхаттың орындауында Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйін және Н. Тілендиевтің «Әлқисса» күйлерін қабыл алыңыздар!

**Жүргізуші:**

«Шәкірт бола білудің өзі-өнер», демекші осы оқушыларымыздың еңбекқорлығы, өнерге деген балалық шынайы махаббаты өздеріне ақ жол болып ашылып, нық қадамдауға, болашақ мамандықтарын ерте таңдауға мүмкіндік беріп отыр. Олардың барлығы домбырашы болмай-ақ қойсын, бірақ қандай саланың құлағын ұстаса да, ұлттық өнеріміз өмірлеріне рухани азық болады деп сенемін.

Ал, ұстаздармен бірге өнер көрсету, шәкірт үшін үлкен шабыт. Ендеше Ақжайық ұстаздары мен Мұрагер домбырашылар ансамблі бір сахнада! Бәден Айсыновтың күйі «Наурыз» және Құрманғазының күйі «Адай»

**Жүргізуші:**

Домбыраның пернесінде ән ғажап,  
Домбыраның шанағында зарлы азап.  
Қазақ болып қалды мәңгі домбыра,  
Домбыра боп қалса екен-ау әр қазақ.

Қасиетті домбырасын ұлықтаған Қазақ елі өсіп, өркендей берсін! Көне түркі ескерткішінде айтылғандай ел мәңгі, жер мәңгі, домбыра мәңгі болсын!

Әрбір шаңырақта домбыраның үні үзілмесін!

«Қолыма домбыра алып, бастым перне. .. » атты мерекелік концертімізді қорытындылап, құттықтау сөз сөйлеу үшін «Ақжайық» музыкалық мектебінің директоры: Айсынов Сырым Бәденұлына, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Жусупбекова Гүлмира Өмірханқызына сөз кезегін береміз.

**АБЖАНОВА САНДУГАШ СЕРИКБАЕВНА,**  
Павлодар облысының білім беру басқармасы,  
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің  
«баянауыл ауылының сәбилер бақшасы» кмқк басшысы

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ТӘРТІБІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУ ЖОБАСЫ



Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев «Әділетті мемлекет. Бір тұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа жолдауында: «Білім беру жүйесі-бұл ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақта «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын талаптар бекітілуге тиіс. Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады».

### Жанашыл жетекші

Қызметі	Іс-әрекеті	Сапасы
Мотивациялық	Зерттеушілік	Кәсіптік
Реттеуші	Стратегиялық	Жан-жақтылық
Ұйымдастырушы	Болжаулық	Жауапкершілік

### Жобаның мақсаты мен міндеті

Мақсаты	Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметін басқаруды жетілдіру жолдарын анықтау және сипаттау.
---------	--

Міндеті	1. Тәрбие үдерісінің сапасын қамтамасыз ету. 2. Педагогтардың кәсіби білімін жетілдіруіне жағдай жасау. 3. Педагогтардың кәсіптік деңгейлерін жетілдіру.
---------	--

Зерттеу нысаны - Мектепке дейінгі білім беру ұйымын басқару үдерісін жетілдіру
Зерттеу пәні - Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметін басқаруда педагогикалық технологиялар мен әдіс - тәсілдерін жетілдіру.
Күтілетін нәтиже - Мектепке дейінгі білім беру жұмысында басымдық бағыттары инновациялық режимде сапалы нәтиже көрсетеді.

### Жобаны жүзеге асыру кезеңдері

Дайындық кезеңі - Жобаны жүзеге асыру үшін мотивациялық дайындық қалыптастыру
---

Негізгі кезең - Мониторинг жүйесін жасау, жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру

Қорытынды кезең - Әр топта педагогтар өз жұмыстарына жобаның тиімділігі бойынша қорытынды жасау

Тәжірибе түрінде көрсету - Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәжірибелерін жариялау. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен Білім бөлімінің сайтына жіберу

Жобаның бағыты

Мектепке дейінгі ұйымды басқару жолдарын анықтау және сипаттау

Мектепке дейінгі ұйым жұмысын басқарудың жаңа әдістерін ұйымдастырып, әрі қарай жетілдірудің бағытын анықтау

Жобаны жүзеге асыру қағидалары

- Тәрбие үрдісінде стандартты сапалы пайдалану барысында ұлттық құндылықтарының ерекшеліктерін ескеру
- Үздіксіз тәрбие берудің түрлі бағыттары және жалпы білім берудің кез-келген сатысының мүмкіндіктерін анықтау
- Басқару жүйесін қатысушылардың құқықтары мен жауапкершіліктеріне бөлу

### Басқарудың әдістері

Экономикалық тұрғыдан ынталандыру әдістері (санатқа, атаққа ақы төлеу, қосымша ақылы қызмет көрсету т. б) .

Психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістері (тілектестік кеңестер, өтініштер, ұсыныстар, көтермелеулер, алғыс хаттар) .

Қоғамдық әсер ету әдістері (педагогтарды басқаруға, ұжымды мектепке дейінгі ұйымның негізі проблемаларын талқылауға және оларды жеңуге кеңінен тарату арқылы жүзеге асырылады) .

Әкімшілік әдістер (кадрларды іріктеу және орналастыру) .

**ЕРКИМБЕКОВА АЙГУЛЬ,**  
Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы,  
Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп –лицейінің  
Көркем еңбек пәні мұғалімі

## **9-СЫНЫП ҚЫЗ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «СИҚЫРЛЫ МОНШАҚ» ҮЙІРМЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ**

### *Аннотация:*

Мақалада 9-сынып қыз балаларға арналған «Сиқырлы моншақ» авторлық үйірме бағдарламасының мазмұны, ерекшелігі және тәрбиелік-шығармашылық мүмкіндіктері қарастырылады. Бағдарлама арқылы білім алушылардың сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылығын арттыру, ұлттық қолөнерді меңгерту, заманауи дизайн талаптарына сай бұйымдар жасау дағдыларын қалыптастыру жолдары сипатталады.

**Кілт сөздер:** Үйірме бағдарламасы, сәндік-қолданбалы өнер, моншақпен жұмыс, ұлттық қолөнер, шығармашылық, эстетикалық тәрбие, дизайн.

### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, еңбекке баулу және ұлттық құндылықтарды дәріптеу маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда сәндік-қолданбалы өнерді оқыту арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, қол еңбегіне қызығушылығын арттыру өзекті мәселе саналады.

Осы мақсатта әзірленген «Сиқырлы моншақ» авторлық үйірме бағдарламасы жалпы білім беретін мектептің 9-сынып қыз балаларына арналған.

### **Бағдарламаның ерекшелігі**

«Сиқырлы моншақ» үйірме бағдарламасы аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатқа жоспарланған. Бағдарламаның басты ерекшелігі – жалпы оқу бағдарламасында қамтылмаған тақырыптарды енгізу арқылы білім алушыларды түрлі материалдармен жұмыс істеуге баулу.

Үйірме барысында моншақпен жұмыс, кесте тігу, тұмар жасау, ою-өрнектің өңірлік ерекшеліктері, кинусайға өнері сияқты бағыттар қамтылады. Оқушылар дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдарды пайдалана отырып, заманауи дизайн талаптарына сай бұйымдар мен паннолар жасайды.

### **Оқыту әдістері мен мазмұны**

Бағдарлама мазмұны практикалық әрекетке негізделген. Үйірме мүшелері алғашқы кезеңде дайын үлгілер мен қалыптағыштар арқылы жұмыс жасаса, кейін сызбалармен танысып, өз идеяларын жүзеге асырады.

Сабақтарда: шығармашылық тапсырмалар;

- топтық және жеке жұмыстар;
- зерттеу және талдау әдістері;
- көрме ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар қауіпсіздік техникасына ерекше көңіл бөлініп, құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдылары қалыптастырылады.

### **Тәрбиелік және экономикалық мәні**

Үйірме жұмыстары барысында оқушылар жасаған бұйымдарының күнделікті өмірде қолданылу мүмкіндігін, экономикалық құндылығын түсінеді. Өнімнің өзіндік құнын есептеу, қалдықсыз жұмыс істеу, үнемділік пен ұқыптылыққа тәрбиелеу – бағдарламаның маңызды құрамдас бөлігі.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың

*«Алдау қоспай адал еңбегін сатқан,*

*Қолөнерлі – қазақтың төресі сол»*

деген сөзі үйірме жұмысының негізгі идеялық бағытын айқындайды.

### **Күтілетін нәтиже**

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде оқушылар:

- сәндік-қолданбалы өнер түрлерімен танысады;
- бұйым жасау технологиясын меңгереді;
- эстетикалық талғамы мен шығармашылық ойлауы дамиды;
- ұлттық және әлемдік мәдени мұраға құрметпен қарайды;
- еңбек сүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиеленеді.

### **Қорытынды**

«Сиқырлы моншақ» үйірме бағдарламасы оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға, ұлттық қолөнерді заманауи талаптарға сай игеруге және болашақ кәсіби бағдарын айқындауға мүмкіндік береді. Бағдарлама білім

алушыларды жан-жақты дамыған, мәдениеті жоғары, еңбекқор тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған тиімді құрал болып табылады.

### **Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі «Адал азамат» ұғымын қалыптастыру жолдары** (педагог-куратор тәжірибесінен)

#### **Аннотация.**

Мақалада Назарбаев Зияткерлік мектептері жағдайында оқушылардың бойында «Адал азамат» ұғымын қалыптастырудың негізгі бағыттары қарастырылады. Педагог-куратордың тәрбиелік қызметі аясында қазақстандық бірегейлікті нығайту, әлеуметтік, интеллектуалдық және физикалық дамуды үйлесімді жүзеге асыру жолдары талданады.

**Түйін сөздер:** адал азамат, педагог-куратор, қазақстандық бірегейлік, әлеуметтік даму, интеллектуалдық даму, физикалық даму, НЗМ.

#### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру кеңістігінде мектептің негізгі міндеті – тек академиялық білім берумен шектелмей, тұлғаның рухани-адамгершілік, әлеуметтік және азаматтық қасиеттерін дамыту. Осы тұрғыда Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Адал азамат» тұжырымдамасы тәрбиелік жұмыстың басым бағыты ретінде айқындалған. Педагог-куратор – осы құндылықтарды оқушы бойына сіңіруде жетекші тұлға.

#### **Қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы педагог-куратордың рөлі**

Педагог-куратор ретінде оқушылардың қазақстандық бірегейлігін қалыптастыру – тәрбие жұмысының негізгі өзегі. Кураторлық сағаттарда ұлттық құндылықтар, мемлекеттік рәміздер, ел тарихы мен мәдени мұрасы жүйелі түрде қамтылады. Оқушылардың азаматтық жауапкершілігін арттыру мақсатында патриоттық жобалар, тарихи-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл жұмыстар оқушылардың өз елін құрметтеуге, көпұлтты қоғамда толерантты болуға тәрбиелейді.

#### **Әлеуметтік дамуды қамтамасыз ету жолдары**

Әлеуметтік даму – адал азамат тұлғасының маңызды көрсеткіші. Педагог-куратор оқушыларды ұжымда жұмыс істеуге, өзара сыйластық пен жауапкершілікке баулиды. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымдарына қатысу, волонтерлік қызметтер мен әлеуметтік жобалар арқылы оқушылар қоғамға қызмет етудің маңызын түсінеді. Бұл үдеріс оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытып, әлеуметтік белсенділігін арттырады.

#### **Интеллектуалдық дамуда академиялық адалдықтың маңызы**

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде интеллектуалдық даму білім сапасымен қатар академиялық адалдық қағидаттарын сақтаумен тығыз байланысты. Педагог-куратор ретінде оқушыларға адал еңбек, өз біліміне жауапкершілікпен қарау, сыни ойлау дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіледі. Зерттеу жобалары мен рефлексиялық жұмыстар оқушылардың өзіндік пікір қалыптастыруына және зияткерлік дербестігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### **Физикалық даму – үйлесімді тұлға қалыптастырудың негізі**

Физикалық даму адал азамат тәрбиелеуде маңызды орын алады. Педагог-куратор салауатты өмір салтын насихаттауға, оқушылардың спорттық белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөледі. Спорттық іс-шаралар мен қозғалыс белсенділігі оқушылардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, тәртіпке, табандылыққа және өзін-өзі басқаруға үйретеді.

#### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Адал азамат» ұғымын қалыптастыру – педагог-куратордың жүйелі әрі мақсатты жұмысының нәтижесі. Қазақстандық бірегейлік, әлеуметтік жауапкершілік, интеллектуалдық адалдық және физикалық саулық өзара үйлесім тапқанда ғана жан-жақты дамыған, ел болашағына жауапты азамат қалыптасады. Педагог-куратордың кәсіби қызметі осы құндылықтарды оқушы тұлғасында орнықтыруға бағытталуы тиіс.

**Қасен А. Ә., Ажигалиева Б. С.**

**Ақтөбе қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагог-ұйымдастырушы-кураторлары**



**АМЕНОВ НУРБОЛ МАКИШЕВИЧ,**  
Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы,  
«Е. Шаханов атындағы тірек мектебі (РО)» КММ-нің  
дене шынықтыру пәні мұғалімі

## ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

### Аннотация

Мақалада дене шынықтыру сабақтарында қозғалмалы ойындарды қолданудың оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырудағы және дене белсенділігін дамытудағы педагогикалық маңызы қарастырылады. Қозғалмалы ойындар оқушылардың физикалық қабілеттерін жетілдіруге, командалық жұмысқа үйретуге, өзара ынтымақтастық пен жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сабақ барысында ойын элементтерін жүйелі қолдану оқушылардың белсенді қатысуын арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға оң ықпал етеді. Мақалада мектеп тәжірибесіне негізделген тұжырымдар мен әдістемелік қорытындылар ұсынылады.

*Түйін сөздер:* дене шынықтыру, қозғалмалы ойындар, пәнге қызығушылық, дене белсенділігі, командалық жұмыс, салауатты өмір салты.

### Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту, олардың қозғалыс белсенділігін арттыру – дене шынықтыру пәнінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру да өзекті мәселе болып саналады. Практика көрсеткендей, бірсарынды жаттығуларға негізделген сабақтар оқушылардың белсенділігін төмендетіп, сабаққа деген ынтасын әлсіретуі мүмкін. Осыған байланысты дене шынықтыру сабағында оқытудың белсенді әдістерін, соның ішінде қозғалмалы ойындарды қолдану қажеттілігі туындайды. Қозғалмалы ойындар оқушыларды еркін қимылдауға, қозғалыс әрекеттерін қызығушылықпен орындауға мүмкіндік береді. Олар сабақтың мазмұнын жандандырып, эмоционалдық ахуалды жақсартады және оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Сондықтан қозғалмалы ойындарды дене шынықтыру сабағында жүйелі қолдану оқыту

үдерісінің тиімділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі болып табылады.

### Негізгі бөлім

Дене шынықтыру сабағында қозғалмалы ойындарды қолдану оқушылардың физикалық дамуын қамтамасыз етумен қатар, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Қозғалмалы ойындар барысында оқушылар табиғи қозғалыс әрекеттерін орындай отырып, негізгі дене қасиеттерін – жылдамдықты, ептілікті, күш пен төзімділікті дамытады. Мұндай ойындар сабақтың мазмұнын жандандырып, оқушыларды белсенді қатысуға ынталандырады, нәтижесінде сабақтың тәрбиелік және дамытушылық әлеуеті артады.

Қозғалмалы ойындардың педагогикалық тиімділігі олардың эмоционалдық тартымдылығымен тығыз байланысты. Ойын жағдайында оқушылар өзін еркін сезінеді, қимыл-қозғалысты қызығушылықпен орындайды және жарыс элементі арқылы жоғары нәтижеге жетуге ұмтылады. Бұл жағдай оқушылардың ішкі мотивациясын қалыптастырып, дене шынықтыру сабағына деген жағымды көзқарасын нығайтады. Сонымен қатар, ойын барысында жеңіске жету немесе команданың ортақ нәтижесіне үлес қосу оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігін арттырады.

Қозғалмалы ойындарды жүйелі қолдану командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Эстафеталық және топтық ойындар барысында оқушылар бір-бірімен өзара әрекеттесіп, ортақ мақсатқа жету үшін келісімді әрекет етуге үйренеді. Бұл өз кезегінде жауапкершілік, тәртіп, өзара сыйластық сияқты маңызды әлеуметтік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе доппен орындалатын эстафеталық ойындар оқушылардың қозғалыс үйлесімділігін дамытып, кеңістікте бағдарлау қабілетін жетілдіреді.

Дене шынықтыру сабағында қозғалмалы ойындарды қолданудың тағы бір маңызды қыры – олардың барлық

оқушыларды қамту мүмкіндігі. Ойын тапсырмалары оқушылардың жеке физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылған жағдайда, әр оқушы өзін сабақтың толыққанды қатысушысы ретінде сезінеді. Бұл оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақтан шет қалу жағдайларының алдын алады. Нәтижесінде, дене шынықтыру сабағы тек физикалық жаттығуларды орындау алаңы емес, тұлғалық дамуға ықпал ететін тәрбиелік ортаға айналады.

Қозғалмалы ойындар арқылы ұйымдастырылған сабақтар салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Үнемі қозғалыс әрекетінде болу оқушылардың денсаулығын нығайтып, жалпы физикалық дайындығын жақсартады. Сонымен қатар, ойын түріндегі сабақтар оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, бос уақытын тиімді өткізуге үйретеді. Бұл дағдылар оқушылардың болашақта белсенді өмір салтын ұстануына негіз қалайды.

Осылайша, қозғалмалы ойындарды дене шынықтыру сабағында мақсатты және жүйелі қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың физикалық, әлеуметтік және тұлғалық дамуына кешенді түрде ықпал етеді. Мұндай сабақтар оқыту үдерісінің тиімділігін арттырып, дене шынықтыру пәнінің білім беру жүйесіндегі маңызын күшейтеді.

### Қорытынды

Қазіргі білім беру жағдайында дене шынықтыру пәні тек оқушылардың физикалық дайындығын арттырумен шектелмей, олардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына және салауатты өмір салтын ұстануына ықпал ететін маңызды пән ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, дене шынықтыру сабақтарының мазмұнын жаңарту, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын тиімді әдістерді қолдану өзекті педагогикалық міндет болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қозғалмалы ойындар осы міндетті жүзеге асырудың тиімді құралдарының бірі болып саналады.

Қозғалмалы ойындарды сабақта жүйелі қолдану оқушылардың дене белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың сабаққа деген оң көзқарасын қалыптастырады. Ойын элементтері арқылы ұйымдастырылған сабақтар оқушыларды белсенді әрекетке тартып, қимыл-қозғалысты қызығушылықпен орындауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оқушылардың пәнге деген ішкі мотивациясын күшейтіп, дене шынықтыру сабағына тұрақты қатысуына жағдай жасайды. Ойын барысында оқушылар физикалық жүктемені байқамай қабылдап, қозғалыс әрекеттерін еркін әрі сенімді орындайды.

Қозғалмалы ойындардың тағы бір маңызды артықшылығы – олардың тәрбиелік әлеуетінің жоғары болуы. Эстафеталық және топтық ойындар барысында оқушылар командалық жұмысқа бейімделіп, өзара ынтымақтастыққа, жауапкершілікке және тәртіп сақтауға үйренеді. Бұл оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға және өз-өзіне деген сенімділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, барлық оқушылардың ойынға қатысуы сабақтағы психологиялық жайлылықты қамтамасыз етіп, оқушылар арасындағы өзара түсіністікті нығайтады.

Қозғалмалы ойындарды қолдану дене шынықтыру сабағында жеке ерекшеліктерді ескеруге де мүмкіндік береді. Ойын тапсырмаларын оқушылардың жасына, физикалық дайындығына және мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеу арқылы әрбір оқушыны сабаққа тартуға болады. Бұл әсіресе дене шынықтыру сабағында белсенділігі төмен немесе өзіне сенімсіз оқушылар үшін маңызды. Нәтижесінде, сабақта шет қалу жағдайлары азайып, жалпы сыныптың белсенділігі артады.

Сонымен қатар, қозғалмалы ойындар салауатты өмір салтын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Үнемі қозғалыста болу оқушылардың денсаулығын нығайтып, жалпы физикалық дамуын жақсартады. Сабақта алған жағымды эмоция мен қозғалысқа деген қызығушылық оқушыларды спортпен тұрақты айналысуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ынталандырады. Бұл дағдылар оқушылардың болашақ өмірінде белсенді әрі дені сау тұлға болып қалыптасуына негіз қалайды.

Қорытындылай келе, қозғалмалы ойындарды дене шынықтыру сабақтарында мақсатты және жүйелі түрде қолдану оқыту үдерісінің тиімділігін арттырады, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тұрақты қалыптастырады және олардың физикалық, әлеуметтік әрі тұлғалық дамуына кешенді түрде ықпал етеді. Сондықтан қозғалмалы ойындарды дене шынықтыру сабағының ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, оларды әдістемелік тұрғыда сауатты ұйымдастыру – қазіргі мектептегі дене шынықтыру пәнін дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2022.
2. Әбілқасымов А. Қ. Мектептегі дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2018.
3. Дене шынықтыруды оқыту әдістемесі. – Алматы, 2020.
4. Салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2019.

**АМАНБАЕВ КОСАЙ СЕРИКОВИЧ,**

биология пәні мұғалімі

№2жалпы білім беретін мектеп

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

**«МАҢҒЫСТАУ ФЛОРАСЫ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ –  
ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА ЖАСАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ**

Мақалада бастауыш және негізгі білім алушыларға арналған «Маңғыстау флорасы» авторлық бағдарламасының мазмұны, оны енгізудің педагогикалық негіздері, тәжірибелік зерттеу нәтижелері мен талдаулары қарастырылады. Бағдарлама оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, туған өлкенің өсімдіктер әлемін танып-білуге және табиғатты қорғауға жауапкершілікпен қарауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері бағдарламаның оқушылардың танымдық белсенділігіне, функционалдық сауаттылығына және экологиялық санасының дамуына оң әсер еткенін көрсетеді.

*Түйін сөздер:* Маңғыстау флорасы, авторлық бағдарлама, экологиялық тәрбие, табиғатты қорғау, функционалдық сауаттылық, өлкетану.

Қазіргі жаһандану дәуірінде адамзат қоғамы табиғи ресурстарды шамадан тыс пайдалану, қоршаған ортаның ластануы, климаттың жаһандық өзгеруі және биологиялық алуан түрліліктің азаюы сияқты күрделі экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Бұл мәселелердің салдары тек табиғи ортаға ғана емес, сонымен қатар адам денсаулығына, әлеуметтік-экономикалық даму мен келешек ұрпақтың өмір сүру сапасына тікелей әсер етуде. Осыған байланысты экологиялық сананы қалыптастыру, табиғатқа жауапкершілікпен қарау мәдениетін дамыту білім беру жүйесінің стратегиялық маңызды міндеттерінің біріне айналды.

Экологиялық тәрбиені тиімді жүзеге асырудың басты жолы – оны мектеп жасынан бастап жүйелі түрде қалыптастыру. Әсіресе бастауыш сынып кезеңі баланың дүниетанымы, құндылықтар жүйесі мен мінез-құлқы қалыптасатын маңызды кезең болып табылады. Сондықтан осы кезеңде табиғатқа деген сүйіспеншілік, туған өлкені құрметтеу, қоршаған ортаны қорғау дағдыларын дамыту ерекше маңызға ие.

Маңғыстау өңірі – Қазақстанның өзіндік табиғи-климаттық ерекшеліктерімен, шөлейт және жартылай шөлейт аймаққа тән өсімдіктер әлемімен ерекшеленетін бірегей өлке. Бұл өңірде жусан, сексеуіл, изен, баялыш сияқты табиғи жағдайға бейімделген өсімдіктермен қатар, сирек кездесетін және қорғауға алынған өсімдік түрлері де бар. Алайда жүргізілген бақылаулар мен сауалнамалар оқушылардың жергілікті флора туралы білім деңгейінің жеткіліксіз екенін, табиғатты қорғау дағдыларының жүйелі түрде қалыптаспай отырғанын көрсетті. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Маңғыстау флорасы» атты авторлық бағдарлама әзірленді.

*Зерттеудің мақсаты:* экологиялық мәдениетін қалыптастыруда «Маңғыстау флорасы» авторлық бағдарламасының тиімділігін анықтау, оның білімдік және тәрбиелік әлеуетін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

*Зерттеудің міндеттері:*

- Маңғыстау флорасына қатысты білім мазмұнын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүйелеу;
- Оқушылардың экологиялық білім деңгейін, табиғатқа деген қызығушылығы мен жауапкершілік сезімін анықтау;
- Авторлық бағдарламаның оқу-тәрбие үдерісіне ықпалын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеу;
- Алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау арқылы бағдарламаның тиімділігін бағалау.

Зерттеу барысында педагогика ғылымында кеңінен қолданылатын сапалық және сандық әдістер пайдаланылды. Атап айтқанда:

- педагогикалық бақылау – оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін, қызығушылығын анықтау үшін;
- сауалнама – оқушылардың экологиялық көзқарасы мен құндылықтарын зерделеу мақсатында;
- диагностикалық тапсырмалар – экологиялық білім мен дағдылардың деңгейін анықтау үшін;
- салыстырмалы талдау – зерттеу басындағы және соңындағы көрсеткіштерді салыстыру үшін;
- тәжірибелік-эксперименттік жұмыс – авторлық бағдарламаның тиімділігін тексеру мақсатында.

Зерттеу 3–4 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Экспериментке барлығы 48 оқушы қатысты. Зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды: анықтау, қалыптастыру және қорытындылау кезеңдері.

Бағдарлама мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылды және төмендегі бағыттарды қамтиды:

- Маңғыстау өңірінің табиғи-климаттық ерекшеліктері;
- Жергілікті өсімдіктер түрлері (жусан, сексеуіл, изен, баялыш және т. б. )
- Сирек және қорғауға алынған өсімдіктердің экологиялық маңызы;
- Өсімдіктердің адам өміріндегі, тұрмыс пен шаруашылықтағы рөлі;

- Табиғатты қорғау ережелері мен экологиялық мінез-құлық нормалары;
  - Практикалық жұмыстар, бақылау және зерттеу тапсырмалары.
- Оқыту барысында экскурсия, бақылау күнделігін жүргізу, шағын жобалар орындау, шығармашылық тапсырмалар беру сияқты белсенді оқыту әдістері кеңінен қолданылды.

Бұл тәсілдер оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттырып, алған білімдерін өмірмен байланыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу басталар алдында және бағдарлама аяқталған соң оқушылардың экологиялық білім деңгейі анықталды.

1-кесте – Оқушылардың экологиялық білім деңгейінің өзгерісі (%)

Көрсеткіштер	Зерттеу басында	Зерттеу соңында
Жоғары деңгей	18%	46%
Орта деңгей	42%	41%
Төмен деңгей	40%	13%

#### Нәтижелерді талдау:

- Жоғары деңгейдегі оқушылар саны 2,5 есеге артты;
- Төмен деңгейдегі көрсеткіш 27% -ға азайды;
- Оқушылар өсімдіктерді ажырата білу, олардың экологиялық маңызын түсіну және қорғау жолдарын ұсыну дағдыларын меңгерді.

Сауалнама қорытындылары бойынша:

- Оқушылардың 82% -ы табиғатты қорғаудың маңызын саналы түрде түсінетінін көрсетті;
- 76% -ы өсімдіктерді қорғауға қатысты нақты әрекеттерді (сындырмау, жұлып алмау, қокыс тастамау) атай алды;
- 69% -ы отбасында экологиялық тақырыпта әңгіме жүргізе бастағанын атап өтті.
- Зерттеу басталар алдында және бағдарлама аяқталған соң оқушылардың экологиялық білім деңгейі анықталды.

Зерттеу нәтижелері «Маңғыстау флорасы» авторлық бағдарламасының тек теориялық білім берумен шектелмей, оқушылардың экологиялық мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал еткенін көрсетті. Оқушылар туған өлкенің өсімдіктер әлеміне қызығушылық танытып, табиғатты қорғауға жеке жауапкершілікпен қарай бастады. Сонымен қатар бағдарлама функционалдық сауаттылықты дамытуға әсер етіп, оқушылардың ақпаратты талдау, қорытынды жасау және өз ойын дәлелдеу дағдыларын жетілдірді.

Қорытындылай келе, «Маңғыстау флорасы» авторлық бағдарламасы:

- оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырады;
- туған өлкені тануға деген қызығушылығын арттырады;
- табиғатты қорғауға алғашқы саналы қадам жасауға мүмкіндік береді;
- білім мен тәрбиені кіріктіре отырып жүзеге асырады.

Бағдарламаны мектептің вариативтік компонентіне енгізу және басқа өңірлердің ерекшеліктеріне бейімдеп қолдану тиімді деп есептеледі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламалары. – Астана, 2022.
2. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі. Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау жөніндегі ұлттық стратегиясы. – Астана, 2021.
3. Әбдіқалықова М. Т. Экологиялық тәрбие – тұрақты дамудың негізі. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
4. Бейсенова Ә. С. , Шілдебаев Ж. Б. Экология және табиғатты қорғау негіздері. – Алматы: Рауан, 2018.
5. Бейсенова Ә. С. Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы: Мектеп, 2020.
6. Қасымбеков Б. К. Қазақстан флорасы және өсімдіктер экологиясы. – Алматы: Ғылым, 2017.
7. Сәтбаев Қ. И. Қазақстан табиғаты және табиғи ресурстар. – Алматы: Санат, 2016.
8. Төреханова Қ. А. Бастауыш сынып оқушыларын экологиялық тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2019.

**БАРМУХАМБЕТОВА ГУЛЖАМИЛА,**

информатика пәні мұғалімі  
 №2жалпы білім беретін мектеп  
 Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

## ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МЕН МАТЕМАТИКА ПӘНІН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Аңдатпа**

Бұл мақалада информатика және математика пәндерін кіріктіре оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері, оның білім алушылардың логикалық, алгоритмдік және функционалдық ойлау қабілеттерін дамытудағы маңызы қарастырылады. Зерттеу барысында пәнаралық кіріктірудің оқу үдерісіндегі тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденеді. Математика мен информатика пәндерін ықпалдастыра оқыту оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін арттырып, білімді өмірмен байланыстыра қолдану дағдыларын қалыптастыратыны анықталды.

**Түйін сөздер:** пәнаралық кіріктіру, информатика, математика, алгоритмдік ойлау, функционалдық сауаттылық, цифрлық құзыреттілік.

Қазіргі қоғамның қарқынды цифрлануы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Ақпараттық технологиялардың дамуы, цифрлық экономиканың қалыптасуы және жасанды интеллекттің күнделікті өмірге енуі мектептегі оқыту мазмұнын жаңартуды қажет етеді. Осы тұрғыда оқушылардың логикалық ойлауын, талдау қабілетін, есептеу дағдыларын және ақпараттық сауаттылығын дамыту ерекше маңызға ие. Математика мен информатика – бір-бірімен тығыз байланысқан, өзара толықтыратын пәндер. Математика логикалық ойлаудың дәлелдеу мен есептеудің негізін қаласа, информатика осы ойлау әрекеттерін алгоритмдеу, модельдеу және бағдарламалау арқылы іске асырады. Сондықтан бұл екі пәнді кіріктіре оқыту оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін кеңейтіп, білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының көпшілігі математикадағы теориялық білімді информатикада қолдануда, ал информатикадағы алгоритмдік ұғымдарды математика есептерімен байланыстыруда қиындықтарға тап болады. Пәндердің оқшау оқытылуы білімнің тұтастығын бұзып, оқушылардың функционалдық сауаттылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сондықтан информатика мен математика пәндерін кіріктіре оқыту:

- білімнің өмірмен байланысын күшейтеді;
- оқушылардың логикалық және алгоритмдік ойлауын дамытады;
- цифрлық сауаттылық пен есептік мәдениетті қалыптастырады.

Осы мәселелер зерттеудің өзектілігін айқындайды.

**Зерттеудің мақсаты:**

Информатика мен математика пәндерін кіріктіре оқытудың оқушылардың танымдық қабілеті мен оқу жетістіктеріне әсерін анықтау және оның тиімділігін ғылыми тұрғыда дәлелдеу.

**Зерттеудің міндеттері:**

- Пәнаралық кіріктіру ұғымына теориялық талдау жасау;
- Математика мен информатика пәндерінің өзара байланысын айқындау;
- Кіріктірілген оқытудың оқушылардың логикалық және алгоритмдік ойлауына әсерін зерттеу;
- Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу арқылы нәтижелерді салыстырмалы талдау.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- педагогикалық бақылау;
- сауалнама және әңгімелесу;
- диагностикалық тапсырмалар;
- салыстырмалы талдау;
- тәжірибелік-эксперименттік жұмыс.

Зерттеу 5–7 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Қатысушылар саны – 52 оқушы.

Математика – информатиканың теориялық іргетасы. Алгоритм, айнымалы, функция, модель, график, логикалық амалдар сияқты ұғымдар екі пәнге де ортақ. Информатикада бағдарламалау арқылы математикалық есептерді шешу оқушылардың абстрактілі ойлауын нақты әрекетке айналдыруға мүмкіндік береді.

Кіріктірілген оқыту барысында:

- математикалық есептер алгоритм түрінде шешіледі;
- кесте, диаграмма, графиктер компьютерлік модельдеу арқылы көрсетіледі;
- логикалық есептер бағдарламалау элементтерімен байланысады.

Бұл тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Зерттеу барысында бір сыныпта дәстүрлі оқыту, екінші сыныпта кіріктірілген оқыту жүргізілді.

**1-кесте – Оқушылардың логикалық ойлау деңгейінің өзгерісі (%)**

Деңгейлер	Зерттеу басында	Зерттеу соңында
Жоғары	21%	48%
Орта	39%	37%
Төмен	40%	15%

**Нәтижелерді талдау:**

- Жоғары деңгейдегі оқушылар саны екі еседен астам артты;
- Төмен деңгей 25% -ға азайды;
- Оқушылар есептерді шешу кезінде алгоритм құруды саналы түрде қолдана бастады.

Сауалнама нәтижелері бойынша:

- оқушылардың 84% -ы пәндерді кіріктіріп оқыту сабақты түсінуді жеңілдететінін атап өтті;
- 78% -ы информатикадағы білім математика есептерін шешуге көмектескенін көрсетті;
- 71% -ы өз бетінше есеп құрастыру және бағдарламалау элементтерін қолдануға қызығушылық танытты.

Бұл деректер кіріктірілген оқытудың тиімді екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері информатика мен математика пәндерін кіріктіре оқытудың оқушылардың логикалық, алгоритмдік және функционалдық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Кіріктірілген оқыту оқушылардың білімді тәжірибеде қолдану қабілетін дамытып, цифрлық құзыреттілігін қалыптастырады.

Қорытындылай келе, информатика мен математика пәндерін кіріктіре оқыту:

- білім мазмұнының тұтастығын қамтамасыз етеді;
- оқушылардың ойлау қабілетін дамытады;
- пәндерге деген қызығушылықты арттырады;
- заманауи білім беру талаптарына толық сәйкес келеді.

Аталған тәсілді мектеп тәжірибесіне кеңінен енгізу білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

## ТОЛЕГЕНОВА ҚАРЛЫҒАШ СӘДІХИНОВА,

Бастауыш сынып мұғалімі

№4 жалпы білім беретін мектеп

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы

## «САНДЫҚ ЛАБИРИНТ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі жаһанданумен цифрландыру үдерісі білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіп отыр. XXI ғасырда білім алушыдан тек пәндік білімді меңгеру ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, мәселе шешу, ақпаратты талдау, алгоритмдік әрекет ету және сандық ортада тиімді жұмыс істей білу қабілеттері талап етіледі. Осыған байланысты бастауыш білім беру сатысында оқушылардың функционалдық, математикалық және цифрлық сауаттылығын қалыптастыру өзекті мәселелердің біріне айналды.

Бастауыш сынып – баланың танымдық қабілеттері, ойлау әрекеті, оқу мотивациясы қалыптасатын шешуші кезең. Сондықтан бұл деңгейде оқыту мазмұнын баланың жас ерекшелігіне сай, қызықты, әрекетке негізделген, ойын элементтерімен байыту аса маңызды. Осы талаптарға жауап беретін тиімді инновациялық құралдардың бірі – «Сандық лабиринт» авторлық бағдарламасы.

«Сандық лабиринт» бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының логикалық және алгоритмдік ойлауын, математикалық сауаттылығын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған заманауи оқыту моделі болып табылады. Қазіргі білім беру стандарттарында оқушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру негізгі басымдықтардың бірі ретінде қарастырылады. Цифрлық сауаттылық – бұл тек компьютерді немесе гаджетті пайдалану дағдысы емес, ол ақпаратты қабылдау, өңдеу, талдау, логикалық шешім қабылдау және алгоритмдік әрекеттерді жоспарлау қабілеттерінің жиынтығы.

Алгоритмдік ойлау бастауыш сыныпта келесі дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- әрекеттерді белгілі бір реттілікпен орындау;
- тапсырманы кезең-кезеңмен шешу;
- себеп-салдарлық байланысты анықтау;

- қателікті табу және түзету;

- жоспарлау және болжам жасау.

Бұл дағдылар математиканы меңгерумен қатар, басқа пәндерде де, күнделікті өмірде де кеңінен қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, «Сандық лабиринт» бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының ойлау мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

«Сандық лабиринт» – ойын технологиясына негізделген, логикалық және сандық тапсырмалар жүйесі арқылы оқытуды жүзеге асыратын авторлық бағдарлама. Бағдарламаның негізгі идеясы – оқушыларды ойын арқылы ойлануға, ізденуге, шешім қабылдауға үйрету.

Бағдарламаның құрылымы төмендегі негізгі бөлімдерден тұрады:

1. *Кіріспе ойын тапсырмалары* – оқушыны оқу әрекетіне қызықтыру, зейінін шоғырландыру;
2. *Лабиринттік есептер* – бағыттау, жол таңдау, шартты орындау арқылы алгоритм құру;
3. *Логикалық және математикалық тапсырмалар* – салыстыру, топтастыру, талдау;
4. *Шығармашылық лабиринттер* – өз шешімін ұсыну, бірнеше жолмен ойлау;
5. *Интерактивті жұмыс* – сандық құралдар мен көрнекіліктерді пайдалану.

Тапсырмалар күрделілік деңгейі бойынша біртіндеп артып отырады, бұл оқушының танымдық дамуын қамтамасыз етеді және оқытуда дараландыру қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогика ғылымында ойын арқылы оқыту бастауыш сынып оқушылары үшін ең тиімді әдістердің бірі ретінде дәлелденген. Ойын – баланың табиғи әрекеті, сондықтан оқу үдерісіне ойын элементтерін енгізу оқушының ішкі мотивациясын арттырады. «Сандық лабиринт» бағдарламасында:

- оқушы қателесуден қорықпайды;
- тапсырманы бірнеше рет орындау мүмкіндігі бар;
- нәтижеге жету қызығушылық тудырады;
- оқу әрекеті эмоционалды жағымды ортада өтеді.

Ойын элементтері арқылы оқушылардың сыни ойлауы, топпен жұмыс істеу қабілеті, өз бетімен шешім қабылдауы дамиды. Бұл бағдарламаның педагогикалық құндылығын арттыра түседі.

Математикалық сауаттылық – математикалық білімді өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеті. «Сандық лабиринт» бағдарламасы есептерді тек формалды шығару емес, олардың мағынасын түсіну, логикалық байланысын анықтау, практикалық тұрғыда қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Бағдарлама арқылы оқушылар:

- сандар арасындағы қатынасты түсінеді;
- кеңістікте бағдарлауды үйренеді;
- есептің бірнеше шешу жолын қарастырады;
- уақыт пен ресурсты тиімді пайдалануға машықтанады.

Бұл дағдылар бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруға тікелей ықпал етеді. «Сандық лабиринт» бағдарламасын апробациялау барысында бірқатар оң нәтижелер анықталды:

- оқушылардың логикалық тапсырмаларды орындау жылдамдығы артты;
- математикалық есептерді шешудегі дәлдік көрсеткіші жоғарылады;
- оқушылардың пәнге деген қызығушылығы күшейді;
- өз бетімен жұмыс істеу және шығармашылық белсенділік қалыптасты.

Мұғалімдер тарапынан бағдарламаның сабақ құрылымын жандандыратыны, оқыту процесін интерактивті ететіні атап өтілді.

Қорыта айтқанда, «Сандық лабиринт» авторлық бағдарламасын бастауыш сыныпта оқыту – қазіргі білім беру талаптарына толық жауап беретін тиімді педагогикалық шешім. Бағдарлама оқушылардың логикалық, алгоритмдік және математикалық ойлау қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың сандық сауаттылығын, оқу мотивациясын және шығармашылық әлеуетін арттырады. Ойынға негізделген, сандық мазмұнмен байытылған бұл бағдарлама бастауыш білім беру жүйесінде инновациялық тәжірибе ретінде кеңінен қолдануға лайық және педагогикалық практикада өз тиімділігін дәлелдейді.

**ИМАНАЛИЕВА ГУЛЬМИРА КУАТОВНА,**  
Алматинская область, Карасайский район, город Каскелен  
учитель физики и информатики

## **ЧАСТНОЕ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «НЕМЕРЕ»**

**«STEM- и STEAM-ориентированное обучение в курсе физики и информатики: проектная деятельность, инженерное мышление и развитие функциональной грамотности школьников»**

В статье рассматриваются возможности интеграции STEM- и STEAM-подходов в обучении физике и информатике как средства развития инженерного мышления школьников. Обоснована актуальность внедрения практико-ориентированных и междисциплинарных методов обучения в условиях цифровизации образования. Раскрыта роль проектной деятельности, цифровых технологий и функциональной грамотности в формировании ключевых компетенций XXI века. Показано, что использование STEM-подходов способствует повышению мотивации обучающихся, развитию аналитического и системного мышления, а также подготовке школьников к будущей профессиональной деятельности в сфере науки и технологий.

**Ключевые слова:** STEM-образование, STEAM-подход, физика, информатика, инженерное мышление, проектная деятельность, функциональная грамотность.

### **Введение**

Современная система образования ориентирована на подготовку обучающихся к жизни в условиях стремительного научно-технического прогресса и цифровой трансформации общества. Развитие высоких технологий, инженерных решений и искусственного интеллекта актуализирует необходимость формирования у школьников комплекса практико-ориентированных компетенций, включающих системное мышление, умение решать реальные задачи и работать с цифровыми инструментами.

В этих условиях особую значимость приобретает STEM- и STEAM-ориентированное обучение, которое объединяет естественные науки, технологии, инженерию, математику и творческую деятельность в целостную образовательную модель. Данный подход позволяет сместить акцент с усвоения теоретических знаний на их практическое применение и формирование инженерного мышления.

### **Роль STEM-подходов в обучении физике и информатике**

Физика и информатика являются ключевыми дисциплинами, формирующими технологическое и инженерное мышление школьников. Физика обеспечивает понимание фундаментальных закономерностей природы, а информатика — инструменты моделирования, программирования и обработки данных. Интеграция этих предметов в рамках STEM-подхода способствует осознанию межпредметных связей и практической значимости изучаемого материала.

Использование STEM-принципов позволяет организовать обучение на основе исследования, эксперимента и проектирования. Учащиеся не только изучают теоретические положения, но и применяют их при создании моделей, прототипов и цифровых продуктов, что способствует развитию аналитических и конструкторских навыков.

### **Проектная деятельность как средство формирования инженерного мышления**

Проектная деятельность является одним из основных инструментов STEM-обучения и моделирует реальные условия инженерной практики. В ходе работы над проектами обучающиеся проходят все этапы инженерного цикла: постановку проблемы, поиск и анализ решений, конструирование, тестирование и представление результатов.

Такая форма работы способствует развитию функциональной грамотности, умения работать в команде, принимать решения и нести ответственность за конечный результат. Проекты повышают мотивацию школьников, формируют интерес к техническим и естественно-научным дисциплинам и создают условия для осознанного профессионального самоопределения.

### **Оценивание результатов STEM-обучения**

Важным аспектом реализации STEM-подходов является система оценивания, ориентированная не только на предметные знания, но и на развитие универсальных учебных действий. Оценка осуществляется на основе критериев функциональной грамотности, включающих анализ, планирование, моделирование, коммуникацию и сотрудничество.

Использование портфолио, цифровых продуктов и самооценки позволяет отслеживать индивидуальную образовательную траекторию учащихся и фиксировать их личностный и познавательный рост.

### Заклучение

Таким образом, интеграция STEM- и STEAM-подходов в обучении физике и информатике является эффективным средством развития инженерного мышления школьников. Данный подход способствует формированию практико-ориентированных компетенций, повышению учебной мотивации и подготовке обучающихся к жизни в условиях технологически сложного мира.

STEM-ориентированное обучение позволяет превратить учебный процесс в пространство активного познания и творчества, где школьник выступает не пассивным потребителем знаний, а их создателем и преобразователем. Это делает образование более осмысленным, современным и ориентированным на будущее.

### Список использованной литературы

- 1.Алимова М. К. , Кожаметова Г. К. Инновационные подходы в обучении естественно-научным предметам. – Алматы: НИШ, 2022.
- 2.Ермекова Ж. М. STEAM-подход в основной школе: содержание и методика внедрения. – Астана: Фолиант, 2023.
- 3.Кусаинова А. Р. Практико-ориентированное обучение как средство развития функциональной грамотности. – Астана: НИШ, 2021.
- 4.Нургалиева Г. К. Подходы к оцениванию учебных достижений учащихся в условиях обновлённого содержания. – Алматы: Өрлеу, 2020.
- 5.Глебалдина Г. С. , Мустафина А. А. Методические рекомендации по организации проектной деятельности школьников. – Алматы: Рауан, 2022.

## ДИЯРОВА ОРАЗГУЛ РИСКУЛОВНА,

Шымкент қаласы Абай ауданы  
«Нұр - Әли бөбекжай» бақшасы  
Тәрбиеші

## БАЛАБАҚША ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТА ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Заманауи білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – тұлғаның функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Функционалды сауаттылық дегеніміз – баланың алған білімін күнделікті өмірде, нақты жағдайларда қолдана білу қабілеті. Бұл ұғым мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше маңызға ие, себебі баланың ойлау қабілеті, танымдық белсенділігі мен өмірлік дағдылары дәл осы кезеңде қалыптасады. Балабақша тәрбиеленушілерінің математикалық бағыттағы функционалды сауаттылығын дамыту – олардың болашақ оқу жетістіктерінің негізін қалайды. Мектепке дейінгі жастағы балалар қоршаған ортаны тану барысында сан, пішін, көлем, кеңістік, уақыт сияқты қарапайым математикалық ұғымдармен танысады. Бұл ұғымдар баланың тек есептей білуін ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлауын, салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Математикалық функционалды сауаттылық балалардың күнделікті өмірде кездесетін қарапайым мәселелерді шешуіне, өз ойын дәл жеткізуіне және шешім қабылдауына ықпал етеді. Бүгінгі зерттеулер көрсеткендей, математикалық дағдыларды ерте жастан қалыптастыру баланың мектепке дайындығын арттырып қана қоймай, оның өзіне деген сенімділігін күшейтеді. Сондықтан балабақшада математикалық білімді ойын, тәжірибелік тапсырмалар және өмірмен

байланысты әрекеттер арқылы беру өзекті болып табылады. Осы тұрғыда мектепке дейінгі ұйымдарда математикалық бағыттағы функционалды сауаттылықты қалыптастыру мәселесі ғылыми-педагогикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Функционалды сауаттылық — тек дерек жатқа білу емес, алынған математикалық білімді өмірлік жағдайларда қолдана білу дағдысы. Бұл тек санды санайды білу емес, сонымен қатар оны шынайы мәселені шешуде қолдануды қамтиды. Балабақша білім беру тұрғысынан бұл:

- к үнделікті заттарды санап, салыстыру;
- ө лшемдерді салыстыру (ұзындық, көлем, салмақ) ;
- п ішіндер мен кеңістік қатынастары туралы түсінік;
- л огикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру. Осы компоненттер бірге баланың математикалық функционалды сауаттылығын дамытады. Балабақша тәрбиеленушілерінің математикалық бағыттағы функционалды сауаттылығын қалыптастыру – мектепке дейінгі білім берудің

маңызды міндеттерінің бірі. Бұл үдеріс баланың тек математикалық білімді меңгеруімен шектелмей, оны күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын дамытуды көздейді. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін математикалық функционалды сауаттылық санды тану, санау, салыстыру, өлшемдерді ажырату, кеңістік пен уақытты бағдарлау сияқты қарапайым әрекеттер арқылы қалыптасады. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, ерте жаста қалыптасқан математикалық түсініктер баланың логикалық ойлау қабілетін дамытып, болашақтағы оқу жетістіктеріне оң әсер етеді. Балабақшада математикалық білім беру үдерісінде балалар нақты заттармен, ойын элементтерімен және өмірлік жағдаяттармен жұмыс жасаған кезде білімнің маңызын терең түсінеді. Мысалы, ойыншықтарды санау, заттарды көлеміне қарай топтастыру, күн тәртібін уақытпен байланыстыру сияқты әрекеттер балалардың функционалды ойлауын дамытады. Математикалық функционалды сауаттылықты қалыптастыруда ойын технологиялары ерекше рөл атқарады. Ойын барысында балалар белсенді әрекетке түсіп, өздігінен шешім қабылдауға үйренеді. Дидактикалық ойындар, логикалық тапсырмалар, сандық жаттығулар баланың қызығушылығын арттырып, математикалық білімді жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, ойын арқылы берілген тапсырмалар балалардың есте сақтау қабілетін күшейтіп, математикалық ұғымдарды ұзақ уақыт сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, күнделікті өмірмен байланысты тапсырмалар математикалық функционалды сауаттылықтың негізгі құралы болып табылады. Балалар күнделікті әрекеттерде кездесетін сандық жағдайларды талдап, оларды шешуге дағдыланады. Мысалы, тамақтану кезінде ыдыстарды санау, серуен кезінде заттарды салыстыру, табиғи құбылыстарды бақылау арқылы қарапайым есептер құрастыру баланың өмірлік тәжірибесін байытады.

#### Алғашқы математикалық дағдыларды дамыту

Зерттеулер көрсеткендей, 3-7 жас аралығындағы балалардың бастапқы математикалық дағдыларына (сандық, кеңістік, логикалық ойлау) жеткілікті түрде назар аудару баланың алдағы математикалық функционалды сауаттылығын нығайтады. Бұл дағдыларды күнделікті ойын мен іс-әрекет арқылы дамыту тиімді. Сонымен қатар, математикалық тілдің дамуы — сандық әрекеттерге қатысты түсінікті кеңейтуде шешуші рөл атқарады. Математикалық тіл мен терминдерді ерте жастан меңгеру математикалық нәтижеге әсер етеді.

#### 1.

##### Йде жүргізілетін белсенді әрекеттер

Балалардың үйдегі белсенді математикалық әрекеттері (санды санау, заттарды салыстыру, күнделікті тапсырмаларда есептер шығару) олардың математикалық сауаттылық дағдыларын жақсартады. Танертенгі және кешкі әңгімелерде математикалық сөздер мен сұрақтарды қолдану бұл дағдыларды күшейтеді.

##### Математикалық функционалды сауаттылықты қалыптастыру әдістері

Балабақшада функционалды математикалық сауаттылықты тиімді қалыптастыру үшін педагогтар төмендегі әдістерді қолданады:

#### 1.

##### Йын арқылы оқыту

Балалар ойын барысында есептерді санайды, салыстырады, үлгілерді таниды. Ойын контекстіндегі тапсырмалар балалардың түсінуін жеңілдетеді.

#### 2.

##### Үнделікті өмірде қолданылатын міндеттер

Математикалық есептерді күнделікті өмірмен байланыстыру — функционалды сауаттылықты дамытудың негізгі тәсілі. Мысалы:

- йыншықтармен бөлісу;
- түрлі пішіндерді сәйкестендіру;
- уақытты есептеу.

Бұл балаларға математикалық білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдануға көмектеседі.

#### 3.

##### Әнаралық байланыс

Әдебиет пен тіл сабақтарында математикалық мәтіндерді талқылау балалардың математикалық тілін және логикалық ойлауын дамытады. Бұл тілдік және математикалық дағдыларды бір уақытта жақсартады.

#### 4.

##### Онтексттік тапсырмалар

Контексттік (өмірлік) есептер балаларды тек есеп шығаруға ғана емес, оны шынайы өмірлік жағдайларда қолдануға үйретеді — бұл функционалды сауаттылықтың негізгі компоненті.

Ғылыми әдебиеттердегі зерттеулердің жалпы нәтижелері:

- рте математикалық дағдылар (сан, өлшем, пішін, логика) кейінгі мектептегі математикалық оқуда табысты болудың негізі екенін көрсетті.

- атематикалық тіл және математикалық коммуникация дағдыларының болуы баланың функционалды шешім қабылдауына ықпал етеді.

- йдегі белсенді математикалық әрекеттер балалардың математикалық функционалды сауаттылығын арттырады.

Балабақшадағы математикалық функционалды сауаттылықты қалыптастыру — баланың өмірде өз білімін тиімді қолдана алу қабілетін дамыту. Бұл:

- атематикалық түсініктер мен операцияларды меңгеруді;

- ақты жағдайлардағы есептеу дағдыларын;

- огикалық ойлау мен математикалық тіл арқылы байланыс дағдыларын;

- үнделікті тапсырмалармен жұмыс істеу қабілетін қамтиды.

Функционалды математикалық сауаттылық — баланың болашақ білім сапасының және математикалық көзқарастың негізі. Сондықтан педагогтар күнделікті ойын мен тапсырмаларда осы дағдыларға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізуі тиіс.

Қорытындылай келе, балабақша тәрбиеленушілерінің математикалық бағыттағы функционалды

сауаттылығын қалыптастыру – мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі маңызды әрі өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Функционалды сауаттылық баланың тек математикалық білімді меңгеруімен шектелмей, оны күнделікті өмірде тиімді қолдана алу қабілетін дамытуға көздейді. Бұл дағдылар баланың логикалық ойлауын, талдау, салыстыру және шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіреді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, математикалық ұғымдарды ойын арқылы, өмірмен байланысты тапсырмалар негізінде және пәнаралық ықпалдастық арқылы меңгерту балалардың танымдық қызығушылығын арттырады. Мұндай тәсілдер баланың белсенділігін күшейтіп, алған білімінің маңызын терең түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүйелі ұйымдастырылған математикалық әрекеттер баланың мектепке дайындығын арттырып, оқу үдерісіне оң көзқарас қалыптастырады. Осылайша, балабақша жағдайында математикалық бағыттағы функционалды сауаттылықты дамытуға бағытталған мақсатты, ғылыми негізделген жұмыстар баланың болашақ білім сапасын арттырудың берік негізі болып табылады.

Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда аталған бағытта заманауи педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану қажеттілігі айқындалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2023.
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
3. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2012.
4. Аймағамбетова Б. Қ. Мектепке дейінгі білім беруде функционалды сауаттылықты қалыптастыру жолдары // Педагогика және психология. – 2021. – №3. – 45–49 б.
5. Сейтахметова Н. Л. Балабақшада қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. – Алматы: Рауан, 2019. – 120 б.

### **АҒАНИЯЗ ЖАНСАЯ АБДУЛЛАҚЫЗЫ,**

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

№2 жалпы білім беретін мектеп

педагог-психолог

## **8-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «ҚОЛЖАЗБАДАҒЫ КҰПИЯ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

#### **Аңдатпа**

Мақалада 8-сынып оқушыларына арналған «Қолжазбадағы құпия» атты авторлық элективті курстың мазмұны, оны енгізудің педагогикалық және психологиялық негіздері қарастырылады. Бағдарлама оқушылардың тұлғалық дамуын, өзін-өзі тануын, эмоциялық интеллектісін және психологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Қолжазба жазу әрекеті тұлғаның ішкі жан дүниесін, мінез-құлқы мен эмоциялық күйін бейнелейтін танымдық құрал ретінде сипатталады. Курстың құрылымы, қолданылатын әдіс-тәсілдер мен күтілетін нәтижелер талданып, оның білім беру үдерісіндегі практикалық маңызы айқындалады.

**Түйін сөздер:** элективті курс, қолжазба, тұлғалық даму, өзін-өзі тану, психологиялық мәдениет, рефлексия.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту, оның психологиялық саулығын қамтамасыз ету және өзін-өзі тануына жағдай жасау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жасөспірімдік кезең – тұлғалық қалыптасудың, өзіндік «Менін» іздеудің, эмоциялық тұрақсыздықтың жиі байқалатын шағы. Осы кезеңде оқушылардың ішкі жан дүниесін түсінуге, өз сезімі мен ойларын саналы түрде

қабылдауға бағытталған оқу курстарының маңызы ерекше. Соңғы жылдары білім беру үдерісінде тұлғаға бағдарланған, рефлексиялық және психологиялық бағыттағы элективті курстарға сұраныс артып келеді. Осындай курстардың бірі – 8-сынып оқушыларына арналған «Қолжазбадағы құпия» авторлық элективті курсы. Бағдарламада қолжазба жазу әрекеті тек техникалық дағды ретінде емес, тұлғаның психологиялық болмысын, эмоциялық күйін және мінез ерекшеліктерін танытатын танымдық құрал ретінде қарастырылады.

Қолжазба арқылы өзін және өзгелерді тану оқушылардың байқағыштығын арттырып, өзіндік рефлексия жасауына, сыни ойлау дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, «Қолжазбадағы құпия» курсы оқушылардың психологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған өзекті әрі заманауи бағдарлама болып табылады.

**Бағдарламаның мақсаты:** Оқушыларға қолжазбаның психологиялық мәнін түсіндіру, жазу ерекшеліктері арқылы тұлғалық қасиеттерді тануға үйрету, өзін-өзі тану, бақылау және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

**Бағдарламаның міндеттері:**

✓

олжазба және жазу мәдениеті туралы бастапқы ғылыми түсінік қалыптастыру;

К

✓ олжазбаның негізгі белгілерін (өлшем, көлбеулік, ырғақ, қысым) ажырата білуге үйрету;

✓ азу арқылы адамның эмоциялық күйі мен мінез ерекшеліктерін бақылауға баулу;

✓ кушылардың өзін-өзі тану және өзіндік рефлексия жасау дағдыларын дамыту;

✓ арапайым талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастыру;

✓ психология ғылымына және психолог мамандығына қызығушылық ояту;

✓ оптық және жұптық жұмыстар арқылы қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

✓ ауапкершілік, этика және өзгенің жеке ерекшелігін құрметтеу құндылықтарын қалыптастыру.

#### **Бағдарламаның өзектілігі:**

Қазіргі заманда жасөспірімдердің өзін-өзі тануы, эмоциялық саулығы және тұлғалық тұрақтылығы маңызды мәселе болып отыр. Қолжазба арқылы тұлғаны тану – оқушының өз ішкі дүниесін түсінуіне, өзін бағалауына және өзгелермен саналы қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік беретін тиімді танымдық құрал. Бұл курс оқушылардың психологиялық сауаттылығын арттырып, өзіндік дамуына жағдай жасайды.

#### **Элективті курстың педагогикалық және психологиялық негіздері**

«Қолжазбадағы құпия» элективті курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы нормативтік құжаттарына, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты талаптарына сәйкес әзірленген. Бағдарлама мазмұны жасөспірім жастағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құрылып, олардың тұлғалық дамуына бағытталған. Курс барысында қолжазба адамның ішкі күйінің, эмоциялық жағдайының, ойлау ерекшеліктерінің сыртқы көрінісі ретінде таныстырылады. Бұл жерде графология ғылыми психологиямен шатастырылмай, танымдық және бағдарлық сипатта ұсынылады. Оқушыларға жазу белгілерін абсолютті диагноз ретінде емес, байқау мен өзіндік тануға мүмкіндік беретін көрсеткіш ретінде қабылдау түсіндіріледі. Педагогикалық тұрғыдан курс дамыта оқыту қағидатына негізделген. Мұғалім бағыттаушы, ал оқушы белсенді зерттеуші рөлін атқарады. Сабақ барысында оқушылар бақылаушы, талдаушы және өз ойын дәлелдей алатын тұлға ретінде қалыптасады.

#### **Зерттеу нысаны мен пәні**

Зерттеу нысаны – жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларының оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу пәні – «Қолжазбадағы құпия» элективті курсын оқыту арқылы оқушылардың тұлғалық дамуы мен психологиялық мәдениетінің қалыптасу үдерісі.

#### **Зерттеу базасы мен қатысушылар**

Тәжірибелік-зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектеп жағдайында жүргізілді. Зерттеуге 8-сыныпта оқитын 25 оқушы қатысты. Қатысушылардың жас

Қ ерекшелігі 13–14 жас аралығын қамтыды. Зерттеу жұмысы 2024–2025 оқу жылы барысында, элективті курсты жүргізу кезеңінде жүзеге асырылды.

Ж Оқушылардың зерттеуге қатысуы ерікті түрде жүргізіліп, психологиялық қауіпсіздік пен этикалық талаптар сақталды. Қолжазбаны талдау нәтижелері абсолютті қорытынды ретінде емес, бақылау мен өзіндік рефлексияға бағытталған сипатта ұсынылды.

О Зерттеу барысында келесі ғылыми-педагогикалық әдістер қолданылды:

#### **Зерттеу әдістері**

Қ Зерттеу барысында келесі ғылыми-педагогикалық әдістер қолданылды:

– бақылау әдісі;

П – сауалнама және анкета;

– әңгімелесу;

– жазба жұмыстарын салыстырмалы талдау;

Т – рефлексиялық тапсырмалар;

– сапалық және сандық деректерді талдау.

Зерттеудің диагностикалық кезеңінде оқушылардың өзін-өзі тану деңгейін, эмоциялық күйін және қарым-қатынас дағдыларын анықтауға бағытталған авторлық сауалнамалар қолданылды. Сонымен қатар, оқушылардың қолжазбалары курстың басында және соңында салыстырмалы түрде талданды.

#### **Зерттеу кезеңдері**

Зерттеу жұмысы үш негізгі кезеңнен тұрды:

##### **1. Диагностикалық кезең**

Бұл кезеңде оқушылардың бастапқы психологиялық жағдайы, өзін-өзі тану және рефлексия жасау деңгейі анықталды. Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың басым бөлігінде өз эмоциясын сөзбен жеткізуде қиындықтар бар екені байқалды.

##### **2. Қалыптастырушы кезең**

Қалыптастырушы кезеңде «Қолжазбадағы құпия» элективті курсы жүйелі түрде жүргізілді. Сабақтарда оқушылар қолжазбаны бақылау, жазу ырғағын сезіну, эмоцияны жазу арқылы білдіру, өзіндік талдау жасау сияқты тапсырмаларды орындады.

Практикалық жұмыстар барысында оқушылар:

– өз қолжазбасын зерттеді;

– жазу ерекшеліктерін сипаттады;

– жазу арқылы көңіл күйін білдірді;

– шағын зерттеу жүргізіп, қорытынды жасады.

##### **3. Қорытынды-бақылау кезеңі**

Бұл кезеңде бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелері салыстырылып, курстың тиімділігі анықталды. Оқушылардың өзін-өзі тану деңгейі, эмоциялық тұрақтылығы және рефлексия жасау қабілеттерінде оң өзгерістер байқалды.

##### **Зерттеу нәтижелері мен талдауы.**

Зерттеу нәтижелері «Қолжазбадағы құпия» элективті курсының оқушылардың тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін көрсетті. Қорытынды сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың 72% -ы өз сезімдерін жақсырақ түсіне бастағанын, 68% -ы өзін-өзі бақылау дағдысының артқанын, ал 64% -ы қарым-қатынас барысында сабырлы бола бастағанын атап өтті.

Қолжазба жұмыстарын салыстырмалы талдау нәтижесінде оқушылардың жазу ырғағының тұрақтануы, әріптердің біркелкілігі және жазудағы сенімділіктің артуы байқалды. Бұл көрсеткіштер оқушылардың ішкі психологиялық жай-күйінің тұрақтануымен тығыз байланысты екені анықталды. Сонымен қатар, рефлексиялық тапсырмалар барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізе

бастады, өзін бағалау дағдылары нығайды. Курстың соңында оқушылардың шығармашылық жобаларды қорғау кезінде өзін сенімді ұстауы мен ойды жүйелі жеткізу қабілеттері артқаны байқалды.

*Зерттеу нәтижелерінің педагогикалық маңызы.*

Зерттеу нәтижелері «Қолжазбадағы құпия» элективті курсының тұлғалық даму мен психологиялық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастыруға болатынын дәлелдейді.

Бағдарламаны мектептің тәрбие жүйесімен кіріктіре отырып қолдану оқушылардың психологиялық жайлылығын арттыруға және білім беру үдерісін гуманизациялауға ықпал етеді.

### Курс құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағатқа есептелген және төрт бөлімнен тұрады:

#### 1. «Қолжазба және тұлғаны танудың теориялық негіздері»

2. Бұл бөлімде оқушылар жазу мәдениетінің пайда болуы мен дамуы, қолжазбаның негізгі элементтері және олардың психологиялық мәні туралы теориялық білім алады.

#### 3. «Қолжазбаны талдау және психологиялық байқау»

4. Бөлімде жазудағы қысым күші, көлбеулік, жолдардың орналасуы, әріп өлшемі арқылы эмоциялық күй мен мінез ерекшеліктерін байқау дағдылары қалыптастырылады.

#### 5. «Өзін-өзі тану және рефлексиялық жазу»

6. Бұл бөлім оқушылардың өзіндік рефлексия жасауына, ішкі сезімдері мен ойларын жазу арқылы білдіруіне бағытталған.

#### 7. «Қолжазба, психология және шығармашылық жоба»

8. Оқушылар шағын зерттеу жүргізіп, «Менің қолжазбам» атты жеке шығармашылық жобасын әзірлеп, қорғайды.

Мазмұнның бірізді құрылуы оқушылардың қарапайым бақылаудан терең талдау мен қорытынды жасауға дейінгі танымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

### Қолданылатын әдістер мен оқыту технологиялары

Курста әртүрлі педагогикалық технологиялар кешені қолданылады:

- дамыта оқыту;
- сын тұрғысынан ойлау;
- жобалық және зерттеушілік әдістер;
- интербелсенді және ойын технологиялары;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Практикалық тапсырмалар («Менің қолжазбам – менің болмысым», «Қолжазбадағы эмоция», «Жазу ырғағын сезіну» т. б. ) оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыруға жағдай жасайды.

### Курстың тәрбиелік және дамытушылық маңызы

Элективті курс оқушылардың:

- өзін-өзі тану дағдыларын қалыптастыруға;
- эмоциялық интеллектісін дамытуға;
- психологиялық байқағыштығын арттыруға;
- қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге;
- жауапкершілік пен этикалық құндылықтарды меңгеруге

- ықпал етеді.

Жазу арқылы өзін тану оқушының ішкі үйлесімін қалыптастырып, психологиялық тұрақтылығын арттырады.

Қорыта айтқанда, «Қолжазбадағы құпия» атты элективті курс бағдарламасы – оқушылардың тұлғалық дамуына, өзін-өзі тануына және психологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мазмұны терең, әдістемелік тұрғыда сауатты әзірленген авторлық курс. Бағдарлама теория мен тәжірибенің үйлесімді байланысын қамтамасыз етіп, оқушылардың рефлексиялық, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Аталған курс жалпы білім беретін мектептерде элективті курс ретінде енгізуге толық негізделген және білім беру жүйесінде практикалық маңызы зор деп есептеледі.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. **Абдрахманов Б.** Қолжазба психологиясы: тұлғаны тану әдістері. – Алматы: Білім, 2019.
2. **Жақыпов С. М.** Психология негіздері және тұлғалық даму. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
3. **Смағұлова Г.** Жазу мәдениеті және ойлау психологиясы. – Астана: Фолиант, 2021.
4. **Қасенов Н.** Педагогикалық психология және жасөспірім тұлғасы. – Алматы: Рауан, 2018.
5. **Байтұрсынұлы А.** Тіл тағылымы. – Алматы: Атамұра, 2017.
6. **Нұрғалиева Л.** Рефлексиялық оқыту технологиялары. – Астана: Өрлеу, 2022.
7. **Жүнісова А.** Жазбаша сөйлеу және когнитивтік даму. – Шымкент: Фолиант, 2020.
8. **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі.** Жалпы білім беретін мектептерге арналған психологиялық-педагогикалық ұсынымдар. – Астана, 2023.

**АБДРАСУЛИЕВА АКИЛЗАДА ДИНБЕРГЕНОВНА,**  
«Қызылорда облысы білім басқармасының, Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Ж. Жабаев атындағы №234 орта мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің  
тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы.

## **«ТАРИХ ПӘНІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ»**

"Тарих пәнінде шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту" тақырыбы қазіргі заманғы білім беру талаптарына сай жасалды.

Бұл жұмыста 5-8 сынып оқушыларына арналған «Тарих пәнінде шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту» атты авторлық бағдарламаның мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Авторлық бағдарлама оқушылардың тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдау, зерттеушілік қабілеттерін шыңдау және тарихи тұлғалардың рөлін бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама оқушылардың тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдау, шығармашылық ойлау және зерттеушілік қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Шығармашылық тапсырмалар тарихи білімді терең меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың интеллектуалды, коммуникативтік және эмоционалды әлеуетін дамытуға септігін тигізеді. Бағдарламаның құрылымы, пәнаралық байланыс мүмкіндіктері және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері сипатталады. Зерттеудің негізгі мақсаты – шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы тарих сабағында білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру және ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту болып табылады.

**Кілтті сөздер:** Тарихи деректер, тарихи карта, тарихи тұлғалар, хронологиялық кесте, тарихи ойлау, шығармашылық тапсырмалар, зерттеушілік дағды, ХХІ ғасыр дағдылары, сыни талдау, инфографика.

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда білім беру парадигмасы ақпаратты жай ғана қабылдаудан оны сыни тұрғыдан саралау мен шығармашылық өңдеуге көшуді талап етеді. Бұл тұрғыда тарих пәні оқушылардың тұлғалық қасиеттерін, ұлттық бірегейлігі мен аналитикалық ойлау қабілетін қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Алайда, дәстүрлі оқыту әдістері көбіне фактілер мен даталарды жаттауға негізделетіндіктен, оқушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендеуі мен тарихи процестерді жүйелі түсінбеуі байқалады.

Осы мәселені шешудің тиімді жолы — оқыту үдерісіне **шығармашылық тапсырмаларды** жүйелі түрде енгізу. Шығармашылық тапсырмалар оқушының танымдық белсенділігін оятып, оны «пассивті тыңдаушы» рөлінен «белсенді зерттеуші» деңгейіне көтереді. Бұл тек білімді тереңдетіп қана қоймай, Блум таксономиясының жоғары деңгейлі дағдыларына — талдау, жинақтау және бағалау кезеңдеріне шығуға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған 34 сағаттық авторлық бағдарлама орта мектептің 5-8 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған. Бағдарламаның өзектілігі — тарихи деректерді заманауи интерактивті әдістермен (инфографика, эссе, жобалық жұмыс) ұштастыру арқылы оқушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруында. Тарихты зерттеу барысында шығармашылық компонентті пайдалану оқушының тарихи оқиғаларды қазіргі заманмен байланыстыра білуіне және өткен күннен сабақ ала отырып, болашаққа болжам жасай алуына жол ашады. Осылайша, курс оқушылардың академиялық білімін арттырып қана қоймай, олардың коммуникативтік, зерттеушілік және ақпараттық құзыреттіліктерін кешенді түрде дамытуды көздейді.

### **МАЗМҰНЫ**

1. **Абдрасулиева Акилзада Динбергеновна**

#### **«ТАРИХ ПӘНІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ»**

**АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ** - оқушылардың тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдау, шығармашылық ойлау және зерттеушілік қабілеттерін жетілдіруге бағытталған

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу мен бағдарламаны жүзеге асыру барысында оқушылардың шығармашылық әлеуетін белсендіретін кешенді әдістемелік тәсілдер қолданылды. Бағдарламаның мазмұны ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу бағдарламалары мен ҚР МЖБС талаптарына негізделі отырып, 34 сағаттық жүктемеге сәйкестендірілген. Негізгі қолданылған **инновациялық технологиялар мен әдістер** келесі топтарға жіктеледі:

- **Сыни ойлауды дамыту технологиялары:** \* **INSERT (интерактивті белгілер жүйесі)** : Оқушылар тарихи мәтіндермен жұмыс істеу барысында «білемін», «түсініксіз», «жаңа ақпарат», «мені таңғалдырды» деген белгілерді қою арқылы деректерді терең талдауға дағдыланады.
  - **RAFT әдісі:** Оқушылар белгілі бір тарихи тұлғаның рөліне еніп (Role) , аудиторияны таңдап (Audience) , нақты форматта (Format) белгілі бір тақырыпта (Topic) мәтін жазады. Бұл әдіс тарихи эмпатияны дамытуға өте тиімді.
  - **Блум таксономиясы:** Тапсырмалар білу мен түсінуден бастап, талдау және бағалау сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларына бағытталған.
- **Визуалды және цифрлық сауаттылық әдістері:**
  - **Инфографика және Постер жасау:** Күрделі тарихи процестерді (мысалы, Ұлы Жібек жолының бағыттары) көрнекі түрде бейнелеу арқылы ақпаратты жүйелеу.
  - **Хронологиялық уақыт шкаласы:** Оқиғалардың реттілігін визуалды түрде құрастыру, бұл оқушылардың тарихи кеңістік пен уақытты сезінуін арттырады.
- **Коммуникативтік және зерттеушілік әдістер:**
  - **Дебат және пікірталас:** Тарихтағы даулы мәселелерді (мысалы, отаршылдық кезеңнің зардаптары) талқылау арқылы оқушылар өз ойын дәлелді жеткізуге, өзге көзқарасқа құрметпен қарауға үйренеді.
  - **Тарихи жобалау:** Шағын зерттеу жұмыстары (мысалы, «Менің өлкемнің көне жәдігерлері») арқылы оқушылардың ғылыми-ізденімпаздық қабілеттері шыңдалады.
- **Пәнаралық интеграция:** \* Тарихи оқиғаларды географиялық карталармен ұштастыру, әдеби шығармалардағы тарихи шындықты іздеу (Абай, Жамбыл шығармалары) және тарихи деректерді статистикалық (математикалық) тұрғыдан саралау әдістері кеңінен қолданылды. Оқытуды ұйымдастыру барысында **топтық, жұптық және жеке жұмыс** нысандары тең дәрежеде пайдаланылып, оқушылардың өзара әлеуметтік әрекеттесуіне баса назар аударылды. Бұл әдістер жиынтығы оқушының тек білім алып қана қоймай, сол білімді шығармашылық өнімге айналдыруына жағдай жасайды.

### Нәтижелер

Шығармашылық тапсырмалар жүйесін тарих сабақтарына енгізу барысында оқушылардың білім сапасы мен дағдыларының өсуі келесі көрсеткіштер арқылы айқындалды. Бағдарламаның нәтижелерін бес негізгі бағыт бойынша жіктеуге болады:

1. **Аналитикалық дағдылардың қалыптасуы:** Оқушылар тарихи деректерді (жазбаша, археологиялық) жай ғана оқып қоймай, олардың сенімділігін ажыратуға, деректердегі қателіктер мен бұрмалауларды сыни тұрғыдан талдауға машықтанды. Бұл олардың ақпараттық сауаттылығын жаңа деңгейге көтерді.
2. **Шығармашылық өнімдердің сапасы:** Оқу сабақтарының нәтижесінде оқушылар дербес түрде тарихи **инфографикалар, хронологиялық кестелер** мен **коллаждар** дайындады. Атап айтқанда, «Абылай ханның саяси рөлі» немесе «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыптарында жасалған визуалды жобалар оқушылардың күрделі тарихи процестерді жүйелей алатынын көрсетті.
3. **Зерттеушілік және жазу мәдениеті:** Тарихи эссе жазу арқылы оқушылар өз ойын дәлелді жеткізуді, тарихи фактілерді негізге ала отырып қорытынды жасауды үйренді. Бұл олардың академиялық жазу дағдыларын дамытып, пәнаралық байланысты (әдебиет, тіл сауаттылығы) нығайтты.
4. **Коммуникативтік құзыреттілік:** Тарихи дебаттар мен рөлдік ойындар (мысалы, Кеңесары Қасымұлының көтерілісі немесе Алаш Орда қайраткерлері туралы) барысында оқушылардың көпшілік алдында сөйлеу, өз көзқарасын қорғау және топтық жұмыс жасау қабілеттерінің артқаны байқалды.
5. **Тұлғалық даму мен кәсіби бағдар:** Бағдарлама оқушылардың тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық сана-сезімдерінің өсуіне ықпал етті. Сонымен қатар, мұрағат ісі, музейтану және археология салаларына деген алғашқы кәсіби қызығушылықтары оянды.

Бағалаудың **критериалды жүйесі** қолданылуының арқасында әрбір оқушы өз жұмысының сапасын (деректің нақтылығы, шығармашылық көзқарас, мазмұнның тереңдігі) алдын ала біліп, өзін-өзі реттеуге мүмкіндік алды. Бұл нәтижелер авторлық бағдарламаның оқушының интеллектуалдық әлеуетін толық ашуға қабілетті екенін дәлелдейді.

### Талқылау

Бағдарламаның ерекшелігі – тарихи білімді шығармашылық тапсырмалар арқылы беруінде. Дәстүрлі оқыту әдістерінен айырмашылығы, мұнда оқушы тарихты тек жаттамайды, оны «қайта жаңғыртады». Мысалы, Абылай ханның саяси қызметін талдауда оқушылар саяси портрет жасау немесе дебат арқылы тұлғаның рөлін жан-жақты саралайды. Бұл тәсіл оқушының эмоционалды-интеллектуалды дамуына оң әсер етеді. Ғылыми-әдістемелік деңгейі заманауи педагогикалық талаптарға толық сәйкес келеді және тәжірибеде қолдануға тиімді. Авторлық бағдарламаны іске асыру барысында алынған нәтижелер тарихты оқытудың дәстүрлі және инновациялық тәсілдері арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік беретінін көрсетті. Негізгі талқыланатын мәселе — **шығармашылық тапсырмалардың** оқушының интеллектуалдық дамуына тигізетін тікелей әсері.

Біріншіден, тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдау (археологиялық, жазбаша деректер) оқушының «дайын білімді тұтынушыдан» «білімді құрастырушы» деңгейіне өтуіне ықпал етеді. Бұл ретте **INSERT** немесе **RAFT** әдістері оқушыға ақпаратты тек механикалық жаттауға емес, оның мағынасын терең түсінуге жол ашады.

Екіншіден, бағдарламаның **пәнаралық сипаты** талқылаудың маңызды өзегі болып табылады. Тарихты географиялық факторлармен (картамен жұмыс) немесе әдеби бейнелермен (Абай, Жамбыл шығармалары)

ұштастыру оқушының біртұтас дүниетанымын қалыптастырады. Мысалы, Ұлы Жібек жолын тек сауда жолы емес, мәдени-экономикалық интеграция ретінде қарастыру оқушының жүйелі ойлауын дамытады. Үшіншіден, шығармашылық өнімдерді (инфографика, эссе, жоба) бағалауда қолданылған **критериалды жүйе** оқушылардың өз жұмысына деген жауапкершілігін арттырды. Бұл тәсіл білім берудегі кері байланыстың тиімділігін дәлелдейді.

### Қорытынды

«Тарих пәнінде шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту» тақырыбындағы зерттеу мен бағдарламаны қорытындылай келе, келесі тұжырымдарға келеміз:

1. **Инновациялық маңыздылығы:** Шығармашылық тапсырмалар жүйесі тарих пәнінің мазмұнын байытып, оны оқушы үшін қызықты әрі өміршең етеді. Бұл ХХІ ғасырдың негізгі құзыреттіліктері — сыни ойлау мен шығармашылықты дамытудың басты құралы.

2. **Әдістемелік құндылығы:** Бағдарламада ұсынылған 34 сағаттық жоспар мен әдіс-тәсілдер жиынтығы орта мектеп компоненті ретінде кез келген білім беру мекемесінде қолдануға тиімді. Ол мұғалімге бағыт-бағдар беретін нақты құрал бола алады.

3. **Тәрбиелік әлеуеті:** Тарихи тұлғалар мен оқиғаларды шығармашылық тұрғыдан зерттеу оқушылардың бойында ұлттық мақтаныш, отансүйгіштік сезімдерін ұялатып, олардың азаматтық позициясын айқындайды.

Түйіндей айтқанда, бұл авторлық бағдарлама оқушылардың тарихи білімін сапалы жаңартуға және олардың болашақта бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына негіз қалайды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

#### Ұстаздарға арналған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999.
2. Жұмағұлов Т. , Ахметова Л. Тарихты оқыту әдістемесі. Алматы: Мектеп, 2018.
3. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Қазақстан тарихы бойынша оқу бағдарламасы. Астана: Білім баспасы, 2020.
4. Сманова Б. Тарихи карталарды қолдану әдістемесі. Алматы: Дарын, 2016.
5. Қоянбаев Ж. Б. , Қоянбаев Р. М. Педагогика негіздері. Алматы: Дарын, 2004.
6. Нұсқабаев Ә. Шығармашылық тапсырмалармен жұмыс әдістері. Шымкент: Жебе, 2017.
7. Төлегенова Ә. Интерактивті оқыту әдістері. Алматы: Білім, 2019.

#### Оқушыларға арналған әдебиеттер:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. 5-8 сыныптарға арналған Қазақстан тарихы оқулықтары. Алматы: Мектеп баспасы, 2021.
2. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы: Санат, 1998.
3. Әбіл Е. Қазақ хандығының тарихы. Астана: Фолиант, 2016.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Жалын, 1995.
5. Жолдасбеков М. , Бәйішев Ә. Ежелгі Қазақстан тарихы. Алматы: Мектеп, 2019.
6. Аманжолов К. Р. Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы. Алматы: Фолиант, 2012.
7. Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы бойынша тест тапсырмалары. Алматы: Дарын, 2018.

## ХИСИН ТИМУР ХАЙРАТОВИЧ,

г. Уральск,  
КГУ «ОШ №25»,  
учитель истории

### КАК ПОДГОТОВИТЬ УЧЕНИКА К УСПЕШНОЙ ЗАЩИТЕ НАУЧНОГО ПРОЕКТА: ПРИМЕР РАБОТЫ ОДИНОВА НИКОЛАЯ

Подготовка ученика к защите научного проекта требует не только усердной работы и тщательного подхода к исследованию, но и развития навыков представления своих выводов, уверенности в себе и способности отвечать на вопросы. Успех защиты зависит от ряда факторов: правильного выбора темы, качественного анализа материала, четкости изложения и способности удерживать внимание аудитории.

В этом контексте особенно примечательным является пример работы ученика 6 класса КГУ "Общеобразовательная школа №25" города Уральск, Одинова Николая, который занял третье место на конкурсе научных проектов "Зерде", исследуя монеты городища Жайык. Его проект стал ярким примером того, как системный подход и профессиональная поддержка могут привести к успешному результату.



**Выбор темы и постановка цели.** Правильный выбор темы — это уже половина успеха. Ученик выбрал для своего проекта тему, которая сочетает в себе элементы археологии, истории и экономики.

Для выбора темы научного проекта Николай провел опрос среди своих сверстников. Оказалось, что многие ученики не знали не только о монетах, но и о самом городище Жайык.

Исследование монет городища Жайык было не только актуальным, но и достаточно уникальным, так как этот

исторический памятник имеет важное значение для изучения торговых и культурных связей в древности.

Научным руководителем Николая стал учитель истории *Хисин Т. Х.*, который помог правильно поставить цели и задачи исследования. Цель проекта состояла в том, чтобы изучить монеты городища Жайык, проанализировать их происхождение, материалы, символику и попытаться выявить основные торговые и культурные маршруты того времени.

**Сбор и анализ данных.** Для успешной защиты проекта необходимо правильно собрать и проанализировать данные. Николай собрал информацию о различных монетах, найденных на территории городища Жайык, и классифицировал их по материалу, размерам, изображениям и надписям. Он также использовал доступные археологические исследования и труды ученых, чтобы понять, как эти монеты связаны с другими культурными объектами той эпохи.

Одним из интересных аспектов работы стало использование методов сравнительного анализа. Он сопоставлял монеты из городища Жайык с аналогичными находками из других археологических памятников, что позволило сделать выводы о культурных и торговых связях древних народов, населявших эту территорию.

**Подготовка структуры научного проекта.** Чтобы работа была логичной и последовательной, важно правильно структурировать проект. В случае Николая структура его работы была следующей: *введение* (обоснование актуальности выбранной темы, цели и задачи исследования, описание объекта исследования — монеты городища Жайык), *обзор литературы* (история городища Жайык и его археологическое значение, описание аналогичных находок на других археологических памятниках), *методы исследования* (применение сравнительного метода для сопоставления найденных монет с другими объектами), *результаты исследования* (детальный анализ найденных монет, их характеристик и исторического контекста, выводы о возможных торговых путях, культурных влияниях и экономических особенностях того времени), *заключение* (подведение итогов исследования), *список литературы* (перечень научных источников и материалов, использованных в ходе исследования).

**Подготовка к защите: ключевые моменты.** Успешная защита проекта — это не просто презентация работы, а демонстрация глубокого понимания материала и умения публично представить

свои результаты. В случае с проектом Николая, защита проходила в рамках конкурса научных проектов "Зерде", где ученики из разных школ города представляли свои исследования.

Основные моменты подготовки к защите включают:

#### **1. Четкость и структура выступления**

Ученик подготовил краткую и четкую презентацию, которая подчеркивала ключевые аспекты его исследования: исследование монет Жайык, их связь с торговыми путями, культурными обменов и экономической историей региона. Важно было не перегружать аудиторию лишними деталями, а представить только самые значимые результаты работы.

#### **2. Визуальные материалы**

Для лучшего восприятия информации он использовал презентацию с изображениями монет, картами, схемами, которые наглядно демонстрировали его выводы. Также были распечатаны копии найденных на городище монет. Хорошо подобранные иллюстрации значительно улучшили восприятие работы и помогли аудитории легче понять сложные моменты исследования.

#### **3. Ответы на вопросы**

Перед защитой Николай и его научный руководитель подготовились к возможным вопросам жюри. Вопросы могли касаться как научной части работы, так и практических аспектов исследования. Он продемонстрировал глубокие знания в своей теме,

уверенно отвечая на вопросы и обосновывая свои выводы.


#### **4. Уверенность и спокойствие**

Одним из важнейших аспектов успешной защиты является уверенность в себе. Николай много раз репетировал свое выступление, что помогло ему быть уверенным в своих силах. Он не нервничал, отвечая на вопросы, и четко объяснял, как его исследования связаны с более широкими историческими и культурными процессами.

#### **5. Поддержка научного руководителя**

Ключевым моментом в успешной защите научного проекта является поддержка научного руководителя. *Хисин Т. Х.*, учитель истории, был не только наставником, но и наставником, который помогал ученику в процессе исследования, корректировал его работу и готовил к защите.

**Заключение.** Защита научного проекта — это не только подведение итогов исследования, но и важный этап развития навыков публичного выступления, анализа и аргументации. Работы, подобные исследованию монет городища Жайык, являются отличным примером того, как правильно выбранная тема, системный подход к исследованию и поддержка опытного наставника могут привести к успеху. Пример Одинокова Николая служит вдохновляющим примером для других учеников, стремящихся добиться успеха в научной сфере.

**РЫСКЕЛДИЕВА КАМИЛА ТАЖИБЕКОВНА,**

Батыс Қазақстан Облысы Бөрлі ауданы  
Ақсай қаласы №5 ЖОББМ арнайы педагог

**АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕСІ:  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ТӘЖІРИБЕЛІК ҚОЛДАУ****Аңдатпа**

Мақалада арнайы педагог маманның ата-аналарға ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен дамытуда беретін кеңестерінің маңызы қарастырылады. Педагогикалық тәжірибе негізінде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдауына бағытталған ұсыныстар ұсынылады. Мақаланың мақсаты – ата-аналар мен арнайы педагог арасындағы тиімді коммуникацияны қалыптастыру арқылы баланың тұлғалық және әлеуметтік дамуына жағдай жасау.

**Түйін сөздер:** арнайы педагог, ата-ана, кеңес, түзету-дамыту, балаларды қолдау, инклюзивті білім.

**Кіріспе**

Қазіргі қоғамда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу тек мектеп пен арнайы педагогқа ғана емес, отбасыға да үлкен жауапкершілік жүктейді. Ата-аналар балалардың даму процесінде бірінші және ең маңызды тәлімгер болып табылады. Осы тұрғыда арнайы педагогтың ата-аналарға беретін кеңестері баланың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуына тікелей әсер етеді.

Педагогикалық кеңес – бұл тек ақпарат беру емес, сонымен қатар ата-ананың баланы түсіну, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтау, сондай-ақ түзету-дамыту әрекеттерін үйлестіру жолындағы кәсіби қолдау.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:** Арнайы педагогтың ата-аналарға балалардың дамуын қолдауда беретін кеңестерінің тиімділігін анықтау.

**Міндеттері:**

Ата-аналар мен арнайы педагог арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін сипаттау;

Кеңес берудің негізгі бағыттарын анықтау (психологиялық, педагогикалық, түзету-дамыту);

Арнайы педагогтың кеңестері баланың әлеуметтік және тұлғалық дамуына әсерін бағалау.

**Зерттеу әдістері**

Зерттеу педагогикалық бақылау, сауалнама және тәжірибелік кеңестерді талдау әдістері арқылы жүргізілді.

**Бақылау әдісі** – балалардың үйде және мектептегі мінез-құлқын салыстыру;

**Сауалнама әдісі** – ата-аналардың педагогикалық кеңестерге деген көзқарасын анықтау;

**Тәжірибелік әдіс** – арнайы педагогтың нақты ұсыныстарын орындау нәтижелерін бағалау.

Зерттеу нәтижелері ата-аналарға бағытталған кәсіби кеңестердің баланың дамуына оң әсер ететінін көрсетті.

**Арнайы педагогтың ата-аналарға беретін негізгі кеңестері****Баланың ерекшеліктерін түсіну:**

Арнайы педагог ата-аналарға баланың жеке даму ерекшеліктерін, эмоционалдық реакцияларын және оқу қабілеттерін түсінуге көмектеседі. Бұл ата-ананың балаға дұрыс қарым-қатынас жасауына негіз болады.

**Үйде түзету-дамыту жаттығуларын ұйымдастыру:**

Педагог нақты жаттығулар мен ойындарды ұсынып, ата-ананың баланың қабілеттерін дамытуда белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

**Психологиялық қолдау көрсету:**

Ата-аналарға стрессті азайту, шыдамдылық пен эмоциялық тұрақтылықты дамыту жолдары туралы кеңес беріледі.

**Күнделікті режимді сақтау:**

Арнайы педагог балалардың тәртібін, ұйқы мен тамақтану режимін үйлестіру бойынша ұсыныстар береді. Бұл баланың жалпы дамуына және эмоционалды тұрақтылығына әсер етеді.

**Әлеуметтік дағдыларды дамыту:**

Педагог ата-аналарға әлеуметтік қарым-қатынасқа үйрететін ойындар мен жаттығуларды ұсынады. Мысалы, топтық ойындар, рөлдік жаттығулар және күнделікті тапсырмалар арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.

#### **Зерттеу нәтижелері**

Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, арнайы педагогтың ата-аналарға бағытталған кеңестері:

балалардың үйдегі мінез-құлқының тұрақтануына,

эмоционалды жағдайының жақсаруына,

әлеуметтік дағдылардың дамуына оң әсер етеді.

Сауалнама қорытындылары бойынша, ата-аналардың 85% -і педагогтың кеңестерін ұстанғаннан кейін өз баласын жақсы түсінгендерін және түзету-дамыту жұмысына белсенді қатысқандарын атап көрсетті.

#### **Қорытынды**

Арнайы педагогтың ата-аналарға беретін кеңестері – балалардың дамуын қолдаудағы маңызды фактор болып табылады. Бұл кеңестер бала мен отбасы арасындағы өзара түсіністікті қалыптастыруға, баланың әлеуметтік және тұлғалық дамуына ықпал етеді. Сондықтан арнайы педагог мамандар ата-аналармен тұрақты байланыста болып, практикалық және психологиялық қолдау көрсетуі қажет.



### **ЖИДЕБАЕВА ФАРИДА КДЫРОВНА,**

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының Ақсай қаласының  
№5 жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы интернат тәрбиешісі

## **АТА-АНАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

#### **Аңдатпа**

Мақалада мектеп жанындағы интернатта тұратын тәрбиеленушілерді әлеуметтендіру мен тұлғалық дамытудың маңызды факторы ретінде ата-ананың педагогикалық мәдениетін арттыру мәселесі қарастырылады. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерінің тиімді формалары мен олардың тәрбиелік маңызы анықталады.

**Түйін сөздер:** ата-ана, педагогикалық мәдениет, интернат, тәрбиеші, отбасы, ынтымақтастық.

#### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесінде бала тәрбиесі – мектеп пен отбасының бірлескен, өзара тығыз байланысқан жұмысының нәтижесі. Мектеп жанындағы интернат жағдайында бұл байланыс ерекше маңызға ие. Себебі бала интернатта тұрақты тәрбие алса да, оның тұлғалық қалыптасуында отбасының педагогикалық мәдениетін арттыру интернат тәрбиешісінің негізгі міндеттерінің бірі болып есептеледі. Осы тұрғыда ата-ананың педагогикалық мәдениетін арттыру интернат тәрбиешісінің негізгі міндеттерінің бірі болып қалады.

#### **Ата-ананың педагогикалық мәдениетінің мәні:**

Ата-ананың педагогикалық мәдениеті – бала тәрбиесіне қатысты білім деңгейі, жауапкершілігі, қарым-қатынас әдебі және тәрбиелік ұстанымдарының жиынтығы. Педагогикалық мәдениеті қалыптасқан ата-ана баланың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиелік ықпалды жүйелі түрде жүргізеді.

#### **Интернат жағдайындағы ата-анамен жұмыстың ерекшелігі:**

Интернатта ата-анамен жұмыс жүргізу белгілі бір қиындықтармен сипатталады. Атап айтқанда, ата-ананың баламен күнделікті қарым-қатынасының шектеулі болуы, кейбір отбасылардың әлеуметтік жағдайының төмендігі, педагогикалық білімнің жеткіліксіздігі. Сондықтан ата-анамен жұмыс жүйелі, мақсатты және сенімге негізделген түрде ұйымдастырылуы тиіс.

#### **Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері және олардың тәрбиелік негіздемесі:**

«Интернаттағы ата-ананың бір күні»

Бұл іс-шара ата-аналарды интернаттың күнделікті өмірімен таныстыруға бағытталған. Ата-аналар баласының күн тәртібін, оқу-тәрбие процесін, бос уақытын қалай өткізетінін өз көзімен көреді.

Тәрбиелік маңызы: ата-ананың интернатқа деген сенімі артып, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы қалыптасады. Тәрбиеші мен ата-ана арасында өзара түсіністік орнайды.

«Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбында дөңгелек үстел, пікір алмасу, тренинг жұмыстар өткізіледі. Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті, ата-ананың үлгісі, ұлттық тәрбие құндылықтары талқыланады.

Тәрбиелік маңызы: ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артып, бала тәрбиесіне деген көзқарасы жаңаша қалыптасады.

«Ашық есік күні»

Бұл күні ата-аналар интернаттағы сабақтан тыс іс-шараларға, тәрбие сағаттарына қатысады, педагогтермен еркін пікір алмасады.

Тәрбиелік маңызы: интернат жұмысының ашықтығы қамтамасыз етіліп, ата-ана мен педагог арасындағы серіктестік қарым-қатынас нығаяды.

Ата-аналармен телефон арқылы байланыс

Телефон арқылы байланыс – ата-анамен жедел әрі үздіксіз қарым-қатынас орнатудың тиімді жолы.

Тәрбиелік маңызы: баланың оқу үлгерімі мен тәртібіне қатысты мәселелер уақытында шешіліп, тәрбиелік сипаттағы мәселелердің алдын алу жүзеге асады. .

#### Қорытынды

Ата-ананың педагогикалық мәдениетін арттыру – үздіксіз және жүйелі жұмысты талап ететін маңызды үдеріс. Мектеп жанындағы интернатта тәрбиеші мен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастық қалыптасқан жағдайда ғана бала тәрбиесінде оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондықтан ата-анамен жүргізілетін жұмыстарды мақсатты түрде ұйымдастыру – интернаттағы тәрбие жұмысының сапасын арттырудың басты кепілі.




### АСЫЛБЕКОВА ЖАНСАЯ АСЫЛБЕКҚЫЗЫ,





Қызылорда облысы, Арал ауданы

№64 орта мектебінің химия пәні мұғалімі

педагог-сарапшы

Бөлім:	
Педагогтің аты-жөні:	Асылбекова Ж
Күн: 21.01.2026ж	Сыныбы: 7 Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Тақырыбы:	Табиғи қышқылдар және негіздер. Индикаторлар.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.3.4.3-рН шкаласы негізінде эмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай білу 7.3.4.4-антацидтік заттарды қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну
Сабақтың мақсаты:	-химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін біледі; -рН шкаласы негізінде эмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай біледі; -антацидтік заттарды қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсінеді;
Құндылықтар	<b>Құндылық: заң және тәртіп</b> өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;


Сабақ барысы	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар															
Сабақтың басы 2 мин	<p><b>«Менің көңіл күйім»</b> стратегиясы. Мақсаты: оқушылардың сабақ басындағы көңіл күйін анықтау <b>«Химия»</b> әдісі арқылы топқа бөліну.</p> 	<p>Сәлемдесіп, интерактивті тақтадан, өзіне тең келетін көңіл-күй белгісін таңдайды</p>  <p>Оқушылар химиялық колбаларды таңдау арқылы I, II және III топтарға бірігеді</p>	Мұғалімнің мадақтауы	Интерактивті тақта															
Жаңа сабаққа кіріспе 2 мин	<p><b>5E моделі</b> <b>1. Engage (Қызығушылық ояту)</b> Жағдаят: Мұғалімнің ақ халаты йод ерітіндісімен былғанды. Оны мына заттар: тіс пастасы, лимон, жуғыш зат ішінен қайсысымен кетіруге болады?</p>	Оқушылар өз болжамдарын айтып, өз араларында талқылайды, қорытынды жасайды	Мадақтау арқылы бағалау: «Жарайсың!» «Тамаша жауап!» т. б	Тіс пастасы, лимон, жуғыш зат, йод ерітіндісі 															
Сабақтың ортасы 7 мин	<p><b>2. Explore (Зерттеу)</b> Топтық тәжірибе  1-топ: pH-метр арқылы анықтау Зерттелетін заттар: Кола Диззи (газдалған сусын) Су Gorilla (энергетик)  2-топ: Әмбебап индикатор арқылы Зерттелетін заттар: Мандарин шырыны Қияр шырыны Лимон шырыны Тіс пастасы  3-топ: PhET Colorado виртуалды зертханасы Виртуалды зертханада берілген күнделікті заттардың ортасын анықтау: Сүт Сірке суы Ас содасы Сабын Кофе Мұғалім оқушыларға топтық тапсырма береді.</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің түсіндіруін тыңдап, берілген нұсқау бойынша топта жұмыс жасайды.</p> <p>Оқушылар кесте толтырады</p> <table border="1" data-bbox="711 1328 1019 1518"> <thead> <tr> <th>Зат</th> <th>pH</th> <th>Орта</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Кола</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Диззи</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Су</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Gorilla</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Сабақ соңындағы ортақ талдау: Үш топ өз нәтижесін қорғайды және қорытынды жасайды.</p>	Зат	pH	Орта	Кола			Диззи			Су			Gorilla			«Үш шапалақ» әдәсі арқылы бағалау	<p>A3 парағы, маркер, ноутбук</p> <p>Құралдар мен реактивтер: пробиркалар, әмбебап индикатор қағаз, pH-метр;</p> <p>Кола Диззи (газдалған сусын) Су Gorilla (энергетик);</p> <p>Мандарин шырыны Қияр шырыны Лимон шырыны Тіс пастасы</p> <p><a href="https://phet.colorado.edu/sims/html/pH-scale/latest/pH-scale_kk.html">https://phet.colorado.edu/sims/html/pH-scale/latest/pH-scale_kk.html</a></p>
Зат	pH	Орта																	
Кола																			
Диззи																			
Су																			
Gorilla																			
31 мин	<p><b>3. Explain (Түсіндіру)</b> Асқазанда тағамды қорыту үшін тұз қышқылы (HCl) болады.</p>		«Бумеранг» әдісі арқылы бағалау	<b>Оқулық</b> Химия 7-сынып															

	<p>Кейде оның мөлшері көбейіп кетсе, адамда қыжыл, ауырсыну, күйдіру сезімі пайда болады. Осындай кезде антацидтік заттар қолданылады.</p> <p>Антацидтер – бұл:</p> <p>☞ негіздер немесе сілтілер, олар асқазандағы артық қышқылды бейтараптандырады. Бейтараптану дегеніміз не? Қышқыл + негіз → тұз + су</p> <p><b>4. Elaborate (Тереңдету)</b> Оқушыларға кестедегі тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.</p> <p><b>5. Evaluate (Бағалау)</b> Мұғалім жаңа тақырып бойынша білімдерін тиянақтау үшін жеке жұмыс ұйымдастырады</p>	<p>Оқушылар кесте бойынша өз болжамдарын ауызша айтады, себебін түсіндіреді</p> <table border="1" data-bbox="635 302 951 929"> <tr> <td>Зат</td> <td>р Н</td> <td>Антацид ретінде қолдануға бола ма? Себебін түсіндіріңіз</td> </tr> <tr> <td>Лимон шыршыны</td> <td>2</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Су</td> <td>7</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ас содасы ерітіндісі</td> <td>9</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Сірке суы</td> <td>3</td> <td></td> </tr> </table> <p><b>Жеке жұмыс:</b></p> 	Зат	р Н	Антацид ретінде қолдануға бола ма? Себебін түсіндіріңіз	Лимон шыршыны	2		Су	7		Ас содасы ерітіндісі	9		Сірке суы	3		<p>Дескриптор:</p> <p>1-тапсырма: Қандай көрсеткіштер екенін біледі-16 Табиғи көрсеткіштерге мысал келтіреді-16 <i>Жалпы-2 балл</i></p> <p>2-тапсырма: Барлық сөйлемдердегі бос орынды толтырады; Әр сөйлем үшін-0,5 б <i>Жалпы:3 балл</i></p> <p>3-тапсырма: 1 сөз теңдеуін жазады-16 2 сөз теңдеуін жазады-16 3 сөз теңдеуін жазады-16 4 сөз теңдеуін жазады-16 5 сөздің теңдеуін жазады-16 <i>Жалпы-5 балл</i></p>	<p>Тапсырма жазылған парақтар, ренни, ас содасы,</p>  <p>Жұмыс парақтары</p>
Зат	р Н	Антацид ретінде қолдануға бола ма? Себебін түсіндіріңіз																	
Лимон шыршыны	2																		
Су	7																		
Ас содасы ерітіндісі	9																		
Сірке суы	3																		
<p>Сабақтың соңы</p> <p>3 мин</p>	<p><b>Кері байланыс</b> «Тамшы» әдісі арқылы кері байланыс жасауды ұсынады</p> 	<p>Қатысушылар «Тамшы» әдісі арқылы бүгінгі сабақта түсінгендері бойынша кері байланыс жасайды</p>	<p>Интерактивті тақта</p> 																



**АЛИМБЕТОВА ЖАНАТ ЖАЛҒАСБЕКҚЫЗЫ,**  
 “Орда School” мектебі  
 Алимбетова Жанат Жалғасбекқызы  
 Музыка пәні мұғалімі

### МУЗЫКА

Предмет: <b>Музыка</b> Урок: 12	Школа: «Орда School»			
Дата: <b>27.11.2025</b>	ФИО учителя: Алимбетова Жанат Жалғасбековна			
Класс: 1 «в»	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:		
Раздел (сквозная тема) :	<b>«Все обо мне»</b>			
Тема урока:	Регистр в музыке			
<b>Цели обучения в соответствии с учебной программой:</b>	1.1.1.1 узнавать на слух знакомые звуки, музыку			
<b>Цели урока:</b>	знать, что такое регистр в музыке; понимать, что регистр бывает высокий, средний и низкий; уметь различать регистры на слух.			
<b>Ход урока:</b>				
<b>Этап урока/Время</b>	<b>Действия педагога</b>	<b>Действия ученика</b>	<b>Оценивание</b>	<b>Ресурсы</b>
<b>1. Начало урока. 0-5 мин</b>	<b>1. Создание положительного эмоционального настроения.</b> "Обмен настроением". - Здравствуйте, ребята! Какое у вас сегодня настроение? -Давайте поприветствуем друг друга и споем песню. Песня «Приветствие»	Приветствуют учителя. Организуют свое рабочее место, проверяют наличие индивидуальных учебных принадлежностей	<b>ФО</b> <b>Оценивание эмоционального состояния</b> 	<b>Музыка</b>
<b>2. Середина урока. 5 – 40 мин</b>	<b>1. Актуализация жизненного опыта. Целеполагание.</b> -Послушайте голоса животных и птиц. - Определите, у кого из них низкий, средний и высокий голос. -Попробуйте повторить эти голоса. -Вы уже знаете, что звуки бывают разными по высоте. В музыке высота	Формулируют тему урока, определяют цель урока  Ученики берут карточки и		аудиозапись голосов различных животных и птиц: коровы, лошади, льва,

голоса или звука называется регистром.  
**(И) Самостоятельная работа в тетради**  
В рабочей тетради предлагается определить, у голосов каких животных будет высокий, средний и низкий регистры, и раскрасить их соответствующим цветом.



**(К) Работа с учебником**

Беседа:

Регистр - это высота музыкального звука.

Различают три вида регистра: высокий, средний, низкий.

Камиль Сен-Санс (1835 - 1921) - французский композитор, пианист, дирижер. Он с ранних лет интересовался музыкой. Первые свои концерты он давал уже в пять лет. Сен-Санс

прекрасно играл на органе. Им написано очень много музыкальных произведений в различных жанрах. Среди них сюита «Карнавал животных» - произведение, которое прославил композитора. Оно было написано в 1886 году, когда Сен-Сансу был 51 год.

В ней он изобразил 14 интереснейших образов животных. «Куры и петухи» - пьеса веселого, танцевального характера. Композитор смог передать кудахтанье кур через струнные инструменты, а крик петуха через фортепиано и кларнет.

**(К) Слушание:**

Учитель предлагает учащимся послушать музыкальное произведение Сен-Санса «Куры и петухи».

-Какое настроение передает музыка?

- Как музыка подсказала, что это куры и петухи?

-Какие инструменты передают голоса петуха и курицы?

**(К) Физминутка**

Чтоб играть в оркестре ловко,

Инструмент постичь любой,

Заниматься тренировкой

Нужно чаще нам с тобой.

Чтоб на клавишах играть,

Нужно пальцы развивать.

располагает на доске их по высоте  
Учащиеся слушают  
учителя, отвечают  
на вопросы

Изучают новый  
материал

Выполняют  
задания под  
руководством  
учителя

Повторяют  
движения за





**Оценивают  
работу  
жестами**

волка,  
кошки,  
медведя,  
соловья,  
кукушки,  
курицы;  
- картинки  
с  
изображен  
ием  
животных  
и птиц:  
коровы,  
лошади,  
льва,  
волка,  
кошки,  
медведя,  
соловья,  
кукушки,  
курицы;

**Учебник**  
С45-47.

аудиозапись  
музыкального  
произведения  
Камиля  
Сен-Санса  
«Куры и  
петухи»;

	<p>Беглость, ловкость им нужна,          Нота каждая важна. (делаются разные движения пальцами)          Чтобы на трубе сыграть,          Надо воздуха набрать.          А чтоб воздуха хватило,          Тренируй дыханья силу. (вдох-выдох, руки вверх-вниз)          На гитаре чтоб играть,          Надо пальцы укреплять,          Чтобы крепче гриф держали,          Струны чтоб не дребезжали. (сжимают и разжимают кулаки)          А на тубе чтоб сыграть,          Надо нам её поднять.          Значит надо подкачаться,          То есть – штангой заниматься. (наклон вперед, «поднимают» штангу)          На ударных чтоб играть,          Надо бить, лупить, стучать!          Развивайте этот дар – Чувство ритма и удар! (бьют ладонями по плечам, бокам и коленям)          Чтоб освоить арфы суть,          Надо руки растянуть.          Чтоб до струн до всех достать,          И на них легко играть. (вытягивают руки вперед, «играют» на арфе)          На тарелках чтоб суметь,          Чаше бей в ладони впредь (громко хлопают в ладоши)          Хлопай в нужные моменты,          Привыкай к аплодисментам.          (аплодируют друг другу) <b>Музыкальная игра:</b> «Угадай инструмент»  <b>(К) Разучивание</b>          Песня «Синички»          (муз. С. Апасовой, сл. С. Астраханцева) .          -О чем эта песня?  <b>Музыкальная игра:</b> «Необычный хор»          -Представьте, что животные объединились в один большой хор. Выберите себе роль. Спойте песню «Синички» голосом выбранного животного. При выборе учитывайте регистр его голоса.          -В каком регистре вам удобно было петь?  <b>Музыкальная игра:</b> «Озарная полька»          игра на шумавых музыкальных инструментах</p>	<p>учителем</p> <p>Выполняют задания под руководством учителя</p> <p>Выполняют задания самостоятельно, под руководством учителя Ученики слушает и угадывают музыкальный инструмент и показывает карточку Разучивают песню</p> <p>Ученики берут разные шумовые инструменты и игрет под ритм музыки.</p>		<p><a href="https://ar.nis.edu.kz/ArMuzMedia/ArMuzMedia.html">https://ar.nis.edu.kz/ArMuzMedia/ArMuzMedia.html</a>          аудиозапись песни «Синички»          (муз. С. Апасовой, сл. С. Астраханцева) .</p> <p>Тетрадь</p>
--	---	--	---	---

			Оценивают работу хлопками (тихо, громко)	
3. Конец урока. 40 -45 мин	<b>7. Итог урока.</b> -Какую цель мы поставили на сегодняшнем уроке? - Достигли ли мы этой цели? - Какие затруднения были у вас на уроке? - Что нужно сделать, чтобы эти затруднения не повторялись? <b>Рефлексия.</b> Предлагает оценить свою работу при помощи приема ФО «Смайлы»	Отвечают на вопросы учителя, оценивают свою деятельность на уроке	 Оценивают работу смайликами	Картинки к рефлексии.



**ИРИСКУЛОВА ОЗОДА АБДУҒАНИЙҚЫЗЫ,**  
 “тажиниса ана” бөбекжай балабақша мекемесі” жшс тәрбиешісі

## БАЛАБАҚШАДА ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫН ҚОЛДАНУ

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жас ұрпақты жан-жақты дамыту. Осы тұрғыдан алғанда халық педагогикасының рөлі ерекше. Мектепке дейінгі ұйымдарда халықтық тәрбие элементтерін қолдану ұлттық болмысты қалыптастыруға, балалардың тілін, ой-өрісін, адамгершілік қасиеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Мухамеджанова Ирода Тохирқызы басқарып отырған біздің «Тажиниса ана» балабақшада ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінген. Халық педагогикасы – ұлттың ғасырлар бойы жинақталған тәрбиелік тәжірибесі, салт-дәстүрі, ауыз әдебиеті, әдет-ғұрпы мен мәдениеті балалардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттырады. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды таныстыру арқылы бала өз халқының тарихын, мәдениетін таниды. Халық педагогикасын пайдаланып балаларға ұлттық тәрбие беру балалардың ұлтжанды, өз елін сүйетін, салт-дәстүрін құрметтеп ұлықтайтын ізгі жандар болып кемелденуіне ықпал етеді. Сол мақсатта балабақшамызда әр түрлі орталықтар ұйымдастырылған.

Шығармашылық орталықта балалар сурет салу, мүсіндеу, қолөнер және музыкалық шығармашылықпен айналысады. «Сиқырлы түстер», «Шебер қолдар», «Золушка» қуыршақтарды безендіру үйірмелеріндегі, сонымен қатар, «Көркем сөз» үйірмесі, «Қуыршақ театри» үйірмесіндегі жаттығулар балалардың шеберлік қабілетінің, тапқырлық, шығармашылық қабілеттерінің артуына зор әсер етеді. «Сиқырлы түстер», «Шебер қолдар», «Золушка» қуыршақтарды безендіру үйірмелерінде балалар халқымыздың ұлттық киімдері, киіз үйі, әр түрлі нақыштермен танысады. Түрлі-түсті қағаздар, мата қиындыларымен пайдаланып, киімдерді, киіз үйді, түскиізді ұлттық ою-өрнектермен безендіреді халық арасында олардың қолданылу қасиеттерімен танысады. Балаларға қарапайым өрнектерді салуды, құрақ құрауды, киіз үйдің бөліктерін танытуды үйрету – еңбексүйгіштікке баулиды, шығармашылық қабілетін дамытады.

“Көркем сөз” үйірмесіндегі жаттығулар тіл дамытуға ықпал етеді.

Халық педагогикасын қамтыған ауыз әдебиеті үлгілері: ертегілер (қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, аңдар туралы), бесік жыры, тұсаукесер жыры, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаштарды қолдану сөздік қорды байытады, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Халықтың таусылмас тәрбие көзі болған ауыз әдебиеті материалдары балаларға таптырмас тәрбие беру құралы болып табылады. Бұл жанрлар арқылы балаларға батылдық, адалдық, еңбекқорлық сияқты моралдық қасиеттер сіңіріледі.

Жұмбақтар  
Қыста ғана болады,  
Жазда бола қалмайды. (қар)  
Сырты жасыл қатты  
Іші қызыл тәтті. (қарбыз)  
Ағайынды бәрі:  
Шықса-көк, Түссе-сары. (жапырақтар)  
Шәкіртке жанашыр,  
Мейірман кім, жаны асыл. (ұстаз)  
Қабат-қабат қаттама,  
Ақылың болса аттама. (кітап)  
Мақал-мәтелдер  
Оқу – білім бұлағы.  
Еңбек түбі – береке.  
Жақсы дос – жанға серік.  
Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.

Жаңылтпаштар  
Қапта қақ бар,  
Қақта қақпақ бар.  
Тас-таста,  
Тасты таста.  
Ырғай, ырғай,  
Ырғайды ырғайлай.  
Бота боздайды,  
Боз бота боздайды.

Ұлттық ойындар, қолөнер элементтері балалардың әсемдікті қабылдау қабілетін арттырады, мәдени тәрбие, эстетикалық және адамгершілік тәрбие береді. «Ақ серек, көк серек», «Сақина салу», «Арқан тартыс», «Айгөлек». сияқты ұлттық ойындар балалардың дене дамуы мен ептілігін жетілдіреді, қимыл- қозғалыс дағдыларын, логикалық ойлауын, тапқырлығын дамытады.

Балабақшада салт-дәстүрлер «Тұсаукесер рәсімі», «Бесікке салу», «Наурыз мейрамы» сияқты ұлттық мейрамдарды таныстыру балалардың ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйретеді, баланың дүниетанымын кеңейтеді.

Балабақша тәрбиешісі халықтық мазмұнды тәрбиелік үдерістерге дұрыс кірістіре алуы керек. Ол үшін тәрбиеші:

- ұлттық материалдарды жүйелі жоспарлауы;
- жас ерекшелігіне сай әдіс-тәсілдерді таңдауы;
- ойын, ән, би, көрнекілікті тиімді пайдалануы;
- ата-анамен байланыс орнатып, отбасылық дәстүрлерді қолдауы маңызды.

Балабақшада халық педагогикасын қолдану – жас ұрпақтың ұлттық рухын көтерудің, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытудың тиімді жолы. Халықтық тәрбие элементтері баланың тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтеді, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырады. Халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлер, қолданбалы өнер тағы басқалар таусылмас тәрбие көзі. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде халық педагогикасын қолдану – уақыт талабы.



**АХМАТЖАНОВА ДИЛШОДА МУХТАРҚЫЗЫ,**  
Түркістан облысы Сауран ауданы Ескі Иқан ауылы  
"Тажиниса ана" бөбекжай балабақша мекемесі"  
Тәрбиеші:

## ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ – БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАУЛУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

***Аннотация.** Мақалада ертегі терапиясының балалардың психологиялық, әлеуметтік және тілдік дамуына ықпалы қарастырылады. Ертегілер арқылы балалардың эмоциялық тұрақтылығы нығайып, өзіне деген сенімі артып, қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасатыны сипатталады. Сонымен қатар ертегі терапиясының баланың сөздік қорын байытудағы, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі ашылып көрсетіледі. Автор ертегі терапиясын білім беру үдерісіне тиімді интеграциялаудың маңыздылығын негіздейді.*

***Кілттік сөздер:** ертегі терапиясы, психологиялық даму, тіл дамыту, эмоциялық тұрақтылық, шығармашылық қабілет.*

Баланың балалық шағы – қиялға, сезімге, бейнелі ойлауға толы ерекше кезең. Осы кезеңде алынған әсерлер мен тәрбиелік ықпалдар баланың болашақ тұлғасының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Балалардың психологиясы мен дамуында ертегілердің рөлі ерекше. Ертегі – баланың жан дүниесіне жақын, оны ойландыратын, қуантатын әрі тәрбиелейтін рухани құрал.

Ертегі терапиясы – бұл балалардың тілін дамыту, эмоциялық жағдайын реттеу және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық әдіс. Бүгінгі таңда көптеген психологтар мен балабақша тәрбиешілері ертегі терапиясын оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдануда. Себебі ертегі терапиясы – тек тыңдау немесе оқу ғана емес, ол баланың ішкі әлемімен жұмыс істеудің, оны түсінудің және дамытудың тиімді жолы.

Ертегі терапиясы баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ол ең алдымен баланың тілдік дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Ертегі тыңдау барысында бала жаңа сөздерді меңгереді, сөйлем құрылымын түсінеді, байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Ертегіні қайта әңгімелеу, кейіпкерлердің сөзін қайталау арқылы баланың сөздік қоры байып, сөйлеу мәдениеті қалыптасады.

Сонымен қатар ертегі терапиясы баланың шығармашылық ойлауын дамытады. Балалар кейіпкерлердің әрекетін талдап, өз ойларын білдіреді, оқиғаның жалғасын ойлап табады. Бұл – баланың қиялын, логикалық ойлауын және елестету қабілетін дамытудың тиімді жолы. Ертегілер арқылы балалар өз сезімдерін, уайымын, қорқынышын бейнелі түрде жеткізе алады. Мысалы, қорқақ кейіпкер арқылы өз қорқынышын, батыр кейіпкер арқылы өз арманын көрсетеді. Осылайша ертегі терапиясы баланың эмоциялық жағдайын тұрақтандырып, ішкі жан дүниесін түсінуге көмектеседі.

Балабақша жасындағы балалар үшін тіл дамыту – басты міндеттердің бірі. Ертегі терапиясы бұл бағытта ерекше рөл атқарады. Тәрбиеші ертегіні мәнерлеп оқу арқылы баланың тыңдау қабілетін арттырады, ал сұрақ-жауап, талдау жұмыстары арқылы ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытады.

Ертегімен жұмыс жасау барысында келесі әдістер тиімді:

- ертегіні сахналау;
- рөлге бөліп оқу;
- сурет салу арқылы мазмұнын жеткізу;
- кейіпкерлерге мінездеме беру;
- ертегінің басқа аяқталуын ойлап табу.

Бұл жұмыстар баланың сөздік қорын байытып қана қоймай, өз ойын еркін жеткізуге, толық сөйлем құрауға үйретеді.

Ертегілер – адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі. Халық ертегілерінде адалдық, мейірімділік, еңбекқорлық, достық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар көрініс табады. Ертегі терапиясы арқылы бала:

- жақсы мен жаманды ажыратуды;
- дұрыс шешім қабылдауды;
- өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауды;
- өзгеге жанашыр болуды үйренеді.

Мысалы, жағымды кейіпкердің жеңіске жетуі баланы жақсылыққа сенуге үйретсе, жағымсыз кейіпкердің қателігі арқылы бала дұрыс емес әрекеттің салдарын түсінеді. Бұл – тәрбиенің ең табиғи әрі әсерлі жолы. Ертегі терапиясының нәтижелі болуы тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Тәрбиеші ертегіні баланың жас ерекшелігіне, психологиялық жағдайына сай таңдап, оны дұрыс ұйымдастыруы қажет. Баланың жауабын сынамай, қолдап, пікірін тыңдау – ертегі терапиясының маңызды шарты.

Ертегі терапиясы баланың психологиялық дамуына жан-жақты әсер ететін тиімді әдістердің бірі болып табылады. Балалар ертегі арқылы өз эмоцияларын еркін танып, оларды түсінуге және басқаруға үйренеді. Кейіпкерлердің қуанышы, қорқынышы, реніші немесе жеңісі баланың ішкі жан дүниесімен үндесіп, оның эмоционалдық тәжірибесін байытады. Осы үдеріс баланың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастырып, күйзеліс пен алаңдаушылық деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Ертегі терапиясының маңызды психологиялық қырының бірі – баланың өзіне деген сенімділігін арттыру. Ертегі кейіпкерлерімен өзін салыстыру арқылы бала өз мүмкіндігін бағамдайды, қиындықтарды жеңуге болатынын түсінеді. Әсіресе жағымды кейіпкердің жетістікке жетуі баланың бойында «мен де істей аламын» деген сенім қалыптастырады. Ертегі мазмұнын талқылау кезінде бала өз ойын еркін айтуға, пікірін қорғауға үйренеді, бұл оның тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

Сонымен қатар ертегі терапиясы балалардың қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді. Топпен ертегі тыңдау, талдау, сахналау барысында балалар бір-бірін тыңдауды, кезекпен сөйлеуді, өзгенің пікірін құрметтеуді меңгереді. Бұл әлеуметтік ортада өз орнын табуға, достық қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік береді. Балалар бірлескен әрекет арқылы ынтымақтастық пен өзара көмектің маңызын түсінеді.

Ертегілер баланың шығармашылық қабілетін дамытуда да ерекше рөл атқарады. Оқиганы елестету, кейіпкерлерге мінездеме беру, ертегінің жалғасын ойлап табу баланың қиялын кеңейтеді. Бұл шығармашылық ойлаудың дамуына, стандартты емес шешім қабылдауға үйретеді. Баланың ішкі әлемі ертегі арқылы ашылып, оның өзіндік көзқарасы қалыптаса бастайды.

Ертегі терапиясының тағы бір маңызды бағыты – баланың тілдік дамуына әсері. Ертегі тыңдау барысында бала жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен танысып, олардың мағынасын контекст арқылы түсінеді. Бұл баланың сөздік қорының молаюына, сөйлеу тілінің дамуына ықпал етеді. Ертегілердің көркем тілі баланың тілдік сезімін қалыптастырып, дұрыс әрі әдемі сөйлеуге үйретеді.

Ертегіні талқылау кезінде бала өз ойын жүйелі жеткізуге, сұрақтарға жауап беруге, сөйлемдерді дұрыс құрауға дағдыланады. Өз ертегісін ойлап табу немесе белгілі бір кейіпкер атынан сөйлеу баланың байланыстырып сөйлеу қабілетін арттырады. Сонымен қатар ертегілер жазба тілінің дамуына да әсер етеді, себебі сурет салу, кейіпкерлерді сипаттау, қысқа әңгіме құрастыру арқылы бала жазуға дайындық кезеңінен өтеді.

Педагогтар мен психологтар ертегі терапиясын тіл дамытуда тиімді қолдану арқылы балалардың тыңдау, түсіну, айту және қайта әңгімелеу дағдыларын жүйелі түрде дамыта алады. Бұл әдіс әсіресе сөйлеу тілінде қиындықтары бар немесе тұйық балалармен жұмыс жасауда жоғары нәтиже береді.

Қорыта айтқанда, ертегі терапиясы – балалардың тек қиялын дамытатын ойын түрі ғана емес, олардың психологиялық, әлеуметтік және тілдік дамуына кешенді түрде ықпал ететін заманауи әдіс. Қазіргі білім беру жүйесінде ертегі терапиясын оқу-тәрбие үдерісіне кеңінен енгізу қажеттілігі артып отыр. Бұл әдіс баланың тұлғалық дамуын қолдап қана қоймай, педагог пен ата-ананың бала психологиясын тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді.

Ертегі терапиясының болашағы – баланы ізгілікке, мейірімге, сенімге тәрбиелеу арқылы саналы, тіл байлығы мол, рухани бай тұлға қалыптастыруда. Сондықтан ертегі – баланың жанын тәрбиелейтін ең нәзік әрі ең қуатты құрал болып қала береді.



**АЗИЗХАНОВА ГУЛФИНА НЕМАТЖАНОВНА,**  
Түркістан облысы Сауран ауданы Ескі Иқан ауылы  
"Тажиниса ана" бөбекжай балабақша мекемесі"  
Тәрбиеші:

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ САЛТ-ДӘСТҮРГЕ БАУЛУ

***Аннотация.** Мақалада балабақшада ұлттық ойындарды қолдану арқылы балаларды салт-дәстүрге баулудың маңыздылығы қарастырылады. Ұлттық ойындардың балалардың психологиялық, физикалық, әлеуметтік және танымдық дамуына әсері талданады. Педагогикалық әдістер мен тәсілдер арқылы балаларға ұлттық мәдениетті түсіндіру, ойын ережелерін меңгерту, командалық ынтымақтастыққа үйрету жолдары баяндалады. Мақалада ұлттық ойындардың педагогикалық және тәрбиелік рөлдері, сондай-ақ балалардың ойыннан алған әсерін талқылаудың маңызы атап көрсетілген.*

***Кілттік сөздер:** балабақша, ұлттық ойындар, салт-дәстүр, балалар тәрбиесі, педагогикалық әдістер, психологиялық даму, әлеуметтік дағдылар, шығармашылық, ынтымақтастық, мәдениет.*

Ұлттық ойындар – қазақ халқының мәдениетінің маңызды бөлігі. Олар тек көңіл көтеру немесе бос уақытты өткізу құралы емес, сонымен қатар ұрпаққа ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді жеткізудің тиімді жолы болып табылады. Балабақшада ұлттық ойындарды қолдану арқылы балалардың дене дамуы ғана емес, олардың әлеуметтік дағдылары, достық қарым-қатынасы, өзара сыйластық сезімі, сондай-ақ логикалық ойлау қабілеттері де қалыптасады. Осы мақалада ұлттық ойындар арқылы балаларды салт-дәстүрге баулаудың тиімді жолдары мен педагогикалық мәніне тоқталамыз.

Балабақшада ұлттық ойындарды ұйымдастыру балалардың жан-жақты дамуына зор ықпал етеді. Бұл ойындардың әрқайсысы белгілі бір тәрбиелік, психологиялық және физикалық мақсаттарды көздейді. Мысалы, асық ату ойынын алсақ, бұл тек дәлдік пен ептілікті дамытумен шектелмейді. Балалар асықты қалай дұрыс лақтыру керектігін үйреніп қана қоймай, кезекпен ойнауды меңгереді. Олар жеңіске жеткенде мақтаншақ болмауды, ал жеңілгенде сабырлы болуды үйренеді. Балабақшада асық ату ойындарын балалардың жасына сәйкес етіп қарапайым ережелермен өткізуге болады. Мысалы, сынып бөлмесінде немесе ойын алаңында кішкентай «қолдан жасалған» асықтар мен сызылған нысандарды пайдаланып, әр бала өз кезегінде асықты нысанаға бағыттайды. Ойын барысында педагог балаларға әрбір әрекетті бағалап, достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған нұсқаулар береді. Осылайша асық ату ойыны балаларға тек физикалық шеберлікті емес, сондай-ақ әділдік пен сыйластық сияқты маңызды қасиеттерді үйретеді.

Тағы бір ұлттық ойын – тоғызқұмалақ. Бұл ойын логикалық ойлауды, стратегиялық шешім қабылдауды және шыдамдылықты дамытумен ерекшеленеді. Балалар тақтаның немесе арнайы ойнау алаңының үстінде тастары мен саңылауларды дұрыс орналастырып, әр қимылдың нәтижесін болжауға үйренеді. Балабақшада тоғызқұмалақ ойынын кішкене топтарда өткізу тиімді, мұнда әр бала өз кезегінде ойнайды, педагог ойынның тарихын түсіндіріп, стратегияны талқылауға мүмкіндік береді. Осы әдіспен балалар өздерінің ойлау қабілетін шындай отырып, зияткерлік дағдыларын дамытады және ата-бабаларымыздың мәдени мұрасымен танысады.

Сондай-ақ, көкпар, бәйге және арқан тарту сияқты командалық ойындар балалардың батылдығы мен төзімділігін, жауапкершілігін дамытады. Балабақшада бұл ойындарды жеңілдетіп, қауіпсіз етіп өткізуге болады. Мысалы, көкпар ойынын ойын алаңында, жастық немесе жеңіл ойын құралдарын қолдана отырып ұйымдастыруға болады. Бәйге ойынын велосипед, самокат немесе басқа қауіпсіз құралдармен, қысқа қашықтыққа жарысу түрінде өткізуге болады. Арқан тарту ойынын балаларға қауіпсіз етіп өткізгенде, арқанды жұмсақ материалдан жасау және топтарды тең бөлу маңызды. Ойын барысында балалар ортақ мақсатқа жету үшін бірігіп әрекет етуді үйренеді, бір-біріне көмек көрсетеді, топтық ынтымақтастықты меңгереді. Мұндай ойындар балаларға ерлік пен сенімділік сияқты қасиеттерді сіңіреді, сонымен қатар олардың физикалық дамуы мен төзімділігін арттырады.

Балабақшада ұлттық ойындар тек көңіл көтеру ғана емес, балалардың рухани және әлеуметтік дамуы үшін маңызды құрал болып табылады. Педагогтар ойынның тәрбие мәнін балаларға түсіндіріп, олардың

әрқайсысына қатысуға мүмкіндік берсе, балалар ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге қызығушылық танытып, өзара сыйластық, достық пен әділдік сияқты құндылықтарды бойына сіңіреді. Сонымен қатар, балалар ойын барысында тілдік қорын байытады, жаңа сөздер мен тіркестерді меңгереді, сөйлеу және тыңдау дағдыларын жетілдіреді. Осылайша, ұлттық ойындар балабақшадағы күнделікті тәрбие мен дамытушы сабақтардың маңызды бөлігіне айналады, балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Балабақшада ұлттық ойындарды тек қана физикалық белсенділікке емес, сонымен қатар әлеуметтік және моральдық тәрбиеге бағытталған сабақ ретінде ұйымдастыруға болады. Ойындар арқылы балалар өз сезімдерін білдіруді, ойларын жеткізуді, бір-біріне көмек көрсетуді және адалдықты үйренеді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар балалардың сөздік қорын кеңейтуге, қазақ тілі мен мәдениетіне деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық ойындарды қолдану барысында педагогтар әрбір сәтті тиімді пайдаланып, балалардың жан-жақты дамуына бағытталған әдістерді қолдана алады. Алдымен, педагог ойынның шығу тарихы мен мағынасын балаларға түсіндіреді. Бұл балаларға ойынның тек көңіл көтеру емес, сонымен қатар салт-дәстүріміздің, мәдениетіміздің маңызды бөлігі екенін түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, асық ату немесе тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихын айтып, олардың қазақ халқының өмірінде қандай рөл атқарғанын көрсету арқылы балалардың ұлттық мәдениетке қызығушылығы артады.

Сондай-ақ, педагог ойын ережелерін түсіндіріп, балалардың қауіпсіз және әділ ойнауын қадағалайды. Балалар бір-біріне көмектесіп, кезекпен ойнауды, топтық ынтымақтастықты және ортақ мақсатқа жету үшін бірігіп әрекет етуді үйренеді. Бұл тәсіл балаларға бір-бірін сыйлау, көмектесу және топтық жауапкершілікті сезіну дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Ойын барысында туындайтын даулы немесе қиын жағдайларды шешуге педагогтар балаларға жол көрсетеді. Мысалы, кімнің кезегі келгенін немесе жеңістің әділ бөлінуін қалай анықтау керектігін түсіндіріп, балаларға өз ойларын айтып, дау туындаған кезде сабырмен шешуге үйретеді. Бұл әдіс балаларға әділдік, шыдамдылық және мәселені шешу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ойыннан кейін педагог балалардың алған әсерін талқылауға мүмкіндік береді. Балалар өз ойын, эмоцияларын, қандай қиындықтарға тап болғанын немесе қандай қуаныш сезінгенін айтып, өз тәжірибесін бөліседі. Педагог бұл әңгімелерді сабақпен байланыстырып, ойын арқылы алынған құндылықтар мен дағдыларды нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырады. Осылайша, ұлттық ойындар тек ойын емес, балалардың әлеуметтік, психологиялық және мәдени дамуына ықпал ететін тиімді құралға айналады.

Балабақшада ұлттық ойындар арқылы салт-дәстүрге баулу – балаларды тек ойын арқылы қызықтыру ғана емес, олардың тұлғалық, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуына зор үлес қосады. Ұлттық ойындар балаларға достық, сыйластық, әділдік, батылдық сияқты құндылықтарды меңгеруге мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың физикалық және психологиялық денсаулығын нығайтады. Сондықтан педагогтар ұлттық ойындарды балабақшада жүйелі түрде пайдаланып, әр ойынның тәрбиелік мәнін барынша көрсетуге тырысуы тиіс. Ұлттық ойындар – балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыратын, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін арттыратын және қазақ мәдениетінен мақтаныш сезімін оятатын ең тиімді құралдардың бірі болып табылады.



**УСМАНОВА ДИЛБАР,**  
Түркістан облысы Сауран ауданы Ескі Иқан ауылы  
"Тажиниса ана" бөбекжай балабақша мекемесі"  
Тәрбиеші:

## **БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ САУСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУДЫҢ ПАЙДАСЫ**

Мен Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылындағы «Тажиниса ана» бөбекжай балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс істеймін. Балабақшамыз Республикамызда танымал балабақшалардың бірі болып есептелінеді. Мұның негізгі себебі, балабақшамызда балалардың заманауи тәрбие мен білім алуына барлық мүмкіндікпен қамтамасыз етілгендігі, балабақшамыз меңгерушісі Мухамеджанова Ирода Тахировнаның іскерлікпен адал басқаруының нәтижесі деп ойлаймын.

Мен өз жұмысымды атқаруда балалардың жан-жақты дамуына әсер ететін әдіс-тәсілдерден пайдаланамын. Атап айтқанда, жас бүлдіршіндердің саусақ моторикасын дамыту бойынша көбірек жұмыс атқарамын. Балабақша кезеңі – баланың тұлғалық, зияткерлік және физикалық дамуының негізі қаланатын маңызды уақыт. Осы кезеңде балалардың саусақ моторикасын дамыту ерекше маңызға ие. Саусақ моторикасы дегеніміз – қол мен саусақтардың дәл, үйлесімді қимыл-қозғалыстары. Оны дамыту баланың жалпы дамуына тікелей әсер етеді.

Ең алдымен, саусақ моторикасын дамыту баланың сөйлеу тілінің қалыптасуына ықпал етеді. Ғылыми зерттеулер бойынша, саусақ қозғалыстары мидың сөйлеу орталықтарымен тығыз байланысты. Сондықтан саусақтарға арналған ойындар мен жаттығулар баланың сөздік қорын байытып, дұрыс сөйлеуіне көмектеседі. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, қол саусақтарындағы жүйке ұштары мидың сөйлеу және ойлау орталықтарымен тығыз байланысты. Сондықтан ұсақ моториканы дамыту арқылы баланың сөздік қоры молайып, сөйлеу тілі жақсарайды. Әсіресе мектеп жасына дейінгі кезең – бұл қабілеттерді қалыптастырудың ең қолайлы уақыты болып табылады.

Балабақшада саусақ моторикасын дамыту балалардың ойлау қабілетін, зейінін және есте сақтауын жетілдіреді. Ұсақ қимылдарды орындау кезінде бала тапсырманы мұқият орындауға, сабыр сақтауға және әрекетін жоспарлауға үйренеді. Бұл дағдылар алдағы уақытта оқу процесінде аса қажет болады.

Сонымен қатар саусақ моторикасы дамыған бала өзін-өзі күту дағдыларын тез меңгереді. Мысалы, түйме тағу, бау байлау, қасық ұстау сияқты күнделікті әрекеттерді оңай орындайды. Бұл баланың дербестігін арттырып, өзіне деген сенімін күшейтеді. Ұсақ моториканы дамыту үшін әртүрлі ойындар мен жаттығуларды қолдануға болады. Мысалы, ермексазбен жұмыс істеу, моншақ тізу, саусақ ойындары, қағазды жырту және бүктеу, сурет салу, санамақтар, құммен немесе дәнді дақылдармен ойнау – баланың қызығушылығын арттыра отырып, саусақ қимылдарын жетілдіреді. Мұндай әрекеттер баланың зейінін, шыдамдылығын және қиялын да дамытады. Белгілі бір тапсырманы өз бетінше орындау арқылы бала жетістікке жетіп, жаңа істерге ынталанады. Бұл оның тұлғалық дамуына оң әсерін тигізеді.

Мұндай әрекеттер балалардың шығармашылық қабілетін де жетілдіреді. Балалардың саусақтарымен әр түрлі қимылдар жасау да маңызды. Балалар мен үнемі жаттығулар өткізіп отырамын. Саусақтар мен орындалатын көп жұмыстарды үнемі орындаймыз. Ермексазбен жұмыс, моншақ тізу, сурет салумен қатар тікелей саусақтармен жаттығулар орындаймыз. Төменде сол жаттығулардан үзінділер көрсетілген. .



### Саусақ моторикасы жаттығулары

#### 1) Моншақ тізу



#### Қалай жасауға болады:

- Түрлі түсті үлкен моншақтар мен жіп дайындаңыз.
- Баладан моншақты жіпке тізуді сұраңыз.
- **Пайдалы жақтары:** Саусақтардың дәл қозғалысы, көз-қол үйлесімі.

#### 2) Ермексаздан мүсіндеу



#### Қалай жасауға болады:

- Ермексаздан шар, түтік, жапырақ, гүл жасау.
- Саусақты басып, илеу.
- **Пайдалы жақтары:** Саусақтың беріктігі, қиял-ғажайып ойлау.

#### 3) Қағазды жырту және бүктеу



**Қалай жасауға болады:**

- Түс қағаздарын жыртып, үлгі бойынша жапсыру (коллаж) .
- **Пайдалы жақтары:** Саусақтардың кішкентай бұлшықеттері жетіледі.


4) Сурет салу және бояу



**Қалай жасауға болады:**

- Қарапайым қарындаш, боятқыштар, фломастерлермен түрлі бейнелер салу.
- **Пайдалы жақтары:** Қаламды дұрыс ұстау, сызықтарды бақылау.

5) Қиып-жапсыру



**Қалай жасауға болады:**

- Қауіпсіз балалар қайшымен қағазды қиып, коллаж жасау.
- **Пайдалы жақтары:** Саусақтардың дәлдігі, көз-қол үйлесімі.

6) Түйме, бау байлау, моншақпен жұмыс.



**Қалай жасауға болады:**

- Үлкен түймелер мен көйлек үлгісі; ақ баумен сабақ, әр түрлі моншақтар мен суреттер.
- **Пайдалы жақтары:** Күнделікті дағдыларды меңгеру

Қорытындылай келе, балабақшада балалардың саусақ моторикасын дамыту – олардың сөйлеу тілі, ойлау қабілеті, дербестігі мен мектепке дайындығын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі. Сондықтан тәрбиешілер мен ата-аналар бұл жұмысқа жүйелі түрде көңіл бөліп, балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ортаны қалыптастыруы қажет.



### СЕЙТЖАНОВА МӘДИНА РАСУЛҚЫЗЫ,

Манғыстау облысы Жаңаөзен қаласы "Нарғыз" жекеменшік балабақшасы. Тәрбиеші

## ӨЗ ҚОЛЫМЫЗБЕН ПИЦЦА ЖАСАЙМЫЗ ЖАС ТОБЫ: 3 ЖАС ӨТКІЗУ ФОРМАСЫ: ТОПТЫҚ ҰЗАҚТЫҒЫ: 15–20 МИНУТ

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің конспектісі.

Білім беру саласы: Таным, Қатынас, Шығармашылық  
ҰОІӨ түрі: Қарапайым еңбек әрекеті Тақырыбы: Өз қолымызбен пицца жасаймыз Жас тобы: 3 жас Өткізу формасы: Топтық Ұзақтығы: 15–20 минут

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек әрекетіне баулу, өз қолымен тағам дайындауға қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

Білімділік: – Пицца туралы түсінік беру, тағам атауларымен таныстыру.

Дамытушылық: – Ұсақ қол моторикасын, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту.

Тәрбиелік: – Тазалыққа, ұқыптылыққа, бірлесіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер:

- Дайын жұмсақ қамыр
- Пиццаға арналған ойыншық қоспалар (ірімшік, қызанақ, шұжық макеті)
- Алжапқыш, сулық
- Пештің суреті немесе ойыншық пеш
- Дайын пицца (көрсету үшін)

ҰОІӨ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі Балаларды шеңберге жинау.

Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз асханаға қонаққа барамыз. – Біз не жасаймыз деп ойлайсындар? – Дұрыс, пицца жасаймыз

II. Негізгі бөлім

Өңгімелесу: – Пицца қандай болады? (домалақ)

– Пицца неден жасалады? (қамыр)

Тәрбиеші қамырды көрсетеді.

Практикалық жұмыс:

– Қамырды аламыз.

– Домалақтаймыз.

– Үстіне қоспаларды саламыз. (Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды)

III. Сергіту сәті Қимылды өлең: Қамырды иледік – иле-иле Пиццаны жаямыз – жай-жай Пешке салдық – пыш-пыш Дайын болды – ап-ап!

IV. Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:

– Балалар, сендер пиццаны өздерің жасадыңдар ма?

– Жарайсындар!

Балаларды мадақтау.

Дайын пиццаны көрсету. —

Күтілетін нәтиже:

- Балалар пицца жасауға қатысады
- Қарапайым еңбек әрекетін орындай алады
- Қол моторикасы дамиды



**ХАЛАБАЕВА КУРАЛАЙ МАДЕНОВНА,**

Математика пәнінің мұғалімі

Қарағанды облысы

Қарқаралы ауданы «Бүркітті ауылының № 20 ЖББ мектебі» КММ

**МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖИ ДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ  
ТИІМДІЛІГІ**

Қоңырау соғылады. Мен сыныпқа кіремін. Алдымда бір-біріне ұқсамайтын, тағдырлары сан-қилы, сүп-сүйкімді балалар отырады. Әрқайсында әртүрлі ой, әртүрлі сезім. Оларды қызықтыру, зейіндерін сабаққа аудару – менің күнделікті жұмысым.

Ия білімділік деген- ащы тамырдың тәтті жемісі. Әрқилы шәкірттерді хал-қадірімізше баулып, қатарға қосамыз. Барша игіліктің бастауы- білімде деп әр тұлғаның келешек шырағын шамшырақ етіп, адам болып қалыптасуын армандайтын ұстаздардың бірі-Менмін! Мен үшін сабақ беру – жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны таба білетін өнер. Баланы тек білімді ету аз, оның ішкі рухани жан-дүниесін әрлеп, алақаныммен сипап, рухани жаңғыру заманына лайықты етіп тәрбиелеуді басты ұстанымым санаймын.

Бала кезде қалыптасқан мінез, жігер, жоспар құру, мақсатқа жетуде аянбай еңбек ету қасиеттері маған есейген шағымда көп нәрселерді үйретті. Әрине барлық жетістік оңайлықпен келмейді. Ол үшін еңбекте ізденімпаз, мамандыққа деген зор сүйіспеншілікпен тер төгу қажеттігін байқадым.

Жалпы өзім балаларды өте жақсы көремін. Әрбір шәкірттің жан дүниесіне еніп, оларды түсіне отырып, білімнің өмірде қажетті азық екендігін ұғындыруға септігімді тигізсем екен деген мақсатпен келдім десем артық айтпағаным болар. Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды дамып, цифрландыру үдерісі оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Балаларды сабаққа қызықтыру да оңай емес. Әр сабаққа ерекше ізденіспен, зор дайындықпен, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары оқыту әдістерін жаңғыртып, білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарауда. Әсіресе математика пәнінде ЖИ-ді қолдану оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, күрделі ұғымдарды жеңіл меңгеруге мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің басты артықшылықтарының бірі – *жеке тұлғаға бағытталған оқыту*. ЖИ негізіндегі білім беру платформалары әр оқушының білім деңгейін, оқу қарқынын және жіберген қателерін талдай отырып, соған сәйкес тапсырмалар ұсынады. Бұл үлгерімі төмен оқушыларға материалды қайта түсінуге, ал алғыр оқушыларға күрделірек есептер арқылы білімін тереңдетуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, ЖИ *жылдам әрі нақты кері байланыс* береді. Дәстүрлі сабақта мұғалім барлық оқушының жұмысын бірдей уақыт ішінде тексере алмайды, ал ЖИ жүйелері есептердің нәтижесін бірден шығарып, қателердің себебін түсіндіреді. Бұл оқушының өз қатесін дер кезінде түзетуіне және өзіндік жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруына ықпал етеді. Математикадағы көптеген тақырыптар абстрактілі болғандықтан, оларды түсіну оқушыларға қиындық туғызады. Осы тұста ЖИ технологиялары *визуализация мүмкіндіктерін* ұсынады. Графиктер, динамикалық модельдер, үшөлшемді фигуралар арқылы функциялар, теңдеулер, геометриялық ұғымдар нақты әрі түсінікті түрде беріледі. Бұл оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Жасанды интеллект жұмысымды жеңілдетеді. Бағалау, тест құрастыру, оқушылардың үлгерімін талдау сияқты уақытты көп алатын процестер автоматтандырылады. Нәтижесінде сабақтың мазмұнына, оқыту әдістерін жетілдіруге және оқушымен жеке жұмыс жасауға көбірек көңіл бөлемін. Жасанды интеллектті математика пәнінде пайдалану – білім беру сапасын арттырудың тиімді жолы. Ол оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге, оқыту үдерісін қызықты әрі нәтижелі етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, жасанды интеллект мұғалімді толық алмастырмайды, ол тек мұғалімнің кәсіби қызметін толықтыратын заманауи көмекші құрал ретінде қолданылуы тиіс. Өз тәжірибемнен мысалдар келтірейін. Жеке деңгейге бейімделген есептер беруде мысал: 7-сыныпта *сызықтық теңдеулер* тақырыбында ЖИ платформасы (мысалы, адаптивті оқу жүйесі) оқушылардың алдыңғы тапсырмалардағы нәтижесін талдайды.

Әлсіз оқушыға – қарапайым теңдеулер, орташа деңгейге – бірнеше амалдан тұратын есептер, жоғары деңгейге – мәтіндік және логикалық есептер ұсынылады. Әр оқушы өз деңгейіне сай тапсырма орындап, үлгерімі жақсарады. Қателерді автоматты талдауда оқушы квадрат теңдеуді шешуде дискриминант формуласын қате қолданды. ЖИ

жүйесі: қатенің қай қадамда кеткенін көрсетті, дұрыс формуланы еске салды, соған ұқсас қосымша есеп беріледі. Нәтижесінде оқушы қатесін түсінеді. Автоматты тестілеу және бағалауда ЖИ: жауаптарды бірден тексереді, уақытты тиімді пайдалануды талдайды, сынып бойынша ортақ қателерді анықтайды. Мен сол қателерге келесі сабаққа ерекше көңіл бөлемін. Тиімділігі: бағалау әділ әрі жедел жүзеге асады. Дарынды оқушылармен жұмыста ЖИ қабілеті жоғары оқушыларды анықтап, оларға: олимпиадалық есептер, зерттеу сипатындағы тапсырмалар, математикалық модельдеу тапсырмаларын ұсынады. Маған көмегі дарынды оқушылардың әлеуеті толық ашылады. Жасанды интеллектті тәжірибеде қолдану математика сабағын тиімді, қызықты және нәтижелі етеді. Ол оқушыға — көмекші, мұғалімге — сенімді құрал болып табылады. Сабақтарымда АКТ-ны қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, коммуникативті қарым-қатынас жасай алу, жеке, жұппен және топпен жұмыс жасай алу қабілеттерін арттыру бағытын көздеймін. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым» дейді Әл-Фараби. Ұстаз ретінде негізгі құралымды сабақ санаймын. Сабақ скрипка аспабы секілді: онымен жай гаммаларды ойнауға немесе Паганинше саусақ ұшын сымға жеңіл тигізіп, одан ғажайып үн шығаруға да болады. Әрбір сабағы ғажайып әуенге толы нағыз ұстаз болу кімнің де болса арманы. Сапалы білім негізі – жан- жақты ақпараттық материалдарды, көрнекі құралдар мен тиімді технологияларды пайдалана отырып, білім алушыға ешбір кітаптан таба алмайтын білім беру. Өйткені оқулықтағы білімді қайталаудың қажеті аз, бала өзі-ақ оқып алады. Білім сапалы болу үшін: біріншіден, ұстаздың жан-жақты академиялық білімінің болуы, екіншіден, шынайы сүйіспеншілігінің және ешқандай дипломмен берілмейтін шығармашылық қабілеті, балаға деген кіршіксіз адамгершілік қасиеттері болуы шарт деп түсінемін.

Мемлекет мұғалім беделін арттыруды қолға алуда. Мен өзімді әр таңда осы сөзге сай болуым керек деген ұстаныммен шындаймын. Осы еңбек жолымда шәкірттерім өмірде өз жолын тауып, сапалы маман болса деймін. Қоғамдағы ұстаздарға жасалып жатқан жағдайлар бізге шығармашылық шабыт беруде. Ойымды қорытындылар болсам: Қоғамда биік беделге ие болған ұстаздар қатарында «Мәртебелі маман» иесі болғаным үшін разымын.



**ТАЖИМУХАНОВА РАЯ ЭДИЛХАНОВНА,**  
Маңғыстау облысының білім басқармасының  
Қарақия ауданы бойынша білім бөлім  
«Айналайын» бөбекжайы” ЖБҚ МКҚК

---

## ШЕБЕР СЫНЫП

- Асық технологиясы балалардың ұсақ моторикасын дамытады.
- Ұлттық ойын арқылы патриотизм мен мәдениетке деген қызығушылық қалыптасады.
- Ойындар арқылы топтық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.
- Асық ойыны баланың зейінін, логикалық ойлауын және реакциясын жетілдіреді.
- Бұл технология балаларды ұлттық дәстүрлерге баулудың тиімді тәсілі болып табылады.

**Мақсаты:** Балалардың логикалық ойлауын, қимыл қозғалысын және ұлттық дәстүрге қызығушылығын асық ойындары арқылы дамыту.

**Міндеті:**

- Балалардың ұлттық ойын арқылы ұсақ моторикасын, ептілігін, ойлау қабілетін дамыту.
- Топпен жұмыс жасауға, ережені сақтауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
- Баланың зейінін, қимыл-қозғалысын, логикалық ойлауын жетілдіру.

**Асық ойынының тәрбиелік мәні:**

Ойын балаларды көмектесуге, дұрыс шешім қабылдауға, жеңілісті де жеңісті де мәдениетті қабылдауға, ұлттық дәстүрді құрметтеуге үйретеді.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Асық ойыны арқылы балалар
- дәлдеп лақтыруды үйренеді;

- көзбен өлшеу қабілеті дамиды;
- ұсақ моторикасы жақсарады;
- есептеу, санай білу қабілеті артады;
- командалық ойынға бейімделеді.

Танымдық дағдыларда ойналатын ойындар: «Домино», шыр», «Асықты отау», «логикалық ойын» «Пішіндер» «Асық санап жинау». Бұл ойындар балалардың танымдық қабілеттерін, ойлауын дамытады.

«Асық санап жинау»

Балалар асықтарды белгілі бір ретпен жинап, оларды санап, жинақтайды. Бұл ойын балалардың саналық дағдыларын дамытуға, есептеу қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Әрбір асықтың санын дұрыс есептеу, сонымен қатар сандық қатарларды есте сақтау оларды логикалық ойлауға үйретеді. Кіші топтарға «түстерін ажыратайық», ортаңғы топтарда «Ұқсас асықты тап» «Қай қолымда көп?» ойындары ойнатылады.

Домино ойыны:

Мақсаты: Балалардың ептілігін, шапшаңдығын саусақ моторикасын дамыту

Шарты: Текшені ортаға лақтырып, текше бетіне түскен асық түстерін жылдамдықта ұяшықтарға жинау.

«Асықты отау» ойыны

Мақсаты: Үстел үстіндегі асықтарды жолақшалардың түсіне қарай орналастыру.

«Шыр» ойыны:

Мақсаты; Балалардың ойының бір жерге шоғырлануын, мергендігін, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Шарты: Шеңбер бойына тізілген асықтардың төрт бұрышына төрт баланы қойып, асықтарды шертеді. . Асықтар шеңбер ортасына түсуі керек. Шеңбер сыртына шыққан асық есептелмейді. Шеңбер ортасына түскен асық ұпай санына қосылады.

Логикалық ойын

Мақсаты; баланың зейінін, логикалық ойлауын жетілдіру.

Шарты: Ойынды 4 бала ойнайды. Карточкаларда берілген асық түстеріне сәйкестендіріп бағыттауыш арқылы ұяшыққа орналастыру.

"Асықпен геометриялық пішіндер"

Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыру

Шарты:

- Балаларға бірнеше асық беріледі және оларды пішіндер жасау үшін пайдаланады.
- Мысалы, балалар асықтарды үшбұрыш, квадрат, шеңбер немесе тікбұрыш тәрізді пішіндерге орналастыруы керек.





Қорытындылай келек, асық технологиясын балабақшаларда қолдану — ұлттық тәрбиені жаңғырту, балалардың жеке тұлғалық дамуын дамыту, сонымен қатар оларды ұжымда жұмыс істеуге үйретудің таптырмас құралы. Бұл технология балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін құнды әдіс болып табылады.


- Балалардың қимыл белсенділігін артырып асық технологиясы қол моторикасын дамытудың тиімді әдісі.
- Арзан, қолжетімді, экологиялық таза материал.
- Баланың сөйлеу, санау, ойлау, қимыл, қарым-қатынас дағдыларын дамытады.



Білім беру ұйымының атауы	
Пәні:	Биология
Бөлім:	3А Жасушалық цикл
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып: 10	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	<b>Онкологиялық жаңатүзілулердің пайда болуы.</b>
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.2.2.3 - жасушалардың бақылауға бағынбайтын бөлінуі нәтижесінде обырдың түзілуін түсіндіру;
Сабақтың мақсаты:	1. Жасушалардың бақылауға бағынбайтын бөлінуі нәтижесінде обырдың жаңа түзілуін түсінеді; 2. Қатерлі және қатерсіз ісіктердің ерекшеліктерін ажыратады; 3. Онкологиялық жағдайлардың пайда болуы туралы теорияларды сипаттайды;

**Сабақтың барысы:**

Сабақ кезеңі/ уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау әдісі	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<b>I. Ұйымдастыру кезеңі:</b> Амандасу. Түгендеу <b>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b> «Жүректен жүрекке» тренингі арқылы оқушылар бір біріне тілектер білдіреді. Үй тапсырмасы «Миға шабуыл» әдісі арқылы сұралады.	Мұғаліммен амандасады, оқушылар бір-біріне бүгінгі сабаққа сәттілік тіліп, тілек айтады.	«Басбармақ» әдісі  «Мадақтау» әдісі	Интербелсенді тақта
Ұжымдық жұмыс 10 минут	«Галерея» әдісі арқылы тақырыпты ашу.     <u>Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты тұжырымдалады.</u>	Оқушылар галереядағы суреттерге мұқият қарап, сипаттау арқылы өз ойларын ортаға салады.  Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.  Жаңа тақырыппен танысу үшін оқулық қолданылады  Оқушылар сабақта белсенділік танытады.	«Мадақтау» әдісі	Презентация       Бейнематериал <a href="https://www.youtube.com/watch?v=ju8IQu0wOw8">https://www.youtube.com/watch?v=ju8IQu0wOw8</a>  <a href="https://www.youtube.com/watch?">https://www.youtube.com/watch?</a>

	«CinemaTime» әдісі арқылы бейнематериал көрсетіледі.			v=n3L0So6cRtY
Сабақтың ортасы 25 минут	<p><b>(Топтық жұмыс) Тапсырма 1</b> «Бірге ойлаймыз» әдісі арқылы мәтінмен жұмыстанады. «Джигсо» әдісі арқылы жасушалардың бақылауға бағынбайтын бөлінуі нәтижесінде обырдың жаңа түзілуін түсіндіреді, постер қорғалады.</p> <p>I.Онкологияның даму алғышарттары I.Онкологиялық жаңа түзілулердің алдын алу I.Онкологиялық жағдайлардың пайда болуы туралы теориялар</p> <p><b>Тапсырма 2 «Сәйкестендіру» әдісі.</b></p>  <p><b>ФС (Жеке жұмыс) Тапсырма 3.</b> Мәтін: Онкологиялық аурулардың пайда болуына әсер ететін факторлар Онкологиялық өспелер – жасушалардың ретсіз бөлінуі мен қалыпты тіндерді зақымдай отырып, организмде жаңа тіндердің түзілуі. Онкологиялық аурулардың пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді:</p> <p><b>1. Генетикалық бейімділік:</b> Адамның генетикалық ерекшеліктері белгілі бір қатерлі ісік түрлеріне бейімділікті арттыруы мүмкін. <b>2. Қоршаған орта әсері:</b> Зиянды экологиялық факторлар, мысалы, ауадағы токсиндер, радиоактивті сәулелер және канцерогендік заттар қатерлі ісіктің пайда болу қаупін арттырады. <b>3. Тіршілік салты:</b> Темекі шегу, дұрыс тамақтанбау, алкогольді шамадан тыс қолдану және физикалық белсенділіктің төмендігі онкологиялық аурулардың даму қаупін жоғарылатады. <b>4. Инфекциялар:</b> Кейбір вирустар мен бактериялар, мысалы, адам папиллома вирусы (АПВ) немесе Helicobacter pylori бактериясы, қатерлі ісіктердің дамуына себеп болуы мүмкін. <b>5. Жас ерекшелігі:</b> Жасушалардың бөліну қабілетінің төмендеуі және жинақталған ДНҚ зақымдары онкологиялық аурулардың даму ықтималдығын жас ұлғайған сайын арттырады.</p> <p><b>Тапсырма</b> <b>Сұрақ 1:</b></p>	<p>Оқушылар берілген тақырыпты топта талқылайды.</p> <p>Оқушылар қатерлі және қатерсіз ісіктердің ерекшеліктерін ажырата отырып, сипаттамаларды өспе түрлеріне сәйкестендіреді.</p> <p>Оқушылар берілген сұрақтарға негізделе отырып, тапсырманы орындайды.</p>	<p><b>Дескриптор</b> Білім алушылар: 1. Онкологияның даму алғышарттарын сипаттайды 2б 2. Онкологиялық жаңа түзілулердің алдын алу жолдарын түсіндіреді 3. Онкологиялық жағдайлардың пайда болуы туралы теорияларды сипаттайды 2б</p> <p><b>Дескриптор</b> Білім алушылар: Қатерлі ісіктің сипаттамасын анықтайды 1б Қатерсіз ісіктің сипаттамасын анықтайды 1б Ісіктердің түрлерін ажыратады 1 б</p> <p><b>Дескрипторлар:</b> 1. Қоршаған ортаның онкологиялық ауруларға әсерін түсіндіреді 1б 2. Тіршілік салтының онкологиялық ауруларға әсерін түсіндіреді – 1 балл.</p>	<p>Оқулық, ватман, фломастер, стикер</p> <p>АКТ</p> <p><a href="https://learningapps.org/watch?v=pevk45sea25">https://learningapps.org/watch?v=pevk45sea25</a></p> <p>АКТ</p>

	<p>Мәтінге сәйкес, қандай факторлар қоршаған ортаның әсерінен онкологиялық аурулардың пайда болуына себеп болуы мүмкін?</p> <p>a) Темекі шегу b) Радиоактивті сәулелер c) Генетикалық бейімділік d) Дұрыс тамақтанбау</p> <p><b>Сұрақ 2:</b> Тіршілік салты онкологиялық аурулардың дамуына қалай әсер етеді?</p> <p>a) Генетикалық мутацияларды тудырады b) Жасушалардың қартаюу процесін тоқтатады c) Қатерлі ісікке әкелетін зиянды әдеттерді арттырады d) Жасушалардың бөлінуін жақсартады</p> <p><b>Сұрақ 3:</b> Онкологиялық аурулардың даму қаупін арттыратын инфекцияны анықтаңыз:</p> <p>a) Адам папиллома вирусы (АПВ) b) ЖИТС вирусы c) Қызылша вирусы d) Туберкулез бактериясы</p> <p><b>Сұрақ 4:</b> Онкологиялық өспелердің пайда болуына әсер ететін негізгі факторларды жіктеп, дұрыс топтаңыз:</p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td style="text-align: left;"><b>Факторлар</b></td> <td style="text-align: left;"><b>Топтар</b></td> </tr> <tr> <td>Радиоактивті сәулелер</td> <td>Қоршаған орта әсе</td> </tr> <tr> <td>Темекі шегу</td> <td>Тіршілік салты</td> </tr> <tr> <td>Адам папиллома вирусы</td> <td>?</td> </tr> <tr> <td>Генетикалық бейімділік</td> <td>?</td> </tr> </table> <p>a) Инфекциялар; Генетикалық бейімділік b) Қоршаған орта әсері; Инфекциялар c) Тіршілік салты; Қоршаған орта әсері d) Инфекциялар; Қоршаған орта әсері</p> <p><b>Сұрақ 5 (функционалдық сауаттылық):</b> Мәтінге сәйкес, адамның жас ерекшелігі онкологиялық аурулардың даму қаупін қалай арттырады?</p> <p>a) Қоршаған ортаға бейімделу қабілетін жақсартады. b) Жасушалардың бөліну қабілетін жоғарылатады. c) Жасушалардың бөліну қабілетінің төмендеуі мен ДНҚ зақымдарының жинақталуы арқылы. d) Жасушалардың мутацияға қарсы иммунитетін арттырады.</p> <p><b>Жауаптар:</b> 1. b) Радиоактивті сәулелер 2. c) Қатерлі ісікке әкелетін зиянды әдеттерді арттырады 3. a) Адам папиллома вирусы (АПВ) 4. a) Инфекциялар; Генетикалық бейімділік 5. c) Жасушалардың бөліну қабілетінің төмендеуі мен ДНҚ зақымдарының жинақталуы арқылы</p> <p>-</p>	<b>Факторлар</b>	<b>Топтар</b>	Радиоактивті сәулелер	Қоршаған орта әсе	Темекі шегу	Тіршілік салты	Адам папиллома вирусы	?	Генетикалық бейімділік	?		<p>3. Қатерлі ісікке себепші болатын нақты инфекцияны белгілейді. 1 балл</p> <p>4. Инфекциялар мен генетикалық бейімділікті дұрыс анықтайды. 1 балл</p> <p>5. Жас ерекшелігі мен онкологиялық аурулар байланысын түсіндіреді – 1 балл.</p> <p>1-10 балдық жүйе арқылы формативті бағаланады.</p>	
<b>Факторлар</b>	<b>Топтар</b>													
Радиоактивті сәулелер	Қоршаған орта әсе													
Темекі шегу	Тіршілік салты													
Адам папиллома вирусы	?													
Генетикалық бейімділік	?													
Сабақтың соңы	«Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі	Оқушылар олардың тақырып	Оқушылардың жауаптары «бас бармақ»											


<p><b>Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин.</b></p>	<p>Сабақты бекіту мақсатында қолданылады. Бүгінгі сабақтан алған білімдерін бір сөйлем арқылы білдіреді.</p> <p>Қорытындылай келе, оқушыларға кері байланыс беріледі.</p> <p><b>Кері байланыс:</b> . «Аяқталмаған сөйлем» «Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бүгінгі сабақта мен. . . .түсіндім, . . .білдім, . . . . көзімді жеткіздім.</li> <li>- бүгін сабақта қуантқаны. . . .</li> <li>- мен өзімді. . . . үшін мақтар едім.</li> <li>- маған ерекше ұнағаны. . . .</li> <li>- сабақтан соң маған. . . . . келді.</li> <li>- бүгін маған. . . . . сәті түсті.</li> <li>- қызықты болғаны. . . .</li> <li>- . . . . .қиындық тудырды.</li> <li>- менің түсінгенім. . . .</li> <li>- енді мен. . . . .аламын.</li> </ul>	<p>бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады.</p> <p>Оқушылар сабақта алынған мәліметтердің өмірмен байланысын анықтай отырып, сабақ кезіндегі тапсырмалар бойынша кері байланыс қалдырады.</p>	<p><b>әдісі</b> арқылы бағаланады</p>	<p>Бағалау парақшасы 1-10 балдық жүйе арқылы формативті бағаланады.</p>
---	--	--	---------------------------------------	---




### СЕЙІТБЕКОВА ШОЛПАН ҚАЛМҰРАТҚЫЗЫ,

Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты ауылы


"Айтжан Түркебаев атындағы мектеп-лицейі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ  
Биология пәнінің мұғалімі


Білім беру ұйымының атауы	№88 ЖОББМ			
Пәні:	Қазақ тілі			
Бөлім:	Өнер			
Педагогтің аты-жөні:	Жақыпова Айнұр Жидебайқызы			
Күні:	21.01.2026ж			
Сынып:	3 Б			
Сабақтың тақырыбы:	Негізгі және туынды зат есім 24-27 жаттығулар.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	<p>3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін/стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін) /жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу;</p> <p>3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау</p>			
<p><b>Сабақтың мақсаты</b> (Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II, III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)</p>	Негізгі, туынды зат есімдерді табады			
Құндылық	<p>"АДАЛ АЗАМАТ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҮТАС ТӘРБИЕ Қаңтар айы: Заң және тәртіп Апта дәйексөзі: «Тәртіп – тәрбие бастауы»</p>			
<b>Сабақтың барысы</b>				
Сабақтың кезеңі//	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар



уақыты				
<p><b>Сабақтың басы</b> 5 минут</p>	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру</p>  <p>«Сәлемдесу» жаттығуы: «Еуропалықтар» қолдарын қысып, «жапондықтар» бастарын иеді, «үндістандықтар» қолдарын беттестіріп басын иеді.</p>	<p>Өлең жолдарын хормен оқиды</p>		<p>Суреттер</p>
<p>Өткенді пысықтау 5 минут</p>	<p>Өткенді пысықтау 22-жаттығу Мақалдың қатесін түзеп көшіріп жаз. Туынды зат есімді тауып, сөз құрамына талда. Өлеңшінің сөзі-алтын, Өнерлінің қолы-алтын</p>	<p>Өткенді пысықтайды</p>	<p>Дескриптор: Мақалдың қатесін түзеп көшіріп жазады-1б. Туынды зат есімді тауып, сөз құрамына талдайды-1б</p>	
<p><b>Сабақтың ортасы</b> 20 минут</p>	<p><b>Құндылық мақсаты: Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету</b> Жаңа тақырып ФС тапсырмасы 24-жаттығу <b>«Сен маған, мен саған» әдісі</b> Оқылым. Айтылым Нұсқау: Мәтіндерді оқып, олардың қайсысы көркем мәтін, қайсысы ғылымитанымдық мәтін екенін анықта. -Екі мәтінге ортақ тақырып не деп ойлайсың? - Екі мәтінге ортақ бір ат қоюға бола ма? Болса, сен қандайатқояредің? -Мәтіндердегі зергер – зергерлік сөздеріне сұрақ қойып, оларды зат есімнің негізгі және туынды түрлеріне ажырат. Саралау тәсілі Оқушылардың жеке мүмкіндіктері ескеріліп, әрқайсысының ойлануға уақыт беріліп жетекші сұрақтар қойылады.</p> <p><b>ЖИ ОЙЫН</b> <b>https://wordwall.net/ru/resource/54995951</b></p>	<p>Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді. Тапсырманы жазады.</p> <p>Олардың қайсысы көркем мәтін, қайсысы ғылымитанымдық мәтін екенін айтады</p> <p>Жеке жұмыс жасайды</p>	<p>ҚБ: «Ою» әдісі</p>  <p>Дескриптор: Мәтіндердің түрін ажыратады -1балл. Екі мәтінге ортақ тақырыпты анықтайды-1балл. Екі мәтінге ортақ бір ат қояды-1балл.</p> <p>Тамаша жұмыс!</p> 	<p>Оқулық</p> <p>Ереже жазылған плакат</p> <p>Оқулық</p> <p>Жұмыс дәптері</p>
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p>ЕБҚ Зергер сөзінің мағынасын айт. Зергер – зергерлік сөздеріне сұрақ қойып, оларды зат есімнің негізгі және туынды түрлеріне ажыратады</p> <p>Сергіту сәті</p> 	<p>Жаттығу жасайды</p> <p>Тапсырманы орындайды</p>	<p>Жарайсындар!</p> <p>Дескриптор: Мәтіннің қатесін түзеп жазады -1балл.</p>	<p><b>https://wordwall.net/ru/resource/54995951</b></p> <p>Суреттер</p>

<p><b>Сабақты қорыту</b> 8минут</p>	<p><b>Саралау: ойын</b> <b>Ұжымдық жұмыс</b> 25–жаттығу. Жазылым. «Түсінемін, білемін!» әдісі Мәтіннің қатесін түзеп жаз. Алтын мен күмістен әшекей бұйымдар жасайтын зергерлер ел ішінде аса құрметті болған. Олар әйелдерге арналған сырға, сақина, білезік, белдік, жүзік, ал ерлерге арнап кісе, шақша, балдақ* жасаған. Саралау тапсырмасы: «Түсінемін, білемін!» әдісі арқылы Мәтіннің қатесін түзеп жазады.</p> <p>ЕҚБ Зат есімдерді тауып, олардың қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін айт Негізгі зат есім: Алтын, күміс, әшекей бұйымдар, ел, әйелдер, сырға, сақина, білезік, белдік, жүзік, ерлер, кісе, шақша, балдақ. Туынды зат есім: зергерлер.</p> <p><b>ЖИ ОЙЫН</b> <b>https://wordwall.net/ru/resource/99504668</b></p> <p>26–жаттығу «<b>Не жетпейді!</b>» әдісі Өрнектерге және олардың түсіне қарай әріптерді қойып, мақалды оқыңдар. Өнер алды-қызыл тіл. Мақалды жазыңдар және ондағы зат есімдерге жұрнақтар қосу арқылы туынды зат есім жасаңдар <b>Саралау тәсілі</b> <b>Не жетпейді!</b>» әдісі Өрнектерге және олардың түсіне қарай әріптерді қойып, мақалды оқиды. .</p>	<p>Жеке жұмыс жасайды</p> <p>Тапсырмаларды орындайды</p> <p>Үй тапсырмасын алады</p>	<p>- Зат есімдерді тауып, олардың қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін ажыратады - 1балл</p> <p>Тамаша жұмыс орындадыңдар!</p> <p>Дескриптор: Өрнектерге және олардың түсіне қарай әріптерді қойып, мақалды оқиды-1балл. - Мақалды қатесіз жазады-1балл. -Зат есімдерге жұрнақтар қосу арқылы туынды зат есім жасайды-1балл</p>  <p>«Білім заряды» әдісі</p>	<p>Оқулық</p>  <p><b>https://wordwall.net/ru/resource/99504668</b></p> <p>Оқулық</p>
<p>Кері байланыс 5 минут</p>	<p>Үй тапсырмасы 27-жаттығу Жұмбақты оқып, шешуін тап. Өрмек, өрнек сөздерінің және жұмбақ шешуіндегі сөздің мағыналық айырмашылығын түсіндір. Құрып қойған өрмегін, Ұршықтарын ойнатып. Сәнді мата өрнегін Жасайтын кім жайнатып? Шешуі: тоқымашы</p> <p>Кері байланыс</p> 	<p>Кері байланыс жасайды</p>	<p>«Білім заряды» әдісі</p>	<p>Оқулық</p> <p>Кері байланыс тақтасы</p>

**АЙНАБЕКОВА ГУЛЬМИРА АБДИГАППАРОВНА,**

<b>Learning objectives</b>	4.1.4.1 understand a wider range of short standart questions on general and educational topics with support: 4.5.9.1 use the forms of the present tense to provide information about themselves and describe what they like, their desires and habits, presenting facts and events planned in the future, continue to use the forms past tense to describe actions, feelings and events			
<b>Lesson objectives</b>	<b>Learners will be able to:</b> ➤ identify and produce the sounds the letter combinations a__e and i__e make; ➤ understand and pronounce the words <i>same, game, cake, snake, time, bike, nine and kite</i> ; ➤ read and recognise the sight words <i>say, read, sing, game, well, best</i> ; ➤ use the present continuous, ask and answer questions; ➤ follow word order rules.			
<b>Value links:</b> (Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II, III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)	<b>- the value based on the integrated educational program is to educate students for justice and responsibility</b>			
<b>Plan</b>				
Stages / Time	Teachers actions	Students' actions	Assessment criteria	Resources
Beginning of the lesson Warming-up 5min	<b>Organization moment:</b> Welcome the pupils and introduce the topic of the lesson. <b>Warming up</b> <b>Revise the language of the previous lesson.</b> Set a time limit of two minutes. Ask the pupils to write as many words as they can that are related to their favourite sport – without naming it. The winner is the pupil that has written the most correct words. Then have the class guess the sport.	Students listen to the aims of the lesson and guess what the today's lesson will be about.	The teacher assesses learners for their ability. “Good job! Well done! ”  <b>Descriptor:</b> -understand and pronounce -guess the word <b>2points</b>	Pictures
Middle of the lesson Presentation and Practice. 15 min	<b>Present the sounds the letters a and i make.</b> <b>Books closed.</b> Write the letters <b>am</b> on the board. Point and say \oem\. Then write the letters <b>ame</b> on the board. Point and say \eIm\. Explain that the <b>e</b> is silent and the <b>a</b> is pronounced \eI\. Repeat the same procedure and present <b>im</b> \Im\ and <b>ime</b> \aIm\. Explain/Elicit that the <b>e</b> at the end of the word changes the sound of the vowel that proceeds it. <b>Books open.</b> Play the audio.  Differentiation <b>Practise the letter combinations and sounds \eI\ and \aI\.</b>	The pupils repeat after you.  The pupils listen, point to and repeat the words.	Observing and monitoring  <b>Descriptor:</b> -understand and pronounce the words <b>1point</b> - read and recognise the sight words <b>2points</b>	IWB Pictures  St. B. p.51, ex. 1.


5min	<p>Point to the pictures and elicit the words. Explain the activity. Check their answers. Then ask individual pupils to say the words.</p> <p><b>Differentiation:</b></p> <p><b>Present and practise sight words.</b></p> <p>Write the words on the board. Point to and say the words. Invite a pupil to come to the board. Say a word. Repeat with as many pupils as you think is necessary.</p> <p>Play the audio. Explain the activity. The pupils find the sight words in the word search puzzle. Check their answers.</p> <p><b>Present present continuous (negative, interrogative, short answers) .</b></p>	<p>Pupils complete the words.</p> <p>The pupils repeat after you.</p> <p>The pupil says the word while underlining it with their finger.</p>	<p>Teacher's assessment</p> 	<p>St. B. p.51, ex. 2.</p>
10min	<p><b>Books closed.</b> Say, as you write on the board: <b>I am not playing the piano.</b> Underline the words in bold. Say and write: <i>I'm not playing the piano.</i> Underline the words in bold. Repeat with the rest of the persons and explain how we form the negative and the short form in the <i>present continuous</i>.</p> <p>Say, as you write: <b>Am I playing the piano?</b> Underline the words in bold. Elicit/Explain how the interrogative is formed in all persons. Repeat the question and answer: <b>Yes, I am.</b> Point to a pupil, say and write: <b>Is (he) drawing? No, (he) isn't.</b> Elicit/Explain how short answers are formed.</p> <p>Drill your pupils: e. g. Teacher: she/sing? Pupil 1: Is she singing? Teacher: I/not/listen to music Pupil 2: I'm not listening to music. etc</p> <p><b>Play the Who am I? game.</b></p> <p><b>Practise the present continuous through a game.</b></p> <p>Divide the pupils into two teams, A and B.</p>	<p>The pupils listen and repeat.</p> <p>The pupils repeat after you.</p> <p>The pupils repeat after you.</p>	<p><b>Descriptor:</b></p> <p>Make the sentences- <b>3points</b></p> <p>Mutual assessment through CCQs</p> <p><b>Descriptor:</b></p> <p>Doing tasks from the board <b>1 point</b> Fill the missing letter <b>1point</b></p>	<p>St. B. p.37, ex. 3.</p>
		<p>Team A chooses one of the children from Ex. 1 without naming them. The pupils from team B have to guess who it is, using up to 3 questions maximum. If they</p>		<p>Audio CD (Track 26)</p> <p>St. B. p.37, ex. 2.</p>

		<p>guess correctly, they win a point. The team with the most points wins. Then the teams switch roles.</p> <p>e. g. Team A: (chooses Berik)</p> <p>Team B Pupil 1: Are you a boy or a girl?</p> <p>Team A: I am a boy.</p> <p>Team B Pupil 2: Are you singing?</p> <p>Team A: No, I'm not.</p> <p>Team B Pupil 3: Are you playing the piano?</p> <p>Team A: Yes, I am. Who am I?</p> <p>Team B: You are Berik! etc</p>		
5min	<p><b>Consolidate the language of the lesson.</b></p> <p>Ask the pupils to write a__e and i__e on two pieces of paper. Say words from Ex. 2. <b>Extension Activity (Optional)</b></p> <p><b>Play Pen and Pencil.</b> Ask the pupils to take out a pen and a pencil. Assign the \eɪ\ sound for the pen and the \aɪ\ sound for the pencil. Say a word and ask the pupils to raise either the pen or the pencil that corresponds to the sound. If you say a word that does not include either of the sounds, the pupils remain still.</p> <p><b>Activity Book (Optional)</b></p> <p>You can now do page 35 from the Activity Book.</p>	<p>. The pupils listen and complete the activity.</p> <p>The pupils hold up the corresponding piece of paper.</p>	<p>Verbal assessment <b>Total 10 points</b></p>	<p>St. B. p.40, ex. 1.</p> <p>IWB</p> <p>St. B. p.39, ex. 2.</p> <p>Activity Book (Optional), p.35.</p>
End of the lesson 5 min	<p><b>FEEDBACK</b></p> <p><b>Emoji Self-Assessment</b> is used to find out was the lesson clear or not. Use the stickers.</p>	<p>Circle the emoji that best describes how you feel about what you learned today and explain why!</p>		<p><b>Poster Success</b></p> 

## RAIKHANOVA L,

## PROFESSIONS

<b>Learning objectives</b>	4.1.1.1 understand a wider range of instructions for performing activities in the lesson; 4.2.1.1 make simple statements about yourself within a wider range of general and educational topics;
<b>Lesson objectives</b>  Сабақтың мақсаты: (Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II, III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)	<b>Learners will be able to:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>understand and follow basic classroom instructions (e. g. , <i>listen, repeat, match, circle</i>);</li> <li>name several professions using pictures;</li> <li>make simple statements about themselves</li> </ul> <p><i>the value based on the integrated educational program is to educate students for justice and responsibility</i></p>
<b>Plan</b>	

Stages / Time	Teachers actions	Students actions	Assessment criteria	Resources
Beginning of the lesson Warming-up 7-10 min  10 min	<b>Organization moment:</b> 1. Greeting. Asking about the weather Grammar revision: present continuous  The teacher sets the lesson objectives, letting students know what to anticipate from the lesson. Shows a video about professions.  Teacher shows the picture of different professions	Students' attention is drawn to the lesson.  Students do the revision on board  Watch the video and determine the topic of the lesson.  The pupils listen and repeat the words.	The teacher to assess learners for their ability. “Good job! Well done! ”   <b>Descriptor:</b> put the words in right order <b>1point</b>	<a href="https://wordwall.net/resource/17239891">https://wordwall.net/resource/17239891</a>  video <a href="https://youtu.be/okc5P7RAzBQ?si=GL22c3bjpsIKFWqG">https://youtu.be/okc5P7RAzBQ?si=GL22c3bjpsIKFWqG</a>
Middle of the lesson  Individual work 3 min  2-3 min	Task 1 Matching Guess the definition of professions: Police officer Farmer Firefighter Doctor Vet  Differentiation: Teacher supports some struggling students.  Task 2 The teacher shows the picture and asks students;	Students work on wordwall. find the definitions of professions.  The pupils answer the question	<b>Descriptor:</b> -do the matching  1 point for each answer  <b>Descriptor:</b>	<a href="https://wordwall.net/ru/resource/102928155">https://wordwall.net/ru/resource/102928155</a>


Pair work 5 min	Where does the policeman work? Where does the firefighter work?  Task 3. Teacher gives in handouts to pairs  Differetiation: Pair up a stronger student with a weaker one to encourage mutual help.	Students work in pairs and find the tool of each profession and write it.	-answer the question 1 point for each answer  <b>Descriptor:</b> -find the tool -write in the box 1 point for each question Total 6 point	
Individual work 8 min	Consolidate the language of the lesson. “Who am I?” game	The pupils choose one of the balloons and guess the profession.	<b>Descriptor:</b> -Choose -Guess If they guess, they will get 1 point	Board
Ending 5 min	<b>HW:</b> Ex. 2 <b>FEEDBACK</b> Emoji Self-Assessment is used to find out was the lesson clear or not. Use the stickers.	Students use the stickers to give feedback		

## СПАБЕКОВ СУЛТАН,

## ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ. ГИМНАСТИКАДА КОМПАЗИЦИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР ҚҰРУ.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	10.3.4.4. Дене белсенділігін дамыту және бағалау үшін тәуекелді басқару стратегиясын жүзеге асыру			
Сабақтың мақсаты <i>Негіздеме:</i> Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II, III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)	Оқушылар гимнастикадағы қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, қозғалыс элементтерін біріктіріп композиция құра алады; өз әрекеттері мен топтық жұмыстағы жауапкершілікті бағалайды.			
	<b>Сабақтың барысы</b>			
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ	Қыздыру жаттығуларын орындайды,	🗣️ Ауызша бағалау – педагог:	Гимнастикалық төсеніштер, орындық,

	<p><b>Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;</b>  <b>Құзыреттілік: қоғамға қызмет;</b>  <b>Сабақтың басы – 10 минут</b>  <b>Педагогтің әрекеті:</b>  Оқушыларды сапқа тұрғызып, амандасады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіреді.  Гимнастикалық жабдықтармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады:  – жабдыққа рұқсатсыз шықпау;  – серіктеспен үйлесімді әрекет ету;  – секіру, иілу кезінде арақашықтық сақтау.  Қыздыру жаттығулары ретінде <b>жүгіру, қол мен нық бұлшықеттерін созу, денені айналдыру</b> сияқты жеңіл жалпы дамыту кимылдарын жасатады.  Педагог қауіпсіздік пен бір-біріне қамқор болу – әділдік пен жауапкершіліктің көрінісі екенін атап өтеді.</p>	тыңдайды, ережелерді есте сақтайды.	«Жақсы дайындық! », «Кимылдарың үйлесімді! », «Қауіпсіздік ережесін дұрыс сақтадыңдар! »	арқан, спортзал.
Сабақтың ортасы 30 минут	<p><b>Сабақтың ортасы – 30 минут</b>  <b>1-бөлім. Сабақты түсіндіру (10 мин)</b>  <b>Педагогтің әрекеті:</b>  Гимнастикадағы композициялық элемент ұғымын түсіндіреді (мысалы: тепе-теңдік, айналу, иілу, секіру қозғалыстарының тізбегі) .  Қауіпсіздік техникасын қайта пысықтайды.  Тапсырма: 3–4 қозғалысты біріктіріп, шағын гимнастикалық комбинация құру.  Педагог әділдік пен жауапкершілік құндылығын кіріктіреді: әр топ өз әрекетіне ғана емес, серіктестерінің қауіпсіздігіне де жауапты.  <b>2-бөлім. Топтық жаттығу және бағалау (15 мин)</b>  <b>Педагогтің әрекеті:</b>  Топтарға өз композицияларын орындауға нұсқау береді.  Қозғалыс сапасын және уақыт үйлесімін <b>ЖИ-бағалау (уақыт өлшеу қосымшасы)</b> арқылы өлшейді.  Ең үйлесімді және қауіпсіз орындаған топты атап өтеді.  <b>3-бөлім. Сергіту сәті (5 мин)</b>  <b>Педагогтің әрекеті:</b>  Жеңіл қозғалыс ойындары арқылы сергіту ұйымдастырады (мысалы: «Тепе-теңдікті сақта» ойыны – бір аяқта тұру) .  Белсенді қатысушыларды мадақтайды.</p>	Құрылымдық қозғалыстарды жоспарлайды, топ ішінде талқылайды, қозғалысты жаттайды. Топтық комбинацияны орындайды, серіктестерімен келісімде қозғалады. Сергіту жаттығуларын орындайды, көңіл-күйін көтереді.	<p>🗨️: <i>Ауызша кері байланыс</i> – педагог топтардың қозғалысын бақылайды, «Ырғақ жақсы, қозғалыс үйлесімді», «Бір-біріңді сақтадыңдар» деген пікір айтады.  <i>Дискрипторлар</i> :</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қимыл-қозғалысты үйлесімді орындады;</li> <li>• Ырғақ пен қауіпсіздік сақталды;</li> <li>• Серіктеске қамқорлық танытты.</li> </ul> <p>📱 <i>ЖИ-бағалау (уақыт өлшеу қосымшасы)</i>  Педагог қозғалыс уақытын телефон арқылы есептейді, нәтижені салыстырады.</p>	Гимнастикалық төсеніш, спортзал жабдықтары.

			<p><i>Дискрипторлар</i> :</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Топпен бір ырғақта орындады;</li> <li>• Қозғалыс арасындағы ауысуларды дәл орындады;</li> <li>• Қауіпсіздік талаптарын сақтады.</li> </ul> <p>🗣️: <i>Ауызша мақтау</i> – педагог: «Жарайсындар, белсенді болдыңдар! », «Қимыл үйлесімді әрі қауіпсіз болды! »</p>	
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p><b>Сабақтың соңы – 5 минут</b> <b>Педагогтің әрекеті:</b> Сабақ қорытындысын жасайды. Топтардың жұмысына шолу жасайды. Оқушылардың жауапкершілік пен әділдік танытқанын атап өтеді. Үй тапсырмасы: келесі сабаққа жаңа элемент қосылған шағын композиция ойлап келу.</p>		<p>🗣️: Ауызша қорытынды – «Бүгін сендер шынайы жауапкершілік таныттыңдар! », «Қимылдар үйлесімді және қауіпсіз болды! »</p> <p><b>Рефлексия:</b> 🗣️ «Басбармақ» әдісі: 👉 – Сабақ ұнады, қауіпсіздік ережесін үйрендім. 👉 – Кей қимылдарда тепе-теңдік қиын болды. 👉 – Қиын қозғалыстарда сенімсіз болдым.</p>	<p>Спортзал, гимнастикалық төсеніштер.</p>

## БАЙМУХАМБЕТ АХМЕТЖАН ӘБДІҒАЛИҰЛЫ,

## АЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ. (АСЫҚ АТУ ЖӘНЕ БЕС ТАС ОЙЫНЫ)

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8.2.6.1 – жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін көрсету және салыстыра білу			
Сабақтың мақсаты <i>Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II, III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)</i>	Оқушылар ұлттық ойындар арқылы тиімді топтық жұмыс жүргізе отырып, өзара көмектесу мен әділдік қағидаларын ұстануды үйренеді.			
	<b>Сабақтың барысы</b>			
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	<p><b>«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ</b></p> <p><b>Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;</b></p> <p><b>Құзыреттілік: тиімді коммуникация</b></p> <p><b>Сабақтың басы – 10 минут</b></p> <p><b>Педагогтің әрекеті:</b></p> <p>Сәлемдеседі, қатысушыларды түгендейді. “Достық шеңбері” әдісі арқылы бір-біріне тілек айтқызады.</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіреді.</p> <p>Қауіпсіздік ережесін еске салады.</p> <p>Жылыту жаттығулары ретінде жеңіл қозғалыстар орындатады: қол, аяқ, иық айналдыру.</p>	<p><b>Шеңберде тұрып тілек білдіреді, сабаққа назар аударады, жылыну жаттығуын орындайды.</b></p>	«Қол шапалақтау» әдісі – белсенді оқушыларға ауызша мадақтау.	Асық, бес тас, бор, төсеніш.
Сабақтың ортасы 30 минут	<p><b>Сабақтың ортасы – 30 минут</b></p> <p>1-бөлім. Сабақты түсіндіру (10 минут)</p> <p><i>Құндылық:</i> Бірлік пен өзара сыйластық</p> <p><i>Педагогтің әрекеті:</i></p> <p>Асық ату және бес тас ойынының шығу тарихы мен тәрбиелік мәнін түсіндіреді.</p> <p>Әр ойынның ережесін түсіндіреді және демонстрациялық көрсетілім жасайды.</p>	Ойын ережелерін тыңдайды, қауіпсіздік шараларын есте сақтайды. Жүппен және топпен жаттығады. Ойын барысында әділ ойнайды, топтық қолдау көрсетеді, өз нәтижесін ЖИ көмегімен көреді.	<p><i>«Бағдаршам» әдісі</i></p> <p>● – толық түсіндім</p> <p>○ – аздап шатастым</p> <p>⦿ – көмекті қажет етемін</p> <p><i>Дискрипторлар:</i></p> <p><input checked="" type="checkbox"/> Ойын ережесін түсінді</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> Қимылдарды дұрыс орындады</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> Қауіпсіздік ережесін сақтады</p>	Асық, бес тас, бор, видео көрініс. Асық, бес тас, телефон (ЖИ қосымшасы), секундомер. Музыка, бейнежазба.

	<p>Оқушыларды екі топқа бөледі: бір топ “Асық ату”, екіншісі “Бес тас” ойыны.  <i>2-бөлім. Ойын (15 минут)</i>  <i>Құндылық:</i> Әділдік пен ынтымақтастық  <i>Педагогтің әрекеті:</i>  Ойынның басталуын ұйымдастырады.  Әр топтың ойынын қадағалап, төрелік етеді.  ЖИ (жасанды интеллект) көмегімен ойыншылардың дәлдігін немесе нәтижесін анықтайды (мысалы: асық дәл түсу бұрышы мен қозғалыс уақыты) .  <i>3-бөлім. Сергіту сәті (5 минут)</i>  <i>Құндылық:</i> Жағымды көңіл-күй мен сергектік  <i>Педагогтің әрекеті:</i>  Музыка қосып, “Қазақ би қимылдары” элементтерімен сергіту жаттығуын жасатады.</p>	<p>Қимылдарды қайталап орындайды, сергіп, көңіл көтереді.</p>	<p><i>ЖИ арқылы өлшеу нәтижесі</i>  ЖИ ойындағы дәлдікті пайызбен көрсетеді.  <i>Дискрипторлар:</i>  <input checked="" type="checkbox"/> Асықты немесе тасты дәл түсірді  <input checked="" type="checkbox"/> Командалық өзара әрекет көрсетті  <input checked="" type="checkbox"/> Әділдік қағидатын ұстанды</p> <p>«Мадақ сөздері» әдісі – “Жарайсың!”, “Белсенді болдың!”.</p>	
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p><b><i>Сабақтың соңы – 5 минут</i></b>  <b>Педагогтің әрекеті:</b>  Сабақты қорытындылайды:  – Бүгінгі ойындардан не үйрендіңдер?  – Топтық ынтымақ сендерге қалай әсер етті?  Оқушылардың белсенділігін атап өтеді.</p>	<p>Өз әсерін айтады, сабақтан алған тәжірибесін бөліседі.</p>	<p><b>Ауызша бағалау:</b>  “Бүгін бәрің бірлік пен әділдік таныттыңдар!  Керемет!  ”<b>Рефлексия:</b>  <b>«Басбармақ» әдісі:</b>  👉 – барлығы түсінікті болды  👉 – кей тұстарда қиындық болды  👉 – әлі жаттығу қажет</p>	<p>Асықтар, бес тас, телефон (ЖИ) , музыка.</p>

## ТӨЛЕУШОВ БАҒДАТ ОРЫНТАЙҰЛЫ,

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ. САПТАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ  
ОҚЫП ҮЙРЕНУ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.3.4.1 Денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығулары кезінде болуы мүмкін қауіп-қатерлерді анықтай білу			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар гимнастикалық жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, өз денсаулығын қорғаудың маңызын түсінеді; әсері мықты улы заттардың әсерінен болатын апаттар туралы біледі және қауіпті жағдайдан шығудың дұрыс тәсілдерін үйренеді.			
	<b>Сабақтың барысы</b>			
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
